

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

Қолжазба құқығында

Д.Д.Темирбаева

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ» БЕЙНЕСІН
СУРЕТТЕУДЕГІ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІК

6М020500 – Филология: «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша
гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін алу үшін
дайындалған магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2014
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға рұқсат етілді:
«Қазақ филологиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
ф. ғ. д, проф. _____ Имамбаева Ғ.Е.
(қолы)
«__» _____ 2014 ж.

Магистрлік диссертация

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ» БЕЙНЕСІН СУРЕТТЕУДЕГІ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІК

Мамандық: 6М020500 – Филология

Магистрант

(қолы)

Темирбаева Д.Д.

(аты-жөні)

Ғылыми жетекші,
фил. ғыл. докторы, профессор

(қолы)

Имамбаева Ғ.Е.

(аты-жөні)

ПАВЛОДАР - 2014
МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1. ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ КОНЦЕПТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ.....	7
1.1.Қазіргі тіл туралы ғылымындағы когнитивтік бағыт.....	7
1.2. Әлемнің тілдік бейнесі және оның ғылыми түсінігі.....	12
1.3. Концепт – когнитивтік лингвистиканың маңызды бірлігі.....	20
1.4. Концепт құрылымы, типологиясы.....	27
1.5. Когнитивтік білімдер жүйесіндегі «әйел» концептісінің орны	30
2. ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІ.....	34
2.1. Қазақ лингвомәдениетіндегі «әйел» концептісінің ұлттық көрінісі.....	34
2.2. Көркем мәтіндегі «әйел» концептісінің тілдік сипаттамасы.....	45
2.3. С.Дөнентаевтың шығармашылық түсінігіндегі «әйел» концептісі.....	50
2.4. «Әйел» концептісінің ұлттық ерекшеліктерін тану жолы ретінде ассоциативтік эксперимент.....	54
2.5. «Әйел» концептісін модельдеу.....	63
ҚОРЫТЫНДЫ.....	66
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	68

КІРІСПЕ

XX–XXI ғғ. аралығындағы тіл білімінің ерекшелігі дәйектерді меңгеру мен өңдеу белгілерін, ойлау бірліктеріне шығаратын құралдар және концепт мазмұны мен құрылымын шынайы зерттеу әдістері болып табылатын тіл арқылы білімдерді ұлттық танымдық репрезентация амалдарын зерттейтін когнитивтік лингвистиканың дамуы мен қалыптасуы болып табылады.

Соңғы онжылдықта қазіргі лингвистикалық зерттеулерде «концепт» және «концептосфера» ұғымының мазмұнын анықтау, тіл мен таным сабақтастығы және т.б. басым көпшілігінің мәселелеріне айналады. Семантикалық және когнитивтік концепцияларға арналған С.А.Аскольдов 1997; А.П.Бабушкин 2001; Н.Н.Болдырев 2002; А.Вежбицкая 1997; В.В.Воробьев 1997; С.Г.Воркачев 1997, 2001-2002; Г.В.Гафарова 1998; И.А.Зимняя 1995; Т.Л.Калентьева 1998; В.И.Карасик 2001-2002; Т.А.Кильдибекова 1998; А.В.Кирилина 1999; В.В.Колесов 1999; Е.С.Кубрякова 1997; Д.С.Лихачев 1997; С.Х.Ляпин 1997; В.А.Маслова 2004; М.В.Никитин 2004; М.В.Пименова 2001-2002; З.Д.Попова 2001-2003; О.Г.Почепцов 1990; А.В.Рудакова 2004; И.А.Стернин 2001-2003; Н.В.Уфимцева 1988, 1995, 2000; Н.В.Хохлова 2003; Р.М.Фрумкина 1992; О.Н.Чарыкова 2000 және т.б. ғалымдардың бірқатар жұмыстары шығады.

Қазақ тіл біліміне келетін болсақ когнитивтік лингвистика бағытындағы ізденістерді А.Байтұрсынов, Ж.Манкеева, Б.Қасым, А.Ислам, Э.Оразалиева, С.Жапақов, Г.Зайсанбаева, Н.Аитова, Ж.Саткенова, Ж.Жанпейсова, Ж.Исаева, С.Жиренов, Ш.Мажитаева, С.Кенжеғалиев, Ә.Шадыкенов т.б. еңбектерінен көруге болады.

Ұлттық концептосфераның негізгі концептілерінің тілдегі көріністері қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен бірге белгілі бір мәдениеттің концептосферасына, этностың танымын және ұлттық сипатының ерекшеліктерін білдіретін лингвомәдени концептілерге айналу амалдарына қарама-қарсы қойылатын көркем шығарманың концептуалды жүйесін құрайтын жеке-авторлық концептілердің сипаттама ерекшеліктеріне баса назар аударылады.

Ұсынылған диссертациялық жұмысымызда С.Дөнентаев шығармаларындағы қазақ концептосферасындағы анық, мазмұнды және маңызды элемент болып табылатын «әйел» концептісінің мазмұн құрылымын сипаттау көрсетіледі. Әйел – мәдениеттің кілтті концептілерінің бірі, себебі ол – мәдениетпен уағдаласылған әлемнің тілдік бейнесінің базалық бірлігі болып табылады. Зерттеу Воронеж университетінің теориялық-лингвистикалық мектебі дамытқан когнитивтік лингвистиканың семантикалық-когнитивтік бағыты шеңберінде өткізілді.

Жоғарыда айтылғандармен байланысты **зерттеу жұмысының өзектілігі:**

1. Зерттеу жұмыстың қазіргі когнитивтік және лингвомәдени зерттеулерімен байланысында;
2. Универсалды және ұлттық концептілерді лингвомәдени бағыт шеңберінде зерттеу қажеттілігінде;

3. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында лингвомәдени зерттеу қажеттілігінде болып тұр.

Екіншіден, талдау жасалған мәліметтерге психолингвистикалық эксперименттің дәйектерін қосу өзекті болып саналады, өйткені осындай талдау зерттеу концептісінің көркем мәтінде және жалпы қазақтардың тілдік жүйесінде іске асырылуының ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысымыздың нысаны – қазақ лингвомәдениетіндегі «әйел» концептісін бейнелеуде қолданатын тілдік құралдар.

Ал зерттеу жұмыстың пәні – тілдік санадағы «әйел» концептісінің мазмұны мен құрылымы.

С.Дөнентаев көркем мәтіні негізінде «әйел» концептісінің мазмұны мен құрылымын лингвистикалық құралдармен модельдеу **зерттеу жұмысымыздың мақсаты** болып табылады.

Аталған мақсатқа жету жолында төмендегі **зерттеу міндеттерді** шешу жобаланып отыр:

- когнитивті лингвистика шеңберінде концепт теориясы мен оның құрылымына қатысты теориялық зерттеулер деректеріне талдау жасау;
- концептінің құрылымы мен мазмұнын зерттеуде негізгі методологиялық бағыттарды анықтау;
- С.Дөнентаев көркем мәтінінің материалы негізінде қазақ лингвомәдениетіндегі «әйел» бейнесінің қызмет ету ерекшеліктерін айқындау;
- бағытты ассоциативтік эксперимент нәтижесі бойынша «әйел» концептісінің сипатын белгілеп, моделін жасау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

1) С.Дөнентаев көркем мәтіні негізінде тіл теориясы аясында танымдық бағытта алғаш рет зерттеліп отырғандықтан, осы тұрғыда оның тілдік тұлғасындағы «әйел» концептісін зерделеуде «ұлттық» және «жекелік» сипат анықталды.

2) «Әйел» концептісінің когнитивті моделі бағытты ассоциативтік эксперимент нәтижесі бойынша көпәспектiлi құбылыс ретінде ұсынылып отыр.

3) Ассоциативтік тәжірибе әдісін қолдану арқылы қазіргі ұрпақ санасындағы «әйел» туралы қалыптасқан ұғым-түсініктер, ұлттық стереотиптер анықталды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1) «Әйел» концептісі лингвомәдени концепт болып, ғаламның тілдік ұлттық бейнесіне апарады

2) концепт көпқатпарлы конструкт болғандықтан, қазақ лингвомәдениетінде құндылық компоненті доминантты болып табылады.

3) «Әйел» концептісі өзек пен периферия аймағынан құрылады, Аймақ арасында алшақтық байқалмайды, шартты сипат білдіреді.

4) Ғаламның қазақ ұлттық бейнесі мен қазақ дүниетанымын сипаттайтын С.Дөнентаев «әйел» концептісіне өз жекелік авторлық көзқарасын танытты.

5) С.Дөнентаевтың авторлық жүйесіндегі негізгі константы «әйел теңдігі» когнитивтік моделі болып табылады. Ғалам бейнесінің қарастырылатын тиісті

фрагментте бағаланған категория кілтті болып табылады және лексикалық парадигмамен жан-жақты өзара қатынаста болады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Жұмыс когнитивтік, әлеуметтік, функционалдық зерттеулердің дамуына үлес қосқан социолингвистика, психолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика және прагмалингвистикалық тұжырымдарға сүйеніп дәйектелді.

Концепт теориясы мен өріс ұғымдарына қатысты тұжырымдамаларының барлығы Т.А.Ван Дейк, И.А.Стернин, З.Д.Попова, Ю.С.Степанов, Е.С.Кубрякова, С.А.Аскольдов-Алексеев, В.З. Демьянков, А.Вежбицкая, В.В.Колесов, А.П.Бабушкин, В.И.Карасик, А.А.Уфимцева, Л.В.Щерба сынды шетелдік зерттеушілер, сонымен қатар, Ж.Манкеева, А.Байғұтова, М.Күштаева, Н.Ильясова, Б.Ағабекова, Ш.Жалмаханов, А.Ислам секілді отандық ғалымдардың тұжырымдарымен сабақтасады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: түсіндірме әдісі, бірыңғай сұрыптау әдісі, статистикалық талдау әдісі, тұжырымдылық әдісі, семантикалық өріс әдісі, сөздіктегі анықтамалар әдісі, комментарий әдісі, психолингвистикалық сараптама (сауалнама жүргізу).

Зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде Сәбит Дөнентаевтың 2003 жылы «Рухнама» баспасынан шыққан шығармалар жинағы, 240 мәлімет берушінің ассоциативтік эксперимент нәтижесінің деректері және қазақ тілінің түсіндірме сөздігі пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми-практикалық құндылығы. Зерттеу барысында жинақталған материалдар және зерттеу нәтижелері тіл мамандарының, жалпы тіл үйренуші қауымның лингвомәдениеттану саласынан білім деңгейін көтеруге септігін тигізеді. Зерттеу нәтижелері оқу процесінде лингвомәдениеттанудан арнайы курстарда, сондай-ақ студенттердің дипломдық және курстық жұмыстар жазуында қолданылуы мүмкін. Одан басқа, зерттеу материалдарын лексикографиялық практикада концептілер сөздігін құрастыруда қолданысқа енгізуге болады. Жинақталған зерттеу материалдары қазақ тілі мен әдебиеті курсына практикалық сабақтарда көркем шығарманы талдау үшін үлгі етіп пайдалануға мүмкіндік туғызады. Курстық және дипломдық жұмыс пен «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика» пәндерінен магистранттар мен студенттердің өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін баяндама, реферат, презентация тақырыптарын құрастыруда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу жұмысы барысында қол жеткізілген ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер тілдік қатынас, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психолингвистика мәселелерін талдауға, олардың ғылыми-теориялық ерекшеліктерін ұлттық тілінің деректері арқылы дәлелдеуге арқау болады.

Зерттеудің талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен нәтижелері халықаралық көлемдегі ғылыми-теориялық конференцияда жарияланды. Диссертация мазмұны бойынша 3 ғылыми мақала жарияланды. Атап айтсақ, Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Ғылым және білім - 2014» атты IX Халықаралық ғылыми

конференциясында «Қазақтардың тілдік санасындағы әйел бейнесі» тақырыбында (2014), Инновациялық Еуразия университетінің «ИнЕУ Хабаршысы» атты журналында «Сәбит Дөнентаев поэзиясындағы әйел бейнесі» тақырыбында (2014), «Жастар үні» атты кітабында «Қазіргі тіл туралы ғылымындағы когнитивтік бағыт» тақырыбында (2014) жарияланды. Зерттеу жұмысы Инновациялық Еуразия университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинарында талқыланды (хаттама №8, 13.03.2014ж.).

Магистрлік диссертацияның құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ КОНЦЕПТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1.Қазіргі тіл туралы ғылымындағы когнитивтік бағыт

XX–XXI ғғ. аралығында қазіргі лингвистикада когнитивтік деп аталатын жаңа ғылыми парадигманың қарқынды дамуы қалыптаса бастады. Әлемдік деңгейде когнитология – таным мен оның дамуы, сана, ақыл, ойлау, ұғымды қабылдау, түсіну мен тану, мидың таным, эмоция мен әрекеттердің әр түрлі күрделі формалар механизмдерін, тілді таным мен қарым-қатынас құралы деп қарастырып зерттейтін түрлі ғылым өкілдерін біріктірген қолданбалы және іргелі зерттеулердің басты салаларының бірі.

Қазіргі кезеңдегі когнитивтік лингвистика – функционалдық-қызметтік тіл білімі деп аталған жаңа ғылыми парадигманың тармағы.

Тілдің қызметінен тілдік форма туындайды деген пікір лингвистикалық функционализмнің негізгі қағидасы болып табылады. Функционализмнің когнитивтік бағыты когнитивтік қызметтердің рөлін ерекше қарастырып, ал қалған қызметтердің осыдан шыққандығын немесе осыған түйіскендігін болжап көрсетеді. Когнитивтік лингвистиканың басты назары – жалпы когнитивтік механизм, когнитивтік құрал – ақпаратты репрезентациялау (кодтау) және трансформациялауда маңызы бар белгілер жүйесі болып табылатын тіл [1, 3 б.].

Зерттеген тілге сүйену арқылы адам санасының ішкі мазмұнын зерттеуге болады деген тұжырым когнитивтік лингвистиканың негізгі қағидасы болып табылады. Тілді талдауда қолданылатын когнитивтік көзқарас тілге әсер еткенде ұғымдық жүйе ретінде қайта жаңғырып, категоризациялау мен концептуализациялау үрдістерін түсіндіру мен айқындауға апарады. Когнитивтік сана мен оның құрамының тұтастығы мен құрылымдығы ойлаудың аналитикалық және синтетикалық әрекетінен жасалады. Анализ таным әлемін даралап, оны сипаттап, когнитивтік бірліктер, концептілер арқылы «ареалдарға» бөлінеді. Жеке ментальді жасалымдардың арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін категоризациялау мен концептуализациялау бір-біріне қарама-қарсы қойылған. Когницийлерді жинақтау тілдік синтез үрдісі арқылы іске асады. «Когнитивтік лингвистиканың мақсаты – категоризациялау, классификациялау, сонымен қатар дүниені тану үрдістерінің қалай жасалатындығын, мәліметтердің қалай жинақталатындығын, мәліметтермен берілген түрлі әрекеттерді қандай жүйелер арқылы қамтамасыз ететінін түсіну» [2, 12 б.].

Лингвистикадағы «концепт» ұғымын пайымдау тіл мен сананың өзара әрекеттестігінің жолдарын, заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсінуінің жаңа бір сатысын білдіреді, тілдік құбылыстардың мазмұнды талдауының шеңберін кеңейтеді, семантикалық зерттеулерге едәуір үлкен тереңдік пен тиімділік береді. Когнитивтік көзқарас тілдік семантикалық құрылымында әлем туралы, тіл туралы білімдерін тарату және сипаттау механизмін ашуға, қадағалауға мүмкіндік береді.

Когнитивтік лингвистиканың зерттеу пәні түрлі тілдік деңгейдегі тіл бірліктерінің мағынасын білдіретін концепті болып табылады, ал түпкі мақсат – тілдік мәліметтер бойынша ойлау бірлігі ретіндегі концептіні реконструкциялау (модельдеу). Демек, когнитивтік лингвистиканың зерттеу пәні «белгілі концептілерді тілде, сөйлеу барысында репрезентациялайтын тілдік құралдарды (сөздер, сөз тіркестер, мәтіндерді) зерттеу» [3, 93 б.] болып табылады, сондықтан «концепт мазмұнының әр түрлі компоненттерін ашуға, әрі бір социумның ойлау бірлігі ретінде қаралатын белгілі бір концептінің мазмұны мен құрылымы жайында пайымдауға болатындығы сонша, оның шеңберінде белгілі бір концептінің вербалды өкілдігінің тілде қалыптасып кеткен және ондағы қисыны бар барлық құралдары зерттеледі» [3, 94 б.].

Когнитивтік лингвистикадан бөлек бұл бағытқа структурализм мен генеративизмді алмастыруға келген бірсыпыра лингвистикалық пәндер кіреді: психолингвистика, нейролингвистика, этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, сөйлеу актілерінің теориясы, қарқынды дамыған дискурс лингвистикасы, прагматика, функционалды семантика, конверсациондық талдау, стилистика, жаңашыл риторика, мәтін лингвистикасы, коммуникативтік грамматика және т.б.

Когнитивтік ғылымдардың бірқатар кешенінің маңызды құрылымдарының бірі болып табылатын когнитивтік лингвистика әлем туралы білімдер түсінігінің құрылымы, тілдегі білімдерді концептуалды ұйымдастыру құралдары сияқты іргелі мәселелерді зерттеуімен айналысады [4]. Адам шындықты қалай қабылдап түсінеді, белгілі бір этностың әлем бейнесін қалыптастыруда объективті және субъективті сипатының қандай факторлары айқындаушы мағына бере алады дегендер ең маңызды болып табылады.

Басқа когнитивтік ғылымдардан когнитивтік лингвистиканың айырмашылығы, біріншіден, оның материалында – ол сананы тіл материалы негізінде зерттейді (басқа ғылымдар сананы өз материалы негізінде зерттейді), ал екіншіден, оның амал-тәсілдерінде – ол концепт пен когнитивтік үрдістерді зерделеп, лингвистиканың қарамағында болатын өз лингвистикалық талдау әдістерін тілге қолдану, кейін зерттеу нәтижелерін когнитивтік интерпретациялау негізінде адам санасындағы концептінің мазмұны мен түрлері жайында қорытынды жасайды [5, 7-10 Б.].

Дәстүрлі түрде қазіргі когнитивтік лингвистиканың отаны АҚШ есептеледі, ал когнитивтік лингвистиканың қалыптасуын Дж. Лакофф, Р.Лангакер, Р.Джакендофф, М.Джонсон, Дж. Миллер, Ф.Джонсон-Лэрд, И.Свитсер, Э.Трауготт, З.Кёвечеш, К. де Ландтшир және басқа ғалымдарының есімдерімен байланыстырады. Шетелдегі когнитивтік ғылымның даму тарихы отандық орыс зерттеушілерінің еңбектерінде айтарлықтай жан-жақты сипатталады [6].

Ғылым ретінде когнитивтік лингвистика XX ғасырдың соңында ғана танылса да, жалпы тіл білімінде, оның ішінде отандық тіл білімінде ең кемі бір ғасырдан астам уақыттан бұрын бұл бағыт жайында сөз етілді. З.Д.Попова, И.А.Стернин ескерткендей «когнитивтік лингвистикада тіл мен ойлаудың

күрделі ара қатынасының жаңаша кезеңін, көбіне тек отандық теориялық тіл біліміне тән қарама-қайшылықтарын көреміз» [5, 10 б.].

Тіл әрекеттерін зерттеу И.М.Сеченов, В.М.Бехтерев, И.П.Павлов және басқа да ғылымдардың әлемдік деңгейде танылған әйгілі ғылыми зерттеулерінен бастау алады. Әлемдік когнитивтік ғылымның арғы аталарына Л.С.Выготский мен А.Р.Лурияны жатқызады.

Лингвистикада когнитивтік бағыттың қайнар көзі деп зерттеушілер үш негізгіні — когнитология, лингвистикалық семантика мен тіл біліміндегі психологиялық бағытты атайды. Аталғандардың екеуі отандық тіл білімінде белсенді қалыптасқанымен қоса, әлемдік лингвистиканың жалпы тенденцияларынан озып кететін.

XIX ғасырдан бастап А.А.Потебняның тіл біліміне қатысты тұңғыш теориялық еңбектерінде тіл арқылы ақпаратты өңдеу мен түсіну ерекшеліктері, білімдерді ментальді репрезентациялау тәсілдері туралы мәселелер көтеріледі.

Когнитивтік лингвистика пәнінің анықтамасын, түрлі түсініктемесін, оның категорияларын, когнитология және басқа ғылымдармен байланысын арнайы осы мәселелермен айналысатын авторлар ұсынады (В.З.Демьянков 1994; А.А.Худяков 1996; Р.М.Фрумкина 1996; А.Н.Баранов, Д.О.Добровольский 1997; Н.Н.Болдырев 2002; А.А.Залевская 1998, 2000; А.Л.Шарандин 1998; В.В.Красных 2000 және басқалары).

Орыс лингвистикасында жаңа ғылыми бағыт ретінде когнитивтік лингвистика XX ғасырдың тоқсаныншы жылдардың ортасынан бастап қалыптаса бастады. Оның негізіне іргелі болып саналатын З.Д.Попова, И.А.Стерниннің айтуынша, Е.С.Кубрякованың еңбектері жатады [5, 8 б.].

Жаңа лингвистикалық бағыттың дамуына В.И.Герасимов «К становлению когнитивной грамматики» (1985), «Структуры представления знания в языке» (1994), Н.Н.Болдырев «Когнитивная семантика» (2002), З.Д.Попова, И.А.Стернин «Очерки по когнитивной лингвистике» (2001), «Язык и национальная картина мира» (2002), А.Н.Баранов, Д.О.Добровольский «Постулаты когнитивной семантики» (1997), В.З.Демьянкова «Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода» (1994), Е.В.Рахилина «Когнитивная лингвистика: История, персоналии, идеи, результаты» (1998), Р.М.Фрумкина «Когнитивная лингвистика или «психоллингвистика наоборот» (1999) еңбектері өз үлесін қосты.

«Когнитивтік лингвистика» — қазақ тіл білімінде XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың алғашқы жылдары ғана зерттеле бастаған ғылым саласы. Қазақ лингвистикасында антропоцентристік бағыттың алғашқы нышандары қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, Н.Уәли т.б. еңбектерінде қарастырылып, тіл мен ойлау арасындағы сабақтастық мәселесі сөз болды. Бұл кезеңде жалпы тілтану ұғымы алғаш қолданысқа ене бастаған кезең, дегенмен, қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың қалыптасып, алғаш танымдық тұжырымдар жасалған. Бүгінгі күні бұл лингвистикалық бағыттың

өзіндік ұғым-бірліктері, ұстанымдары, ғылыми-теориялық негіздері дамып отыр.

Когнитивтік лингвистиканың зерттеу мен оқыту барысында әлем елдері алдыңғы қатарға шығып, озық нәтижелерге қол жеткізуде. Ал қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыт бүгінгі күннің сұранысын өтеуден туындаған және алдыңғы қатарлы елдермен теңесуге деген талпыныстан туындаған қажеттілік [7, 44 б.]. Тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика – ғылымының өзіндік қалыптасу тарихы, ғылыми мақсаты мен белгілі бір зерттеу нысаны бар ғылым саласы. Бүгінгі күні бұл саланың бағыты біршама қалыптасып өз арнасын айқындап алды. Тілдің жүйелі-құрылымдық сипаты қазақ тіл білімінде де мейлінше жан-жақты зерттелді. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуында Э.Сүлейменова, Н.Ж.Шаймерденова, Г.Г.Гиздатов, Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Б.Хасанов, Б.Қасым, А.Ислам, Э.Оразалиева еңбектерінің маңызы зор.

Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қалыптасуын Э.Оразалиеваның бес парадигмаға жіктеп қарастыруы көптеген ғалымдар мойындаған концепциялардың бірінен саналады. Ғалымның қазақ тілтаным ғылымының даму кезеңдерін:

I кезең: «тілтану» парадигмасының қалыптасуы – XX ғасырдың 20-45 жж, негізгі өкілдері: А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов және т.б.

II кезең: тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы – XX ғасырдың 45-70 жж, негізгі өкілдері: Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев; М.Балақаев, І.Кеңесбаев.

III кезең: тілтанымдық қағидалардың жалпы теориялық парадигмасы – XX ғасырдың 65-85 жж, негізгі өкілдері: К.Аханов, Т.Қордабаев, Ә.Хасенов т.б.

IV кезең: тілтанымдық этюдтар парадигмасы – XX ғасырдың 70 жылдары мен аяқ шені, негізгі өкілдері: Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Ә.Болғанбаев, Е. Жанпейісов, Т.Жанұзақ, С.Исаев, Ө.Айтбаев, М.Серғалиев, Ж. Манкеева т.б.

V кезең: қазіргі когнитивтік парадигмалар – XX ғасырдың аяғы мен бүгінгі күндер деп бөледі [8].

Сондай-ақ қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика ұстанымдарын бүгінгі күні жан-жақты зерттеп жүрген ғалымдардың бірі – Э.Сүлейменова. «Когнитивтік лингвистикада тіл адамзат ақыл-ойының ажырамас бөлшегі ретінде білім қабылдау, түсіну, ойлау секілді ұғымдармен қатар тұратын құрылым тұрғысынан қарастырылады» – деп айқындайды [9, 35 б.].

Қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі т.б. когнитивтік мәселелер қарастырылған [10]. Профессор Ж.Манкеева да М.Бирвиш, Хомский, Лакофф, Коок, Г.В.Колшанский, Ю.Д.Апресян және тағы басқалардың есімдерімен байланысты когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына тоқталып, аталмыш ғылымның маңыздылығын айрықша атап өтеді [11, 41 б.].

Когнитивтік бағытта Г.Гиздатовтың «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы» атты докторлық диссертациясы

қазақ тіліндегі алғашқы зерттеу болып табылады. Докторлық диссертацияда адам санасындағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері, құрылымы мен динамикасы қарастырылған.

Когнитивтік тіл білімі табиғи тілдің игерілу, қолданылу механизімін түсіндіруді және соған лайық оның моделін жасауды мақсат етеді. Ол үшін ниет, ес, еске сақтау, түсінік, жоспарлау, басқару сияқты сөйлеуге қатысты тілдік, психологиялық, физиологиялық, т.б. ақпараттардың басын біріктіретін когнитивтік категориялар пайдаланылады. Когнитивтік тіл білімі тілдің көмегімен ақпараттың берілу, сақталу тәсілдері мен құрылымы жайында түсінікті кеңейтеді және машиналық аударма, ақпараттық-ізденіс, есептеу жүйесімен т.б. байланысты бірқатар қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Когнитивтік лингвистика ғылымы тек лингвистика мен когнитология ғылымының байланысынан ғана емес, логика, философия, психология, физиология секілді күрделі ғылым салаларымен де тығыз байланысты. Ғалымдардың пікірінше, әлемдік тіл білімінде әлем бейнесін когнитивтік тәсілдердің көмегімен зерттеудің мүмкіндігі мол екендігі айтылады.

Когнитивтік лингвистика шетелде де, бізде де бірыңғай бағытты ұстамайды, сондықтан концепциялар мен зерттеу жолдары біркелкі емес.

Бүгінгі күні когнитивтік лингвистиканың бағыттары мен мектептері әр алуан. З.Д.Попова мен И.А.Стерниннің пікірі бойынша, қазіргі кезде когнитивтік лингвистиканың төмендегі бағыттарын келтіруге болады:

- *мәдени* – мәдени элемент ретінде концептіні әр түрлі ғылымдардың мәліметтеріне сүйене зерттеу (Ю.С.Степанов);
- *лингвомәдени* – тілдік бірлік деп аталатын концептілерді белгілі бір мәдениеттің ұлттық құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктеріне байланысты ұлттық лингвомәдениетінің элементі ретінде зерттеу: «тілден мәдениетке» бағыты (В.И.Карасик, С.Г.Воркачев, Г.Г.Слышкин, Г.В.Токарев);
- *логикалық* – оның тілдік формасының тура байланысынан тыс логикалық амал-тәсілдермен концептілерді талдау (Н. Д.Арутюнова, Р.И.Павиленис);
- *философиялық-семиотикалық* – таңбалылықтың когнитивтік негіздері зерттеледі (А.В.Кравченко);
- *семантикалық-когнитивтік* – тілдің лексикалық және грамматикалық семантикасын концепт мазмұнын тану, тілдің семантикасынан концептосфераға дейін концептіні модельдеу құралдары ретінде зерттеу (Е.С. Кубрякова, Н.Н.Болдырев, Е.В.Рахилина, Е.В.Лукашевич, А.П.Бабушкин, З.Д.Попова, И.А.Стернин, Г.В.Быкова) [5, 12 б.].

Жоғырыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қазіргі жағдайы мен оның дамуы шетел, орыс когнитивистердің идеяларына сүйенетіні сөзсіз. Бірақ кейбір зерттеушілер айтқандай «сәнді тенденцияларды құрметтеу емес», өзіндік негіздемеіздің бар болуы біздің елімізде когнитивтік лингвистиканың кең қанат жаюына мүмкіндік береді. Отандық тілшілеріміз басқа терминологияны қолданып батыс еуропа лингвистерінің мәселелерімен айналысқан. Отандық лингвистиканың негізінде

жасалған лингвокогнитология көптеген батыс еуропа идеяларын игеріп, өзіне икемдеп жасап алды.

Әлемдік ғылым жетістіктерін өзіне сіңіріп, бірақ өз жеке орнын сақтаған қазақ тіл білімі когнитивтік ғылымды игеріп алды. Көптеген маңызды когнитивтік мәселелер, оның ішінде концепт және концептуалды талдау мәселесі бойынша пікірлердің алуандығы мен қарама-қайшылығы жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуы қиындық тудыратынын көрсетеді.

1.2. Әлемнің тілдік бейнесі және оның ғылыми түсінігі

Когнитивтік ғылымның басты назар аударатын негізгі ұғымдары – «әлем бейнесі» (картина мира), «әлемнің тілдік бейнесі» (языковая картина мира), «әлемнің ұлттық (тілдік) бейнесі» (национальная картина мира) және «әлем моделі» (образ мира) немесе когнитивтік модель (кейде «әлемнің концептуалды бейнесі» деп те аталады).

«Әлем бейнесі» термині ғылымға ХІХ ғасырдың аяғында еніп, физика, философия, логика ғылымдарында (Л.Вингенштейн, Г. Герц), ал ХХ ғасырда антропология, семиотикада (В.Иванова, В.Топоров, Ю.Степанов, Гуревич), лингвистикада (Л.Вайсгербер, Ю.Караулов, Г.Колшанский, В.Постовалова т.б.) қолданылды.

Ю.Степановтың көрсетуінше көрсетуінше «әлем» сөзіндегі екі мағына: 1) ғаламшар, әлемді жарату жүйесі; 2) тыныштық, келісім, тыныш өмір бар. Ең алғашында байланысты болған: орыс тіліндегі «мир» сөзіне көне грек тіліндегі «хаосқа» қарсы қойылған «космос» сөзі сәйкес келеді. Қазіргі «әлем» концептінде осы екі ұғым да бірге қолданылады.

Әлем – адам мен қоршаған ортаның өзара әсерлесуінде көрініс табуы, ал әлем бейнесі – «адам мен орта туралы ақпараттың өңделген нәтижесі».

Тілшілер (Б.А.Серебренников, В.И.Постовалов, А.А.Уфимцева, Е.С.Кубрякова, В.Н.Телия т.б.) тілдегі адамзаттың рөлін айта отырып, әлем бейнесін адамның барлық рухани шығармашылығы, оның әлеммен байланысының нәтижесінде қалыптасқан «әлемнің глобальді бейнесі» деп анықтайды.

Әлем бейнесі дегеніміз – адамзатты қоршаған объективті шындық. Ол танымға тәуелсіз өмір сүреді. «Әлем» концептіне кең мағына беріледі – Әлем – Вселенная, универсум (реалді әлем). Ол әрқашан да «ментальді әлеммен» өзара байланыста болады.

Ғалымдардың әлем бейнесіне берген анықтамаларына тоқталайық. В.М.Сергеев әлем бейнесінің қалыптасуындағы теория мен тәжірибенің өзара әсерлесуінің маңыздылығын атап өтеді: «Картина мира формируется в ходе познания окружающей действительности в результате сложного взаимодействия теории и практики» [12, 3 б.].

Э.Сүлейменова оны танымдық когнитивті феномен ретінде таниды: «Картина мира – это познавательный когнитивный феномен, который не складывается из значений или суммы значений отдельных слов» [9, 131 б.].

А.Тұманова: «Әлем бейнесі – жалпы адамзаттық әлем бейнесі, әлем туралы білімнің жиынтығы» [13, 20-22 Б.] деп ауқымды түрде түсінеді.

В.И.Постовалованың көрсетуінше, әлем образы әлем бейнесінің өзегі болып табылады: «Образ мира – это ядро картины мира, основа мировидения человека, репрезентирующего сущностные свойства мира в понимании ее носителей и являющегося результатом всей духовной активности человека» [14, 20-21 Б.].

Әлем бейнесі – өмір шындығының нақты ақиқат құбылыстары, оның санадағы, адамдар танымындағы, ұғымындағы оймен жасалған бейнесі.

Біздің әлем туралы білімімізді анығырақ бейнелейтін адамның дүниені тану құралы – тіл. «Шындық немесе идеалды әлем затын бейнелейтін ұжымдық сананың кез-келген дискретті бірлігі тілде, ұлттық жадта вербальді белгіленген күйде сақталады» [1, 11 б.].

Н.Аитова ғылыми еңбектерде «әлем бейнесі» «әлемнің тілдік бейнесінің» орнына қолданыла беретінін (мүмкін үнемдеу үшін) айтып, бұл екеуі екі түрлі ұғым болғандықтан, ажыратып қолдану керектігін айтады: «Ғаламның тілдік бейнесі» термині философия мен логика аспектісінде Л.Витгенштейннің ұсынуымен қолданылған. Ал антропология, семиотикаға – лингвистикаға оны енгізген Л.Вайесгерберде ол «ғаламның тілдік құрылуы» (языковое мирозидание) – Sprach liches Weltbild деп аталады. Ғаламның тілдік құрылуы деп туған тілдегі барлық әрекет ететін бағытталған рухани энергия түсініледі, онда тілдік бірлестік арқылы ғаламның қайта құрылуы жүзеге асырылады» [15, 185 б.]. Автор «әлем» сөзінің орнына «ғалам» сөзін қолданады.

Б.А.Серебренников: «Язык и мышление – две самостоятельные области, хотя и тесно между собою связанные» [14, 15-16 Б.] дей келіп, осыған орай екі түрлі, екі басқа «әлемдік бейне» танылатындығын айтады. Оның бірі – тұжырымдық бейне болса, екіншісі – тілдік бейне. Мұның біріншісі – ойлауға, ұғымға қатысты, ал екіншісі – тілге қатысты.

Әлемнің тілдік бейнесіне бейнелер емес, бейнеленгендер енеді. Ол субъективті тәжірибе жемісі. Осыған орай А.Вежбицкая әр тіл о бастан өз иелеріне белгілі бір әлем бейнесін беретіндігін айтады: «Нельзя на естественном языке описать мир как он и есть: язык изначально задает своим носителям определенную картину мира, причем каждый данный язык – свою... Языковое значение – это интерпретация мира человеком, и никакие операции над «сущностями реального мира» не приближают к пониманию того, как устроено это значение» [16, 5-6 Б.].

И.А.Стернин әлем туралы білімді сол не басқа затқа қатысты білім жиынтығы деп түсінеді және әлем туралы білімді ғылыми тұрмыстық энциклопедиялық білім ретінде қарастырады. Оның ойынша, әлем туралы тілдік білім тілдік емес білімге қарсы тұрады. Тілдік білім сөз мағынасында дербес семантикалық компоненті ретінде көрінсе, тілдік емес білім сөз мағынасында қандай да бір компоненттерді жасайды. Тілдік емес білім адам санасында нақты, көрнекі, сезімдік түрде сақталады және жан-жануарлармен адамның ортақ ойлауының нәтижесі екенін айтады [17, 20-32 Б.].

Е.Абақан «Тілдің мәдени философиясы» еңбегінде: «Тіл білімінде «әлемнің бейнесі», «әлемнің ұлттық бейнесі» сияқты термин ретінде қолданылып жүрген сөйлемдерде әлем бейнесінің жасалуы жеке адамға, я

болмаса, бүкіл адамзатқа тән құбылыс ретінде қарастырылады. Оның когнитивтік (санаға қатысты), гносеологиялық (танымдық) сипаты адам ойында пайда болады. Бірақ «әлемнің тілдік бейнесі» қоршаған ортаның тікелей, тура бейнесі бола алмайды екен. Себебі, болмыс пен тіл арасында адамның санасы тұрады» [18, 75 б.] деген пікір айтады.

Г.А.Брутян қоршаған орта туралы білімді әлемнің екі моделі ретінде сипаттайды: «Мыслительная модель (концептуальная картина мира) – знание, зафиксированное в понятийном составе познающего субъекта; языковая модель – знание, выраженное языковым багажом» [19, 58 б.].

Сонымен, адамдар үшін дүниені танудың ең бірінші кілті – ұғымдық, сезімдік негіздерден бастау алған сана әрекеті. Сол себепті тілдік белгі – логикалық тұрғыдан екінші процесс.

Ойлау процесі – мида болатын құбылыс, сана әрекеті, ал тіл санадағы сол ойлау әрекеті «ұғым» түріндегі формаға енгізіледі. Демек, ойлау – логикалық категорияның өмірдегі көрінісі. Олардың өзара шартты түрдегі байланысынан ұғым қалыптасады. Басқаша айтқанда, ұғым айтылмақ болғанда, оған сөз таңбаланатынын туралы профессор А.Салқынбай былайша түсіндіреді: «Танылған іс зат не құбылыс адам санасында белгіленіп, ұғым болып бекіп, тілдік таңбаға айналады. Адамның табиғатқа еліктеп, табиғаттан үйренуі, оның тілінде мифосимволикалық бейнелер жүйесін қалыптастырады. Бұл таным ретінде тілде көрініс табады, сөз арқылы таңбаланады» [20, 86-87 Б.]. Бұл айтылғандардан сана әрекетінің сөйлеу әрекетімен байланысын ОЙ-ҰҒЫМ-ТІЛ (СӨЗ) деп көрсетуге болады.

Ұғымның пайда болуы да – санадағы құбылыс. Ұғым айтылған ой арқылы ғана емес, көзбен көріп, қолмен ұстап, ұқсас қасиеттерін еске түсіріп, қиялмен елестетіп, ойша бейнелеп, формасын жасау арқылы да қалыптасады. Алғашқыда негізгі ұғымдардың пайда болуында көз қызметі ерекше орын алған. Онда ұғым пайда болуының негізінде объект – денотат тұрады. Ол – қозғаушы, сана әрекетін қоздырушы күш. Егер зат (құбылыс) болмаса оның санадағы сәулесі, яки бейне жоқ. Сондықтан да профессор А.Салқынбайдың: «Зат пен сөз мағынасы арасындағы сабақтас байланыстылық, біздіңше, ұғым арқылы жалғасады. Ұғымдық белгілер арқылы мағына жасалады. Табиғат пен әлем бейнесінің адам санасында бейнеленуі ұғымды қалыптастырады. Ұғым арқылы таңбаға мағына беріледі. Мағына ұғымның нақ өзі деуге де болмайды, оның абстракцияланған, ұқсатылған, ассоциацияға түсірілген бейнесі. Санадағы ой сөзбен тұлғаланғанда, белгілі мағынаға ие болғанда әр түрлі факторлар арқылы қалыптасады. Ондай факторлар:

1. Халықтың дүниетанымы;
2. Уақыт;
3. Танымның дамуы.

Яғни, белгілі уақыт аралығында дүниетанымның жетілуі мен дамуына сәйкес қалыптасатын халықтық дәстүр мен салт-санаға байланысты болатын ұғымның тілдегі таңбалық жүйеге түскен абстрактылы, ассоциативті бейнесі мағына болады» [20, 58 б.] деп көрсеткеніне қосыламыз.

Демек, ұғым – дүниетанымның санадағы бейне суреті. Сонымен ой мен тіл арасындағы бейне не ұғым тудыратын процесс когнитивтік ғылымның негізгі нысаны, тірегі тұжырымдық құрылым болып табылады. Оның басты мақсаты ой мен тіл арқылы қалыптасатын тұжырым қалыптастыру.

Ұғымдық бейне – ойлау жемісі. Ал дыбыстық бейне – сол ұғымдық бейненің материалдық көшірмесі. Бұл бейнелердің қай-қайсысы да заттың (денотаттық) өзі емес, оның негізгі образдық бейнесінің суреттері: ұғым санадағы сәуле арқылы салынған сурет болса, сөз – дыбыс арқылы салынған сурет. Тіл – табиғат пен адамзат аралығындағы сана арқылы болатын байланысты адамдардың өзара қарым- қатынасында бейнелейтін аралық құрал.

Әлемде өмір сүре отырып адам тек тілмен белгілі бір «құрал» ретінде ғана қамтамасыз етілмеген, «бірақ адам үшін жалпы әлем не екені осы тілде негізделген және онда сипатталады» [21, 512 б.]. Тіл бізге әлемді тануға мүмкіндік береді, «мұнда әр жеке адамның санасынан жоғары тұратын шындық көзге көрінерліктей болады» [21, 520 б.]. Және де тіл рөлі – адам мен әлем арасындағы аралықтағы үзбе (звено) рөлі емес, себебі онда адамның өмір сүруі (бытие) ғана жүзеге аспайды, «тілде әлем өзін-өзі бейнелейді» [21, 524 б.]. Осылайша тілде әлем өзін біз үшін бейнелейді және осы тіл аясында біз әлемтануға ие боламыз.

Әлемнің тілдік бейнесінің философиялық мәнін түсінуге арналған теориялық еңбектерде (Ю.С.Степанов [22], Т.В.Булигина [23], А.Д.Шмелев [24], Ю.Н.Караулов [25], Е.С.Кубрякова [6], Н.Д.Арутюнова [26]) әлемнің тілдік бейнесінің түрлі белгілері көрсетілген. Оның фундаментальді белгісінің бірі ретінде идиоэтникалық жүйесі аталады. Сонымен бірге ғаламның тілдік бейнесінің өзгергіштігі, тұрақсыздығы айтылады.

В.Б.Касевичтің ойынша, тілдік семантиканың құралдары арқылы кодталған әлем бейнесі уақыт өтісімен осы не өзге деңгейде реликтті, көне, қалдық болып есептеледі [27].

Ю.Д.Апресян: «Әр табиғи тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың (концептуализациялаудың) белгілі тәсілін көрсетеді. Онда көрініс тапқан мағыналар ортақ көзқарастар жүйесін, былайша айтқанда белгілі бір міндеттілік ретінде тіл иелеріне таңылатын ұжымдық философияны құрайды. Осы тілге тән шындықты концептуализациялау бір жағынан әмбебап, бір жағынан ұлттық ерекшеліктерге ие, сондықтан әр тіл иелері әлемді өзгеше, өз тілдерінің призмасы арқылы көруі мүмкін. Әлемнің тілдік бейнесі «аңғал», яғни ғылыми әлемнен өзгеше» [28, 350 б.] дей отырып, тілде көрініс табатын аңғал түсініктердің қарапайым еместігін, тіпті көп жағдайда ғылымидан күрделірек және қызығырақ болатынын атап өтеді.

Әлемнің тілдік бейнесі бір-бірімен байланысты, бірақ өзгешеліктері бар екі идеяны қамтиды:

- 1) тілдің ұсынатын әлем бейнесі «ғылымидан» өзгеше (осы жерде сонымен қоса «әлемнің аңғал бейнесі» термині қолданылады);

- 2) әр тіл шындықты бейнелейтін бейнені өзге тілдерден ерекше етіп, өзінше салады.

И.В.Черемисина әлемнің тілдік бейнесін әмбебап және идиоэтникалық әлем бейнесі деп жіктейді. Әмбебап және идиоэтникалық әлем бейнесі материалды (шындық) және рухани (ментальді) әлем, эмперикалық және рационалды, кеңістіктік-уақыттық, реалды-қиялды, жерлік-аспандық, жалпы ұлттық-әлеуметтік салада шектеулі аймақтық, кәсіби т.б. әлемнің тілдік бейнелеріне қарама-қарсы қойылады [29].

Әлемнің тілдік бейнесі – көрсетілген тілдік ұжымның күнделікті санасында тарихи түрде қалыптасқан және тілде бейнеленген әлем туралы түсініктердің жиынтығы, шындықты концептуализациялаудың белгілі бір тәсілі. Әлемнің тілдік бейнесі туралы ұғым В. Фон Гумбольдт [30] және жаңа гумбольдтшылдықтың (Вайсгербер т.б.) тілдің ішкі формасы туралы айтылған ойларына қатысты және американдық этнолингвистиканың идеяларына, негізінен Э.Сепир мен Б.Уорфтың лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасына қатысты.

Э.Сепир мен Б.Уорф «адамзат әлемді өз ана тілінің призмасы арқылы көреді» деген гипотезаны ұсынады. Олар тілдер өз «әлемдік тілдік бейнесі» арқылы өзгешеленетінін көрсетеді. Олардың пайымдауынша түрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың ойлау типі әр түрлі және де осының бәрі жай ғана тілмен байланысты ғана емес, оған себепті болады.

Б.А.Серебринников Э.Сепир мен Б.Уорф гипотезасын сынап, әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда тіл өзіндік қысымы бар күшке иелене алмайтындығын айтады. Түрлі тілдер өз иелерінде түрлі әлемнің тілдік бейнесін құрайды деп айтуға болмайды, олар тек халықтың ұлттық мәдениеті мен өмір сүру салты, қызметінің ерекшелігімен анықталатын заттар, құбылыстар, процестердің мәнділігі себеп болатын ерекше «реңкті» үстейді деп көрсетеді.

В. фон Гумбольдттың тілдік философиясы мен лингвистикалық теориясы – XIX ғасырдағы беделді лингвофилософиялық концепциялардың бірі екені сөзсіз. Гумбольдт тілді «рухтың тоқтаусыз жұмысы» деп сипаттады. Мұнда ол өз заманының философиялық терминологиясына сай, рух (Giest) деп бір мистикалық болмысты емес (көптеген оның интерпретаторлары көрсеткендей), қазіргі күнгі түсінік бойынша «когнитивті қабілеттілік» деп аталатынды түсінген болар.

Тіл мен ойлаудың бірлігі туралы ұстанымнан (положение) бірте-бірте әлем моделін қалыптастырудағы нақты тілдердің актив рөлі немесе «тілдік әлемді қабылдау» (языковое мировидение) деп Гумбольдт атаған ұстаным шығады. Егер тіл о бастан-ақ ойдың қалыптасуына қатысса, онда ой осыған сай тілдік сипаттан еркін бола алмайды. Әр тіл әлемді өзінше ерекше қайталанбас түрде концептуализациялағандықтан, әр тілде қалыптасқан, жасалған ойлар толықтай тепе-тең болмауы мүмкін. Бірақ осы ұстанымнан түрлі тілдерде сөйлейтін, ойлайтын адамдар арасында түсінбестік болады немесе олардың ойлары бір тілден екінші тілге аударылмайды деген түсінік туындамауы керек.

Нақты тілдерде бекітілген түрлі әлем модельдері – бұл түрлі болмыстан гөрі, «әлемнің ойға айналуының» жүзеге асыратын түрлі тәсілдер мен жолдар деу дұрысырақ. Гумбольдтың әйгілі ойын: «Язык народа есть его дух, и дух

народа есть его язык, и трудно представить себе что-либо более тождественное» деп айтқанын да осы тұрғыдан түсіну қажет [30, 89 б.]. Яғни белгілі бір халықтың барлық болмысы, танымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ішкі әлемі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы тіл арқылы ғана толықтай қою түрінде таныла алады.

Гумбольдтың «тілдік әлемді қабылдау» концептісін Вайсгербер екіге аралық әлем және әлемнің бейнесі деп ажыратып қарастырады.

Аралық әлем Вайсгербер бойынша, адамды шындықтың қабылдануын анықтайтын тілдік әрекеттің статистік (сандық) өнімін көрсетеді. Ол әлемді танушы субъект пен шынайы объект аралығында тұрғандықтан «аралық әлем» деп аталады. Ол концептуалды табиғатқа ие.

Көрсетілген аралық әлем категориясы когнитивтік ғылым мен жасанды интеллектінің маңызды ұғымы «әлем моделі» немесе «когнитивтік модельмен» тікелей қатысты болып табылады. Әлем моделі концептуалды табиғатқа ие. Оған осы не өзге формада (ойдағы бейнелер, фреймдер, сценарийлер немесе концепт-скрипттар, инсайттар, кестелер, семантикалық жад және тезаурус т.б.) субъектінің шындық туралы түсініктері, нақты деректер, оқиғалар туралы білімі тіркелетіндігі туралы Д.О.Добровольский мен А.Н.Баранов айтады [31, 457 б.].

Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі – әр ұлттың өз тілі арқылы әлемді танудағы, оны қабылдаудағы ерекшелігі болып табылады.

Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі – идеографиялық құрылымдағы лексикалық жүйелер. Алайда әлемнің ұлттық тілдік бейнесі әлем туралы білімнің жиынтығы ретінде тек лексикада ғана емес, сонымен қатар фразеология мен грамматикада да көрініс табады. В.А.Маслова әлемнің тілдік бейнесі мен мәдениеті туралы айта отырып, осыларға мына көрсетілгендерді жатқызады: сөз, сөйлем, пайымдаудың ішкі формасы, сөздің мағыналық жағының өзгерісі, оның ауыспалы мағынада қолданылуы, сөздің эмоционалды жүгі, оның индивидуалды қолданылуындағы өзгешелігі [2, 35 б.].

Адам әлемі (оның ішкі әлемі, яғни рухани әлемі және сыртқы әлемі) біріншіден, ұлттық ерекшеліктерге ие, осы ерекшеліктер тілдің түрлі деңгейлері мен қызмет етуінде көрініс табады. Әлемнің тілдік бейнесі әлемнің ұлттық тілдік бейнесін бейнелейді және соңғысы түрлі деңгейлердегі тілдік бірліктер арқылы анықталуы да мүмкін. Ұлттық лексиканы әлемнің ұлттық тілдік бейнесі ретінде ұсыну екі түрлі арнамен байланысты. Бірінші арнада қоршаған ортадағы нақты заттар мен құбылыстардың атаулары жинақталатын болса, екінші арнада концепт атаулары шоғырланған. Әлемнің ұлттық бейнесін зерттей келе Г.Гачев оны «космо-психо-логос» деп атаған [32]. Оған әсер ететін жағдайлар – табиғаттың типі, ұлттық мінез және ойлау ерекшеліктері және т.б.

Тіл этностың негізгі этнодифференциациялау белгісі ретінде этностың өмір сүруі процесі мен нәтижесі кезінде танитын шындық туралы объективті білімді қалыптастырып бекітеді. Тілді кез-келген этникалық мәдениеттің ерекше бөлінбес бөлігі ретінде қарастыратын болсақ, онда сол тұрғыда ұлттық мәдениеттің ерекшелігі, оның өзге этностардан өзгешелігі көріне бастайды. Тіл мен мәдениеттің айырылмас байланысы туралы Гумбольдт былай деген: «Язык – тесно переплетен с духовным развитием человечества и сопутствует ему на

каждой ступени его локального прогресса или регресса, отражая в себе каждую стадию культуры» [30, 69 б.].

Әлемнің концептуалды бейнесі (когнитивті модель) адамның саналы, танымдық әрекеттерінің нәтижесін бейнелейді; біздің шынайы өмірді, физикалық, химиялық әлем бейнесі және т.б. арнайы бағытталған әлем бейнесін жалпылай көрсетеді. Әлемнің концептуалды бейнесі ойлау заңдары арқылы ұйымдастырылады.

Әлемнің концептуалды бейнесі ретінде қоршаған орта туралы білім күйінде көрінетін концептілер түсініледі. Шындық туралы ақпараттың өзгеруінің әсерінен әлемнің концептуалды бейнесі әрдайым жаңарып тұрады, яғни динамикалық түрде жасалынады. Оның қалыптасуында ойлаудың көрнекі, бейнелі, тәжірибелік, ізденушілік, адвербалды-ұғымдық түрлері қатысады. Осыған байланысты әлемнің тілдік бейнесі ұғымына қарағанда әлемнің концептуалды бейнесі ұғымы күрделірек, бай, кең. Сондықтан әлемнің концептуалды бейнесіне қарағанда әлемнің тілдік алғашқы болады және оны (ӨКБ) қалыптастырады, себебі адам әлем мен өзін-өзі тіл арқылы ғана тани алады.

Әлемнің концептуалды бейнесі түрлі адамдарда ортақ болуы мүмкін, себебі адамзаттың ойлауы ортақ.

«Концептуальная картина мира – это идеальное динамическое образование, основу которого создает не только вербальная, но и вся чувственная, вся предметно-познавательная действительность знаковым образом» [13, 20 б.].

Г.Гиздатовтың тұжырымынша: «Когнитивтік модель құрылымы прототип пен бейнелі ұғымның бірігуі арқылы қалыптасқан концептіден құралады. Когнитивтік модель – сөздің лексикалық мағынасының кодталған ақпараты, бұл модель – білімнің танылуы мен сақталу формасы» [33, 22 б.].

Таным моделі ретінде танылатын концептуалды білім мұрагерлік жолмен жалғасып қана қоймайды, мұрагерінің танымына сай, ол өмір сүрген уақыттағы әлем бейнесі – объективті шындық өзінің әсері арқылы түрленіп, дамып, түрлі өзгерістерге ұшырайды, бейнелеуге және бейнеленуге икемді болады.

Е.Беляевскаяның «Сөздің семантикалық құрылымының қызмет етуі мен қалыптасуын танымдық негіздері» атты докторлық диссертациясында: когнитивтік модель – лексикалық мағынаның тереңдік дәрежесін көрсетеді деп көрсетеді. Бұл модель мағыналық және логикалық құрылымнан туындайтын абстракция модельдері жайлы ақпарат ретінде де танылады. Когнитивтік модель құрылымы тұжырым құрылымымен барабар. «Когнитивтік модель – результат лингвокреативной деятельности данного языкового социума, отражающи «видения» обозначаемого в данной языковой системе» [34, 5 б.] деп, ол білімді таныту және сақтау формасы ретінде танылады дейді.

«Когнитивтік модель – тілдік бірлік мазмұнын когнитивтік бейнелеу. Оның құрамында соған сай білім құрылымының фрагменті, осы модельді қалыптастыру негізіндегі когнитивтік операциялар жиынтығы бар» деген А.Барановтың тұжырымын негізге алуға болады.

Когнитивтік модель құрамындағы прототип пен бейнелі түсінік болады (ол туралы А.Вежбицкая, А.В.Бондарко, В.Н.Телия, В.А.Долинская өз зерттеулерінде айтып өткен).

Прототип – идеалданған эталонды үлгі, яғни типтік түсінік ретінде танылса, бейнелі түсінік – бейнелі гештальд-құрылым ретінде қарастырылады.

Дж. Лакофф түсіндіруінше, «Гештальд-құрылым – мағынаның тілдік көрінісін белгілеу әдісі не форманың мағынаға ие болу амалы» [35]. «Гештальд» пен «бейне» дублет бола алмайды, оларды бірінің орнына екіншісін қолдана алмаймыз.

В.Телия «Орыс фразеологиясы» еңбегінде: «Прототип» пен «гештальд-құрылым» алғашқы түсінікті білдіреді» [36, 96-97 Б.] деп тұжырым жасайды. Яғни олар ұғымнан гөрі нақты форманың бейнеленуін көрсетеді.

Бейнелі түсінік, яғни бейнелі гештальд-құрылым – бұл ықшамдалған бейне. Осыдан шығатыны: концепт – бұл әрі когнитивтік модель, әрі когнитивтік бірлік. Когнитивтік жүйе концептуалдық құрылымнан тұрады. Концептуалдық құрылым: ойдағы бейне, прототип, кесте (схема), фрейм, сценарий, тұжырымды метафора. Бұл құрылым – когнитивтік жүйе бөлшектері, когнитивтік ойдың сыртқы формасы.

Сонымен әлемнің концептуалды бейнесі және әлемнің тілдік бейнесінің шектері мәселесі тұрғысынан түрлі ойлар бар:

1. Әлемнің тілдік бейнесінің негізгі мазмұны әлемнің концептуалды бейнесін бүркейді; әлемнің тілдік бейнесі әлемнің концептуалды бейнесінің өрісін (ядросын) жетілдіріп аралық қызмет (периферия) атқарады (Г.А.Брутян [37], Г.В.Колшанский [38])
2. Әлемнің тілдік бейнесіне қарағанда әлемнің концептуалды бейнесі кең және бай, себебі оның қалыптасуында түрлі ойлау типтері, соның ішінде вербальді емес түрлері де қатысады. Әлемнің тілдік бейнесі – тілдік формалар арқылы өткен және тілге «байланған» концептуалды әлемнің бөлшегі (Ю.Н.Караулов [25], Е.С.Кубрякова [6], М.В.Касевич [27]).
3. Әлемнің концептуалды бейнесі мен әлемнің тілдік бейнесі бөлінбеген (не разграничны), себебі тек әлемнің концептуалды бейнесі ғана бар (Э.Сүлейменова [9]).

Қорытындылай келе айтатын болсақ, «әлем бейнесі» – өмір шындығының нақты ақиқат құбылыстары, оның санадағы, адамдар ұғымындағы оймен жасалған бейнесі; «әлемнің тілдік бейнесі» – белгілі бір тілдік ұжымның күнделікті санасында тарихи түрде қалыптасқан және тілде бейнеленген әлем туралы түсініктердің жиынтығы, шындықты концептуализациялаудың белгілі бір тәсілі; «әлемнің ұлттық тілдік бейнесі» – әлем туралы кейбір түсініктердің ортақтығына қарамастан, оларға әр ұлт өзінше ерекше бір реңк үстеуі арқылы танылатын, көбіне ұлттық таным арқылы анықталатын әлем бейнесі; «әлемнің концептуалды бейнесі» – адам санасында жинақталған, белгілі бір тәртіпке түскен әрдайым жаңарып тұратын әлем туралы білімнің жүйесі болып табылады.

1.3. Концепт – когнитивтік лингвистиканың маңызды бірлігі

Әлемнің концептуалды бейнесінің негізгі элементі болып концепт есептеледі.

Лингвистикада концепт термині мен түсінігінің қалыптасуы тіл, сана, және мәдениеттің өзара әсерлесуінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын, амал-тәсілдерін игерудегі жаңа қадам болды. Осыған орай лингвистика, когнитология, мәдениеттану, философияның өзара әсерлесуінің жаңа аспектілері пайда болып, соның арқасында семантикалық зерттеулер тереңдей түсті.

Адамзаттың рухани мәдениеті саласында қалыптасқан концептілер – «адамның сана сезіміндегі мәдениеттің қоюы», яғни мәдени концептілер; адамның ментальді әлеміне енудегі мәдениеттің құралы; сөзбен бірге жүретін ұғым, елестету, білім, ассоциация, қобалжулардың «шоғы».

Кең мағынада концепт – жалпы әлем туралы білім жүйесінің (әлемнің концептуалды бейнесінің) бір бөлшегі, үзіндісі, яғни индивидтің объективті шындық туралы өз танымындағы тірек ұғымдары, білетіні, ойлайтыны, елестететіні.

Терминнің түрлі түсіндірілуі оның көп мағыналы латын сөзі *conceptus*-тің семантикасынан шығуына байланысты. Латын-орыс сөздігінде оған мынадай түсініктер беріледі:

- 1) «жинақтау, өзіне жинау» (собирать, вбирать в себя);
- 2) «өзіне елестету, қиялдау» (представлять себе, воображать);
- 3) «жазу, тұжырымдау» (написать, сформулировать);
- 4) «құрастыру» (образовывать);
- 5) «болу, пайда болу, шығу» (происходить, появляться, возникнуть).

Conceptum – «утробный зародыш» [39, 222-224 Б.]. Жалпы мағынасын «жинақтаушы, өзіне жинаушы, көптеген формалардың мазмұны ретінде және олардың бастауы («зародыш») (елестелген) болып тұжырымдалған.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте: «Концепт (*conceptus* – мысль, понятие) – смысловое значение имени (знака), т.е. содержание понятия, объект которого есть предмет (денотат) этого имени (например, смысловое значение имени Лупа – естественный спутник земли)».

Концепт және сөз қатынасы семантикалық үшбұрышпен байланысты: «реалия – ұғым – атау». Тілдің мазмұндық жағын интерпретациялау міндетті түрде оның тілмен, ойлаумен, шындықпен қарым-қатынасы мәселесімен байланысты. Зат (предмет, референт, денотат), идея (ойлау, ұғым, мағына, мән, сигнификат, десигнат) және атау (сөз, таңба, мәтін) арасындағы қатынасты және байланысты зерттеу семантиканың фундаментальді мәселелерінің бірі. В.Н.Телия осы үштіктің әр мүшесін былайша анықтайды: «Реалия предстаёт как денотат имени, то есть как совокупность свойств, вычленённых в актах номинации у всех обозначаемых данных именем релий (класса объектов). Понятие, вбирая в себя категориально-языковые признаки, выступает как сигнификат (смысл) имени, в которой могут входить и экспрессивные признаки. Имя осознаётся как звукоряд, расчленяемый в языковом сознании в

соответствии со структурной организацией данного языкового кода» [40, 336-337 Б.]. Яғни «реалия» – атау денотаты, яғни номинация процесінде атаумен белгіленген зат пен құбылыстың белгілерінің жиынтығы ретінде; «ұғым» – атаудың сигнификаты ретінде; «атау» – көрсетілген тілдік кодтың құрылымдық ұйымдастырылуы сәйкес тілдік танымда мүшеленетін дыбыстық қатар ретінде ұғынылады.

Орыс тіл білімінде сөз – тілдің екі жақты бірлігі деп анықталады.. «Сөз – өзі арқылы таңбалаушы мен таңбаланушының бірлігін білдіретін тіл бірлігі, адам санасында көрініс тапқан шындық объектілірін номинациялау мен материализациялау құралы қызметін атқаратын идеалды құбылыс» [41, 356 б.].

Сөзде, негізінен сөз мағынасында ұғым пайда болады, бейнеленеді және беріледі. Сөйтіп, лингвистикада ұғымның философиялық категориясы сөздің лексикалық мағынасымен салыстырылады. Тіпті кейбіреулер ұғымды сөздің лексикалық мағынасымен тепе-тең қояды (Л.А.Новиков, С.Д.Кацнельсон).

М.Оразов мағына туралы: «Лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің, түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі» [42, 45 б.] деп айтады.

Сөздің лексикалық мағынасы мен ұғымы құрылымында дәстүрлі түрде сигнификат пен денотат компоненттерін ажыратады. Денотат зат-объектінің объективті қасиеті, ал осы қасиеттің ойлауда бейнеленуі мен тілдік формада бекітілуі – сигнификат. Тілдік таңбаның ұғымдық мазмұны түрліше аталады: «таңбаланушы» [43] (Ф.де Соссюр), «десигнат» [22] (Ч.У.Моррис, Ю.С.Степанов), «мағына» [44] (Г.Фреге), «интенционал» [45] (Р.Карнап), «концепт» [46] (А.Черч), «тілдік денотат» [47] (А.А.Уфимцева).

«Концепт» термині М.М.Копыленко бойынша, «тек ұғымды ғана қамтымайды, сонымен қатар ортақ мағынаны қалыптастыратын ұғымнан алғашқы (предпонятийные) және деконцептуализацияланған құбылыстарды да қамтиды, ал реалияларды білдіру үшін тек сөздер ғана емес және де фразалық үйлесімдер қолданылады» [48, 44-45 Б.].

Е.И.Диброва концептіні шындық құбылыстарының сезімдік-көрнекті бейнелері ретінде елестетуде орналасқан (сонымен қатар мұнда концепт арқылы ойдың елестетуден ұғымға қарай қозғалысы жүзеге асады) және ортақ мағынаны қалыптастыратын ерекше ұғымнан алғашқы мән (сущность) қатарына жатқызады [49, 133 б.].

М.В.Никитина «концепт – бұл ең біріншіден, түсінік пен ұғым» екенін айтып өтеді [50, 6 б.].

Қазіргі русистикада концептуалды семантиканың екі бағыты бар: семантикалық және логикалық бағыттар. Бұл бағыттардың ерекшелігі концепт пен сөз, концепт пен ұғым ара қатынасын түрліше түсінуге негізделгендігінде болып отыр.

Семантикалық бағыт. С.А.Аскольдов-Алексеев еңбегінде «концепт және сөз» арқа сүйетін негізгі ұстанымы: «концепт біздің ойлау процесімізде бірдей қатардағы көптеген заттарды ауыстыратын ойдың құбылысы» [51, 28 б.].

Д.С.Лихачев осы айтылғанды әрі қарай дамытып, нақтылайды. Концепт тек сөздің өзі ғана емес және сөздің сөздіктегі әрбір негізгі мағыналары үшін өмір сүреді. Мұнда концепт біз күнделікті ауызша және жазбаша тілде көп қолданатын мағыналардың соммалық сипаты. Концепт сөз мағынасынан тікелей пайда болмайды, сөздің сөздіктегі мағынасының адамның жеке және халықтық тәжірибесімен ұштасуының нәтижесі болып есептеледі.

Логикалық бағыт өкілдері: Ю.С.Степанов, Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев, Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова т.б. концепт және ұғым терминдерін тепе-тең көреді: мұнда концепт ретінде жинақтаудың жоғарғы деңгейінде болмайтын грамматикалық, не семантикалық категория алынады.

Ю.С.Степановтың: «Концепт ұғым сияқты қатардың құбылысы. Өзінің ішкі формасы жағынан орыс тіліндегі концепт пен ұғым сөздері бірдей: концепт латын тіліндегі *conceptus* – «ұғым» сөзінің калькасы...Концепт пен ұғым түрлі ғылымдардың терминдері: екіншісі негізінен логика мен философияда қолданылса, біріншісі, концепт, логиканың бір саласы – математикалық логиканың термині, соңғы кездері мәдениет туралы ғылымда, мәдениеттануда орныққан...» [22, 42-44 Б.] деп, математикалық логикада, Г.Фреге мен А.Черч жүйесінде концепт деп тек ұғымның мазмұнын атайтынын көрсетіп өтеді.

Е.С.Кубрякова «концепт» және «ұғым» терминдері адам ойлауы мен санасының түрлі аспектілерін сипаттайды дейді: «Ұғым – объективті шындықтың логикалық формада бейнеленуінің белгілі бір түрлерінің бірі; концепт сананың шұғыл (оперативті) мынадай бірліктерін қамтиды: елестету, образдар, ұғымдар, ал олар жинақталып барып концептуалды жүйе не әлемнің концептуалды моделін жасайды» [52, 143 б.].

Сонымен қатар концепт пен сөз, концепт пен ұғым туралы өзге ғалымдардың айтқанына тоқталайық.

Сөз және концепт терминдері А.Вежбицкаяда өзара байланысты: «Концепт-минимум – бұл сөз мағынасын толық игеру, бұл тек қарапайым тіл иесіне тән нәрсе концепт-максимум – сөз мағынасын толықтай игеру».

Н.Кипиани сөз концептінің бөлігі болатыны айтады: «Сөз өз мағынасымен қоса тек концептінің бөлігін білдіреді» [53, 123 б.].

С.Г.Воркачев: «тар формалды» мағынада логиконцептілер – өзге тілдерге аударғанда бірсөзді эквивалентті таба алмайтын, сөздерден кейін тұратын семантикалық құбылыстар» [54, 79 б.].

Бір қарағанда сөздің лексикалық мағынасын концепт деп атауға болады. Бірақ қазіргі күні сөздік мақаласындағы берілген сөз мағынасы «когнитивті шындықтан шалғай, тар, жетіспейтіндігі және тіпті парадокс келмейтіндігі» туралы тезис дәлелденді.

В.В.Колесов бойынша концепт өзінің мазмұнды формасында образ ретінде, ұғым ретінде және символ ретінде көрініс табады [55, 54 б.].

Концепт ұғымға тепе-тең емес. Қазіргі зерттеушілер жаңа терминнің айту мағынасын таңбалау үшін енгізілгенін ескермеген, сондықтан да көптеген философиялық сөздіктер мен энциклопедияларда концепт ұғым не оның мазмұнын білдірумен тепе-тең көрінеді, осының өзі оларды ажыратуды керек

етеді. Ұғым – заттың түрлі кезеңдерінің объективті идеалды бірлігі және қарым-қатынасқа тәуелсіз, ойдың қалыптасу қызметін атқаратын тілдің таңбалық және маңызды құрылымымен байланысты. Бұл танымның нәтижесі, баспалдағы немесе кезеңі. Ал концепт сөйлеу арқылы жүзеге асады. Концепт субъективті. Есте сақтау және елестету – бір жағынан дәл қазір және осы жерде ұғынуға бағытталған, екінші жағынан ол есте сақтау акті ретінде – өткенге, елестету акті ретінде – болашаққа, пайымдау акті ретінде – осы шаққа негізделген жанның үш қабілетінің синтезі, концептінің ажырамас бөліктері. Концепт – это событие, а «события» – это понятие [56, 12 б.].

Ұғымға қарағанда концептілер тек ойланылмайды, сонымен қатар адамның өз басынан өтеді (переживаются). Л.А.Грузберг «Концепт – мәдени-ментальді-тілдік құбылыс ретінде» деген зерттеуінде олардың – эмоция, симпатия мен антипатия, кейде қақтығыстар заты болып есептелетінін айтып өтеді [57, 14 б.].

Концептімен салыстырғанда ұғымның құрылымы қарапайым: ұғым құрылымында мазмұндық құраушы басым және концепт құрылымында болатын барлық компоненттер енбейді.

Қазіргі кезде концептіні түрлі тұрғыдан түсіндірудің негізінде қалыптасқан мынадай бағыттары: логикалық бағыт (Н.Д.Арутюнова, Ю.С.Степанов), психолингвистикалық бағыт (А.А.Залевская), лингвистикалық бағыт (А.П.Бабушкин), философиялық бағыт (В.В.Колесов, А.Г.Лисицын), психологиялық бағыт (Д.С.Лихачев, М.А.Холодная), интегративті бағыт (С.Х.Ляпин, В.И.Карасик).

Түрлі бағыт өкілдерін біріктіретін нәрсе, олардың концептіні жалпы және кең категорияның бөлігі ретінде қарастыруы: «концептуалды жүйе», «әлемнің концептуалды бейнесі» (Р.И.Павиленис, Е.А.Чижова); «концептосфералар» (Д.С.Лихачев); «оқиғалар» (события) (В.Я.Исабес); «әлемнің ұлттық тілдік бейнесі» (А.Вежбицкая, Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев т.б.); «концептуализацияланған заттық аймақ» (Ю.С.Степанов); «когнитивті модель» (Г.Г.Гиздатова)

Қазіргі лингвистикада концептіні түсіндірудің үш негізгі бағыты бар:

Бірінші бағыт (өкілі Ю.С.Степанов) концептіні қарастыруда үлкен назарды культурологиялық аспектіге аударады, мұнда барлық мәдениет концептілер мен олардың қатынастарының жиынтығы ретінде түсініледі. Осылайша, концепт – адамның ментальді әлеміндегі мәдениеттің негізгі ұясы. Олар ұжымдық тілдік санадағы орталық орынға ие болғандықтан олардың зерттелуі өзекті мәселеге айналуда. Концептіні осылайша түсіну тіл рөлін тек көмекші құрал ретінде екінші орынға қоюмен байланысты.

Екінші бағыт (Н.Д.Арутюнова және оның мектебі, Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев т.б.) концепт мағынасының қалыптасуының жалғыз құралы деп тілдік таңбаның семантикасын санайды.

Үшінші бағыт (Д.С.Лихачев, Е.С.Кубрякова т.б.) Олардың ойынша, концепт сөз мағынасынан тікелей пайда болмайды, сөз мағынасының адамның жеке және халықтық тәжірибесімен ұштасуының нәтижесі, яғни концепт сөз бен шындықтың арасындағы делдал. Е.С.Кубрякованың: «Концепт – это оперативная содержательная единица памяти ментального лексикона,

концептуальной системы мозга (*lingva mentalis*), всей картины мира, отраженной в человеческой психике» дейді. дейді. Оның ойынша, когнитивті лингвистикада психология мен сенсорлы-перцептивтік процестерді сипаттауда қолданылатын фон мен фигура түсінігін қолдану ақталады. Фон мен фигураны қарама-қарсы қою адамның өзін тұтастың бөлігі, өзін (фигураны) қандай да бір фонда (қоршаған ортада, кеңістікте) сезінуімен байланысты және әлемдегі өзге дене/заттар да осылай түсініледі. Сөйтіп, ол тіл мен оның категориясының негізінде адамның денелік, көрнекті тәжірибесі жатыр және адам тек осы тәжірибесі арқылы абстрактілі сфераға шығады, көзге көрінбейтін туралы өзінің ойын құрайды. Е.С.Кубрякова адамзат танымының негізгі принциптерінің бірі – контейнер принципін құрайды. Ол оны «бақылаушы позициясының қайталану принципі» (принцип обратимости позиции наблюдателя) деп атауды ұсынады. Оның мәні мынада: әлемдегі кез-келген объектіні қарастыруда болашақты (перспективаны) таңдау өзгеруі мүмкін, бақылаушы позициясы да кері өзгеруі мүмкін. Оның ойынша, егер тіл әлемді ерекше тануды бейнелесе, онда ондағы бақылаушы позициясы да тілде бекітілген, көрінген концептілердің жалпы субъективтілігіне сай келеді. Келіспеуге болмайды, себебі бір ғана құбылыс: әрекет-объект түрлі тіл бірліктерін қолдану арқылы түрліше сипатталуы мүмкін, сондықтан да сипаттауда түрлі детальдерді, қасиеттерді, белгілерді көрсетуге мүмкіндік болады. Ғалым ойынша, концептуалдық жүйе арқылы мағынана анықтау мағына мен білімді байланыстыратын жаңа бағыт.

Концептіге берілген анықтамалар түрліше. Көптеген зерттеушілер оның мәдениетпен байланысын көрсетеді. Кей зерттеушілер мұны негізгі деп тапса, енді біреулері қосымша деп қарастырады. Біздің ойымызша, концептінің негізгі қасиеті болып оның белгілі бір мәдениетпен, қоғамның мәдени тәжірибесімен байланысы табылады. Мәдениет өзін туындатқан халықпен біте қайнасып жататыны айқын және оның бойында өмірлік философияны анықтайтын, барлық адамзатқа тән әлемдік бейнедегі ұғымдардың берік орын алатыны белгілі. Солай бола тұра, осы аталған ұғымдар ұлттық дүниетаным, мәдениет негізінде қалыптаса отырып, ұлттың ұлт болып айқындалу белгісі ретінде де қолданылады. Мәдениетке қатысты концепті адам мен ол өмір сүретін ақиқат шындық аралығын байланыстырушы ретінде қызмет атқаратындықтан оны зерттеудің маңызы зор болып отыр.

С.Г. Воркачевтің ойынша, концептілерге «ең кең мағынада тіл иелерінің «әлемнің аңғал бейнесін» қалыптастыратын және ұлттық тілдік сананың мазмұнын құрайтын лексемалар, мағыналар енгізіледі. Осындай концептілердің жиынтығы ұлттың мәдениеті негізделетін тілдің концептосферасын құрайды» [58, 48 б.].

Д.С.Лихачев концептосфераның кең мағынада түсінілуін ұсынады: «В совокупности потенции, открываемые в словарном запасе отдельного человека, как и всего языка в целом» можно назвать концептосферой» [59, 5 б.]. Осылайша, ұлттық тілді тұтастай концептосферасы жеке адамның шындықты концептуализациялау нәтижесі болатын жеке индивидуалды концептосфералардан құралады. Индивидуалды концептосферадан өзге ұлттық қауым

ішіндегі белгілі бір әлеуметтік және мәдени қауым концептосферасы да болады. Д.С. Лихачев осы ойды әрі қарай жалғастырып, орыс тілінің ұлттық концептосферасындағы мынадай концептосфераларды: «инженер-практик», «отбасы» концептосфераларын бөліп көрсетеді [59, 5 б.].

«Концептосфера» термині өзіне көлемділіктің, тұтастықтың, үшқырлылықтың (трехмерность) образды коннотацияларын енгізіп, онтологиялық құбылыстың мәнін дәл бейнелейді» [60, 71 б.]. Концептосфера көп қырлы, кеңістіктік, тұтастықтық құбылыс ретінде көрінеді, әйтсе де ол халықтың әлемтануымен, әлемді қабылдауымен, тарихымен менталитетімен, мәдениетімен байланысты ашық жүйе. Кез-келген тілдің концептосферасының үшқырлылығы оның тілмен, рухани мәдениетпен, объективті шындықпен өзара байланысы мен өзара әсерлесуі нәтижесінде қалыптасады. Осыдан концептосфераның мынадай негізгі белгілері шығады:

- көлемділік, ол халықтың мәдени тәжірибесі, мәдени дәстүрі мен түсініктерінің байланысын білдіреді;

- үшқырлылық, тілді халықтың мәдениеті, тарихы, әлемтануы мен әлемді қабылдауын өзіне енгізетін кеңістіктік, барлығын қамтитын құбылыс ретінде көрсетеді;

- тұтастық, себебі концептосфера белгілі бір халықтың тұтас ұлттық мәдениетін сипаттайды.

Концептілер – белгілі мәдениетті онсыз елестету мүмкін болмайтын ең күрделі, маңызды ұғымдар. Олардың саны шектеулі, себебі кез-келген атау-таңба құбылысы концепт бола алмайды. Белгілі бір мәдениет үшін құнды, өзекті және өзінің бекітілуі үшін саны көп тілдік бірліктерге ие, мақал-мәтелдердің, поэтикалық және прозалық мәтіндердің тақырыбы бола алатын шындық құбылыстары ғана концепт бола алады. Олар халық жадының мәдени иегерлері.

Ю.С.Степанов «концептіні адам санасындағы мәдениеттің қоюы; адамның ментальді әлеміне мәдениеттің сол бір түрде енетін түрі» дейді. «Концепт – это то, посредством чего человек – рядовой, обычный человек, не «творец культурных ценностей» – сам входит в культуру, а в некоторых случаях и влияет на нее» [22, 43 б.].

С.Г.Воркачев лингвомәдениеттанудың ең негізгі бірлігі деп концептіні («вербалданған мәдени мағынаны») түсінеді. Оның ойынша, лингвоконцептінің ерекше белгісі болып оның этномәдени түрде белгіленгендігі табылады: «Определяющим в понимании лингвоконцепта выступает представление о культуре как о «символической Вселенной» (Кассирер), конкретные проявления которой в каком-то «интервале абстракции» (в сопоставлении с инокультурой) обязательно этноспецифичны». Ғалым концептіні бейне, ұғым, мағына орнына келген және өзіне оларды «шешілген» (в снятом виде), редуцияланған күйде енгізетін лингвоментальді құбылыс, соңғы айтылғандардың «гиперонимі» деп түсінеді: «Концепт принимает от понятия дискурсивность представления смысла, от образа – метафоричность и эмотивность этого представления, а от значения – включенность его имени в лексическую систему языка». Концептінің ерекше белгілерін көрсетеді:

1) «бастан өту» (переживаемость) – концептілер тек ойланылмайды, сонымен қатар симпатия мен антипатия заты ретінде эмоционалды түрде бастан кешіріледі – адамның рухани өмірін интенсификациялауға қабілеттілігі бар: ой фокусына тускенде оның ырғағын ауыстыру– мұны психологтар «сентимент» деп атайды

2) семиотикалық («номинативті») тығыздылық – тілдік синонимдердің (сөздер мен сөз тіркестерінің) толық қатары, мақал-мәтелдер, фольклорлық және әдеби сюжеттер, синонимизацияланған символдардың (өнер туындылары, кәделер, мінез- құлық стереотиптері, материалды мәдениет заттарының) тақырыптық қатарлары мен өрістері ретінде көрініс табуы релеванттілікпен, лингвомәдени социум үшін осы концептінің маңыздылығымен, оның мазмұнында болатын құбылыстың аксиологиялық немесе теоретикалық құндылығымен байланысты.

3) білдіруге бағытталуы (ориентированность на план выражения) – концепт атауының тілдің лексикалық жүйесінде қалыптасқан ассоциативті парадигматикалық және синтагматикалық байланысқа енуі, осының семиотикалық «денесінде» концепт заттанады, сонымен қатар осы атаудың «заттық коннотацияның» ассоциативтік жүйесіне енуі – ерекше тілдік метафориканың болуы» [54, 77-78 Б.].

Р.М.Фрумкинаның өзі концепт деп мәдениет категориясында рефлексацияланған вербалданған ұғымды анықтайды және оның ойынша концептіге ең сәтті анықтаманы А.Вежбицкая береді: «Ол «Шындық» әлемі туралы адамның белгілі бір мәдени шартталған түсінігін бейнелейтін және атауға ие болатын Идеалды әлемнің объектісі».

А.Вежбицкая қалыптастырған концепт түсінігінде негізгі орын әр түрлі мәдениеттегі тірек концептілерге беріледі. Себебі автордың ойынша, мәдениеттегі тірек сөздер (ключевые слова), яғни мәдениеттің ядролық құндылықтарын бейнелейтін концептуалды маңызы зор сөздер көмегімен түсіну мүмкін болады [61, 278-284 Б.].

В.Н.Телия: «Концепт – адам ойының өнімі және идеалды құбылыс, осыған орай ол тек тілге ғана емес, жалпы адамзат санасына тән. Концепт бұл конструкт, ол жаңадан жасалмайды, ол өзінің тілдік сипаты мен тілден тыс білімі арқылы қайта құрылады» [40, 336 б.].

М.В.Никитин, А.П.Бабушкин концептіні дәстүрлі түрде сананың дискретті бірлігі ретінде түсінеді. М.В.Никитин: «Мағына – бұл таңбамен байланысты концепт» дейді, яғни өзгеше айтқанда, концепт – түрлі таңбалармен (сөз, морфема, сөз тіркесі) байланыста болатын бейне мен ұғым. Олар идеалды, шынайы болмысты бейнелейді [62, 54 б.].

А.Б.Бабушкин «Тілдің лексико-фразеологиялық семантикасындағы концептілердің типтері» еңбегінде концепт ретінде «шынайы немесе идеалды әлем затын бейнелейтін, танылған субстрат ретінде тіл иелерінің ұлттық жадында сақталатын ұжымдық сананың кез-келген дискретті бірлігін» түсінеді. Концепт вербалданады, сөз арқылы таңбаланады, әйтпесе оның өмір сүруі мүмкін болмас еді [1, 29 б.].

Е.С.Кубрякова: «Понятие концепта отвечает представлению о тех смыслах, которыми оперирует человек в процессах мышления и которые отражают содержание опыта и знания, содержание результатов всей человеческой деятельности и процессах познания мира в виде неких «квантов» знания» [52].

В.А.Маслованың анықтауынша, концепт эмоционалды, экспрессивті, бағалауыштық ореолмен қоршалған [2].

Концептіге берілген өзге анықтамалар да бар:

1. Концепт – ментальдік және психикалық ресурстарды түсіндіретін және адамдардың білімі мен тәжірибесін бейнелейтін термин.

2. Концепт – оперативті есте сақтау бірлігі, әлемнің адам психикасында көрініс табуы.

3. Концептілер – сөз және экстралингвистикалық шындықтың арасындағы дәнекерлер.

Концептінің осыншама түрлі анықтамаларының болуы, оның келесі инвариантты белгілерін көрсетуге мүмкіндік береді:

- а) сөз арқылы вербалданатын және өрістік құрылымы бар адамзат көзқарасындағы өз тәжірибесінің минималды бірлігі;
- ә) білімді сақтаудың, өңдеудің, айтып жеткізудің негізгі бірліктері;
- б) концепт жылжымалы шегара мен нақты функцияларға ие;
- в) концепт әлеуметтік, оның ассоциативті өрісі оның прагматикасын ескертеді;
- г) бұл мәдениеттің негізгі ұяшығы.

Біз З.Д.Попова мен И.А.Стерниннің пікіріне сүйеніп, концептіні «біршама ретке келтірілген ішкі құрылымға ие болған, жеке адам мен қоғамның танымдық (когнитивтік) қызметінің жемісі болып есептелетін, бейнеленетін зат немесе құбылыс жайында, қоғамдық санамен берілген ақпаратты интерпретациялау жөнінде, қоғамдық сананың берілген затқа, құбылысқа қатысы туралы кешенді, энциклопедиялық мәлімет беретін адамның ойлау кодының базалық бірлігі болып табылатын дискреттік ментальді құрылым» деп белгілейміз [3, 24 б.].

1.3. Концепт құрылымы, типологиясы

Қазіргі ғылымдағы әлі күнге дейін концептінің құрылымы мен типологиясы жайында біркелкі шешім жоқ болғандықтан, ғылыми категория ретінде концепт мәнін анықтау қиынға соғады.

Ю.С.Степанов концептіні «қатпарлы» құрылым ретінде көрсетіп, оның үш негізгі қабаты: нақты мағына (ішкі форма), пассивті (тарихи), жаңаша (өзекті және белсенді) бар екенін анықтайды [22, 41 б.].

Концептінің көпкомпонентті құрылымына В.И.Карасик тоқталып, оның бейнелі (образды), ұғымдық (понятийный) және құндылықты деп айқындайды.

В.И.Карасик концептінің бейнелі жағына «көру, есту, түйсіну, дәм сезу, иіс сезімі арқылы зат, құбылыс, есте сақталатын оқиғаларды сипаттауды»; ұғымдық жағына – «концептіні тілде бекіту, оның белгіленуі, сипатталуы,

белгілер құрылымы, дефинициясы, бір концептінің ешқашан да бөлшектенуге келмейтін екінші біреуге немесе бірнеше топ концептілерінің салыстырмалы сипаттамасын жасауын»; концептінің құндылықты жағына – жеке адамға, тіпті ұжымға бұл психикалық құрылымның маңыздылығын жатқызады. «Концептіні белгілеп көрсету үшін концептінің құндылық жағы айқындаушы болып табылады» [63, 8 б.].

Г.Г.Слышкин концепт құрылымындағы төрт аймақты: негізгі – интазона (денотаттың өз белгілерін көрсететін концепт белгілері); экстразона (паремиялар мен тұрақты сөз тіркестерінен шығарылатын концепт белгілері) және қосымша – концепт атауының басқа сөздермен ұйқасу нәтижесіннен шығатын ресми ассоциациялар, эвфемизмдерді қолдану және т.б. байланысты болатын квазизона мен квазиэкстразонаны бөліп шығарады [64, 17–18 Б.].

С.Г.Воркачев концептідегі ұғымдық құрамдас бөлігін (белгілер және дефиниция құрылымы), бейнелі құрамдас бөлігін (санадағы концептіні ұстап тұратын когнитивтік метафоралар) және концептінің тіл жүйесіндегі лексико-грамматикалық орнын белгілейтін этимологиялық, ассоциативтік сипаттамасы – маңызды құрамдас бөлігін көрсетеді [65, 7 б.].

Концептінің өрістік құрылымы жайында З.Д.Попова, И.А.Стернин: концептінің құрылымы өзектен (базалық қабат) және перифериядан (интерпретациялық қабат) тұрады. Базалық қабат пен қосымша когнитивтік белгілер мен қабаттардың жиынтығы концептінің көлемін жасайды және оның құрылымын белгілейді. И.А.Стерниннің айтуынша, «берілген құрылым қатып қалған дүние емес, себебі кез келген концепт үнемі қызмет етеді, әр түрлі өзінің құранды бөліктері мен аспектілерінде өзекті болады, басқа концептілермен бірігіп, соған негізделеді» [66, 58 б.]. «Егер концепт нақты сезім мен түсінікті қамтып көрсетсе, не болмаса концепт өте қарапайым ойланатын индивидтердің санасында көрсетілсе, сонда концептінің базалық қабаты концепт мазмұны әлсіз болады. Тым күрделі концептілерде қосымша когнитивтік белгілер (концептуалдық қабаттар) базалық образға қабаттанып, жемістің балдыры іспеттес болады. Белгілердің көп болуы да мүмкін, біршама дербес концептуалдық (когнитивтік) қабаттарды жасай алады да, тым дерексізден тым деректіге дейін бұлт іспеттес қабаттарға ұқсап, үсті-үстіне қабаттанып жасалады [3, 61 б.].

Когнитивтік белгілер мен қабаттарды жиі дерексіздік деңгейі бойынша теңестірілген сегменттер болып бөледі [5].

Концепт құрылымында сананың бірлігі ретінде бейнелі компонент концептінің психофизиологиялық негізі болып табылады: «типіне қарамастан әр концептінің базалық қабаты – белгілі бір сезім бейнесі болады. Бұл бейне бұл концептінің ойлау операцияларын кодтауға арналған кодтың пәндік әмбебап бірлігі ретінде сипатталады» [3, 61 б.]. Бейнелі компонент екі құрамдас бөліктен тұрады – концептуализацияланған зат не құбылыстың бейнелі сипатын теңестіре қамтып көрсететін перцептивті бейне және когнитивтік бейне. Перцептивті бейне көру, дәм сезу, түйсіну, дыбыстау, иіс сезімдеріне негізделеді [3].

Ақпараттық-ұғымдық компонент зат не құбылыстың тым елеулі белгілерін – бұл «концептіні тілде бекіту, оның белгіленуі, сипатталуы, белгілер құрылымы, дефинициясы, бір концептінің ешқашан да бөлшектенуге келмейтін екінші біреуге немесе бірнеше топ концептілерінің салыстырмалы сипаттамасын жасауын, оның маңызды қасиеті – біздің тәжірибе жүйемізге көп өлшемді голографиялық кірігуін» өзіне қосады» [16, 10 б.].

Концептінің интерпретациялық өрісі оның перифериясын жасайды және «ұлттық, топтық және жекелік санамен концептінің өрістік мазмұнын бағалау және түсіндіру» [3, 97 б.].

Интерпретациялық өріс келесі аймақтардан тұрады:

- бағалаушы аймақ – жалпы бағаны білдіретін когнитивтік белгілерді біріктіреді;
- энциклопедиялық аймақ – концептінің міндетті емес, тек тәжірибе, білім алу, концептінің денотатымен байланыс жасау және т.б. барысында ғана танысуды қажет ететін белгілерін сипаттайтын когнитивтік белгілерді біріктіреді;
- утилитарды аймақ – адамның концепт денотатына, білімге бір практикалық мақсатпен қолданатын ерекшеліктер мен мүмкіндіктеріне байланысты утилитарды, прагматикалық қатысын білдіретін когнитивтік белгілерді біріктіреді;
- регулятивті аймақ – концептіні «қаптайтын» ортада не істеу, не істемеу керек екендігін белгілейтін когнитивтік белгілерді біріктіреді;
- әлеуметтік-мәдени аймақ – концептінің халық мәдениеті мен күнделікті тіршілігімен: салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен, нақты бір әдебиет және өнер өкілдерімен, белгілі бір көркем шығармамен, прецедентті мәтіндермен және т.б. байланысын көрсететін когнитивтік белгілерді біріктіреді;
- паремиологиялық аймақ – мақал, мәтел, нақыл сөздермен белгіленетін концептінің когнитивтік белгілер жиынтығы, яғни концептінің ұлттық паремияларда көрініс табатын құбылыс туралы пікірлердің жиынтығы [3, 78–80 б.].

Одан басқа, концепт құрылымы зерттелген концептінің түріне байланысты. Лингвокогнитивтік зерттеулердің нәтижесін талдау арқылы концепт түрін анықтайтын принциптер әр түрлі екендігін көрсетті:

1) нақтылық деңгейі – мазмұнының дерексіздігі бойынша: деректі концептілер – дерексіз концептілер;

2) тілде көрінуі – көрінбеуі бойынша: вербалды – бейвербалды (жасырулы);

3) тұрақтылық деңгейі бойынша: тұрақты – тұрақсыз (Попова);

4) көкейтестілік жиілігі пен жүйелілігі бойынша: көкейтесті – көкейтесті емес (Попова, Стернин);

5) құрылым бойынша: қарапайым (бір деңгейлі), күрделі (көп деңгейлі), сегментті (Стернин), алмаспа (калейдоскопические) (Бабушкин), композитивті (Фисенко);

6) бірліктері вербалданған тілдік көрінісінің амалдары бойынша: лексико-фразеологиялық (бір сөзді, яғни бір лексемамен берілген), бір сөзді емес

(тұрақты тіркестермен берілген), мәтіндік (бір мәтінмен берілген), грамматикалық, синтаксистік;

7) стандартизация бойынша: әмбебап (инвариантты); жалпыұлттық (этникалық); топтық (әлеуметтік, жыныстық, жас ерекшелігі жағынан және т.б. топтарға жататын), жекелік (бір индивидтің игілігіндей концепт) (Залевская);

8) жанрлық бекіту амалдары бойынша: ғылыми, көркем әдебиет, күнделікті;

9) абстракция деңгейі мен мазмұны бойынша: нақты сезімтал бейне, ұсынылым (ойлау суреті), схема, ұғым, прототип, пропозиция, фрейм, сценарий (скрипт), гипонимия, инсайт, гештальт (Болдырев)

Концептінің түрлі типі құрылым жағынан бір-бірінен ерекшеленетіні сөзсіз, бірақ зерттеушілердің көбінің «күрделі құрылымды, әр түрлі топтардың белгілері арқылы анықталатын, алуан түрлі тілдік амалдар мен құралдар арқылы жүзеге асырылатын» [4, 10 б.] концептіні әртекті жасалым деп атағандығы бәріне ортақ. Ғалымдардың бірсыпырасы оның репрезентацияларының тілдік құралдарын талдау арқылы айқындалатын концептінің күрделі көпкомпонентті және көпқабатты құрылымы туралы сөз етеді.

Бұл жұмыста концепт мазмұнын модельдеуде Воронеж университетінің теориялық-лингвистикалық ғылыми мектебінің бейнелі, ақпараттық-ұғымдық компонент және интерпретацияланған өріс деп белгіленген концептінің үшмүшелік құрылымы туралы тұжырымдарына сүйенеміз [63], [64], [65].

1.5. Когнитивтік білімдер жүйесіндегі «әйел» концептісінің орны

Соңғы жүз жылдықта әлемдік деңгейде жыныс мәселесіне қызығушылық байқалады деп айтуға болады. Аталған мәселе өнерде, ғылымда, қоғамдық өмірде бұрын-соңды болмаған дәрежеде көтеріле бастады. Ал лингвистикада зерттеу объектісі ретінде әйел бейнесі және оның тілде көріну құралдары біршама көп уақыт бері лингвистердің назарында.

XX ғасырдың отызыншы жылдардан бастап орыс тіл білімінде тиісті дәрежеде түрлі номинаттар атауларының лексика-фразеологиялық құралдары, оның ішінде жынысқа бөлу мәселесі қозғалады. «Әйел» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Әйел атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «әйел» концептісінің туыстық қатынастар аясына қыз, келін, ана, жеңге, абысын, ене лексемалары енсе, қоғамдағы әлеуметтік орнына орай бәйбіше, тоқал, жесір лексемалары қолданылады. Ал жас ерекшелігіне орай қыз (бойжеткен, қалыңдық, келін, келіншек), әйел (жұбай, жары, қосағы), бәйбіше (тоқал, жесір), кемпір (әже, кейуана) ұғымдарын жатқызамыз.

Әйел, сирек қатын сөздері – әйел заты номинантының тілдік көрінісінің негізгі құралы болып табылады. Жалпы алғанда, әйел жынысын білдіру үшін мыңнан астам «лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық, афористік, мәтіндік атаулар қолданылады [70, 22 б.].

Орыс тіл білімінде әйел бейнесі М.Я.Немировский, (1938), И.Ф.Протченко (1953; 1960; 1961, 1964), А.А.Зализняк (1964), Т.В.Шанский (1964), Ю.С.Сорокин (1965), Н.А.Янко-Триницкий (1966; 1967), В.П.Даниленко (1967), М.В.Китайгородская (1976), А.А.Брагина (1981), А.П. Бабушкин, З.Д.Попова (1987), А.А.Загнитко (1987), И.С.Улуханов (1988), Р.И.Розина (1991), В.Н.Телия (1996), Г.А.Лилич (1996), А.М.Холод (1997) және басқалардың зерттеулерінде сөзжасамдық, ономастикалық, стилистикалық, әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық аспектіде гендерлік жағынан талдау жүргізіледі.

Әсіресе, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистикада «ана» концептісіне көптеген жұмыстар арналды. (Ж.Л.Фландран, Л.Стоун, Р.Трамбэч, Э.Шортер, А.Т.Аллен, Ф.Хейер, О.Хаутон, П.А.Андреева, Н.Л.Пушкарева, Н.М.Жанпеисова, Г. Шоқым және басқалары).

Гендерлік зерттеулердің белсенді дамуы арқылы жыныс категориясын зерттеуінің басқа аспектіне қызығушылық танылды. Лингвистикада сөйлеу жынысына байланысты дифференциациялар мәселесі бойынша (А.В.Кирилина (2000, 2001, 2002), Е.А.Горошко (1996, 2001, 2003), Е.М.Бакушева (1995), С.К.Табурова (1999), Ольшанский (1997), О.И.Антинескул (2000), В.В.Потапов (1997), Е.Ю.Гетте (2004) және басқаларының) көптеген зерттеулер жарыққа шықты. Зерттеулерде жыныстық факторы индивидтің сөйлеу әрекетінде ғана емес, сонымен қатар гендерлік айырмашылық барлық тілдік кезеңдерде: фонетика, лексика, сөзжасам, сөз қолдану ерекшеліктерінен байқалады.

Әйел бейнесін лингвомәдениеттану аспектіде зерттеу бойынша бірқатар жұмыстар жарыққа шығады. Әсіресе, жарнамалық мәтіннің тіліндегі гендерлік стереотиптерін зерттеуге баса назар аударылады. (И.В.Грошев 1998, А.Альчук 1998, М.В.Томская 1999, А.Дударева 2002, И.Н.Дубовская 2002, А.Ж.Ербулова 2000, О. И.Каримова 2006 және басқалары). Ғалым Г.Шоқымның көрсетуінше, «лингвомәдениеттанулық бағытта феминдік және маскулиндік таптаурындардың (стереотип) тілдегі көрінісі, «еркектік» (мужественность) және «әйелдік» (женственность) тұжырым жасап, гендерлік метафоралар қолданысы (еркектік немесе әйелдік мағынасының жынысқа қатыссыз заттар мен құбылыстарға ауыстырылып қолданылуы) және мәдениетаралық қатысым деңгейінде т.б. зерттеулер жүргізілуде» [71, 23 б.]. Қазір сөнге айналып, өміріміздің бір құрамдас бөлігі саналатын жарнама тілін зерттеуші И.А.Гусейнова, М.В.Томская қазіргі жарнамалық дискурста гендерлік стереотиптердің ақпарат таратуда зор мәнге ие екенін атап көрсетеді [72, 79 б.].

Тілде әйел бейнесін параметризациялау жиі тілдің паремиологиялық, фразеологиялық қоры негізінде зерттеледі, себебі зерттеушілердің айтуы бойынша, тек паремиологиялық, фразеологиялық қорда ғана ұрпақтан ұрпаққа қарым-қатынас жасау үрдісінен таралған, қоғамда қалыптасып кеткен тұрақты көрініс пен бейнелер сияпталады. (Н.А.Красавский, И.М.Кирносов 1996, В.Н.Телия 1996, Е.А.Картушина 2003, А.Р. Залялеева 2001, А.С.Быкова 2006 және басқалар).

Орыс фразеологияда әйел бейнесін зерттеуге В.Н.Телияның монографиясы арналады. Зерттеуші орыс мәдениетіндегі базалық метафоралардың бірқатарын анықтайды [36, 263-268 Б.].

Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи сипатқа ие. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, тұңғыш профессор Қ.Жұбанов әртүрлі халықта әйелдер тіліне тән ерекшеліктер болатынын көрсеткен. Қ.Жұбановтың еңбектерінде әйел тілінің спецификалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Қ.Жұбанов «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылып еткізу» (танданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйелдердің специфик тілі болып табылады», – дейді [73, 41 б.].

Соңғы уақытта отандық тіл білімінде гендерлік тұрақты тіркестердегі әйел лексемасын қарастырған А.Смайловтың зерттеу еңбегінде [74], қазақ әйелінің ұлттық мәдениеттегі, қоғам өміріндегі орны мен рөлін сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта анықтап, әйел концептісінің лексика-семантикалық, концептуалдық мазмұнын аялық білім деңгейіне түсініктеме берген А.Байғұтованың кандидаттық диссертациясында [75], әйел қолөнеріне байланысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты мен ономазиологиялық негіздерін егжей-тегжейлі зерттеп, әйел қолөнеріне қатысты атаулардың табиғатын тілдік және тілдік емес факторлар арқылы айқындап, оның рухани-мәдени өмірдегі орны мен ұлттық сипатта қалыптасуын, рухани-мәдени өмірдегі орнын, этномәдени мазмұнын қарастырған А.Әлімжанова [76] еңбектерінде қарастырылған.

О.Ю.Шишигинаның (2003) диссертациялық жұмысы ағылшын тілінің фразеологиялық бірліктерінің көрініс табуын талдау арқылы әйел концептісінің белгілерін анықтау, жинақтау, сипаттау айқындауға арналады. Зерттеуші концептіні аффективті, заттық, витальді, гастронмиялық, квалитативті, психологиялық, діни-мифтік, реляциялық, өзіндік жыныстық, әлеуметтік, темпоральді-локативтік, физикалық, эстетикалық белгілердің жиынтығы ретінде қарастырып, ағылшын мәдениеттануында осы белгілер үйлесімділігі арқылы әйелдің стереотиптік көрініс табуындағы когнитивтік моделі анықталады.

О.Ю.Шишигинаның зерттеуінде «еркек» және «әйел» концептін қайта құруға арналған жұмыстарға егжей-тегжейлі шолу жүргізіп, әйел мен еркек туралы тілде орныққан стереотиптік түсінік пен мәдени қондырғыларды анықтап, келесі қорытындылар жасалды:

– тілде көрінетін еркек стереотипі патриархалды типтегі мәдениетінде жоғалры бағаланатын қасиеттерге тән: дене күштілігі, зияткерлік басымдылығы, орындылық, агрессиялық, сексуалды белсенділік, тәуелсіздік, билік жүргізу; ал әйелдің стереотиптік бейнесіне еркектердің әйелде көргісі келетін қасиеттері, нақтырақ айтсақ, тәуелділік, тән сұлулығы, сексуалды тартымдылық, сезімталдық, нәзіктік, басқаларға қамқорлық жасау жатады;

– мақал-мәтелдерде көбіне андроцентристік дүниетаным, яғни еркектік клешек, әйелді менсінбеу, оған немқұрайлы қарау және т.б. көрінеді. Қазақ тілінің және қазақ мәдениеттануының ерекшелігі қазақ паремиологияда туылған ғалам бейнесінде әйел дүниетанымының, «әйел үнінің» бар болуы. Әйелдің ғалам бейнесі тұрмыс құру, ана болу, сүйіспеншілік, шыдамдылық, сезімталдық деген семантикалық зоналардан тұрады;

– фразеология мен паремиологияда бір жағынан, әйелдің ғаламның тілдік бейнесінде «жақсы әйел» ер адамның жақсы қасиеттерін асырып, жаман қасиеттерін жасырып, отбасының түтінін түтетіп, үйдің берекесін, ырысын молайтатын жан екені, екінші жағынан әйелдің еріншектік, олақтық, салақтық, ұрысқақтық, айлакерлік, жеңіл ауыздық деген жағымсыз қылықтары әшкереленіп сипатталады;

– еркектергі қарағанда әйелдік номинациялар мен фразеологизмдердің қолдануы теріс бағаланады [77, 22-25 Б.].

Кезінде гендерлік зерттеулер туралы қазақ тіл білімінде нақты сөз қозғалып, ғылыми зерттеулер жазылмаса да, оның ұшқынын қазақ халқының таным-түсінігінде әйелге қатысты қалыптасқан тілдік ерекшеліктерді сөз еткен Ә.Ахметовтің «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» [78], М.Бимағамбетованың «Қазақ сөз этикеті» еңбектерінен табуға болады. Бұдан біз қазақ тіл білімінде әйел мәселесі бұрын да ғалымдардың назарына іліккендігін байқаймыз, дей тұрса да бұл факторлар қазіргі кезде Отандық тіл білімінде жан-жақты арнайы қарастыруды талап етеді. Осыған орай қазіргі кезде бұл бағытта қазақ тіл білімінде тіл мәселелерін «әйел» концептісін аясында қарастыратын зерттеулер көбеюде. Олардың қатарына Б.Хасанұлы, Г.Мамаева, Қ.Жанатаев, Г.Шоқым, М.Ешимов, А.Байғұтованың ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады. Сол себепті қазіргі кезде тіл білімінде әйелді зерттеудің басты мақсаты – әлеуметтік қоғамдағы ерлер мен әйелдерге деген тілдік қарым-қатынасты айқындайтын қоғамдық, танымдық, әлеуметтік, ұлттық факторларды анықтау, жеке тұлғаның белгілі бір жынысқа қатысуына қатысты мінез-құлық ерекшеліктерін, болмыс-бітімін, оның әйелге тән негізгі қасиеттерінің тілдік белгілерін анықтау. Осы тұрғыдан келгенде, біз өз зерттеуімізде «әйел» концептісін когнитивтік моделін анықтауға тырыстық.

Жоғарыда айтқандарды қорытындылай келе, көптеген зерттеулерге қарамастан, когнитивтік білімдер жүйесіндегі «әйел» концептісі толықтай зерттелген жоқ.

2. ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІ

2.1. Қазақ лингвомәдениетіндегі «әйел» концептісінің ұлттық көрінісі

Жалпы христиан дінінде әйел туралы зұлым, күнәһар, өтірікші, кекшіл т.б. деген сияқты өте төмен көзқарас қалыптасты. Христиан дінбасыларының бірі Әулие Бернар бір жағынан Мария ананы қасиетті әулие дәрежесіне жеткізіп дәріптесе, екіншіден, христиан әйелдерді әлі келгенше төмендетіп баққан. Кезінде католик дінінің ресми теологы болып бекітілген Фома Аквинский: «Әйел тез өсетін арам шөп сияқты. Ол толыққанды адам емес, оның денесінің толық жетілмегенінің өзі оның құндылығының төмендігінен, табиғат онымен азырақ айналысатындықтан... Әйелдер оларды мәңгі билеушінің немесе ұстаздың басқаруымен ұстап отыру үшін туады» деген [79].

Оның алдында, XI ғасырда әйелдерді «мыстандар» деп танып (сатананың одақтасы), қырғынға ұшыратқанын тарихи деректерден білеміз.

Орта ғасырларда Адам Атаның жұмақтан қуылу себебін әйелден көріп, оны улы жыланнан да қауіпті санаған. Осы кезеңде Еуропа әйелдерінің құқығы төмен болғаны соншалық, тұрмысқа шығарда әйелдің мүлікті иелену құқығы жойылып, оның бүкіл мүлігі күйеуінің иелігіне көшіп отырған. «Жаңа Еуропада да әйел ана, жар, адам ретінде де ешқандай жоғары мәртебеге ие емес» –деп жазады ғалым Хайдар Баш [80, 14 б.]. Оның пікірінше, өнеркәсіптік төңкеріспен бірге Батыс әйелдері тынымсыз тең құқық пен еркіндікті іздеу барысында әйелге ең қажетті қасиеттерді ұят пен қарапайымдылықты жоғалтып алды да арзан тауарға айналып кеткенін сезбей де қалды. Бүгінде тіс пастасынан бастап автокөлікке дейінгі кез келген өнімді жарнамалауда әйелді ашық түрде пайдалана бастады» [80, 15 б.].

Исламтанушылардың пайымдауынша, әйел мен еркектің тең құқықтығы мәселесі қисынсыз. Себебі, оларды өзара тең санау алма мен алмұртты теңестірумен бірдей. Әйел мен еркек психологиялық та, физиологиялық тұрғыдан да өзгеше жаратылғандықтан, табиғаты бірбірінен ерекшелетіндіктен, бақыт пен тыныш өмірге ие болу үшін әрқайсысы өзінің табиғи жаратылысына сай салада өзін жетілдіру керек.

Осымен байланысты, әйел, ең алдымен, ана. Ол асқан шыдамдылықпен, нәзік сезіммен, ерекше мейіріммен баланы өсіреді және тәрбиелейді. Әке бала тәрбиелеуде ана сияқты сонша төзімділік пен мейірім үлгісін таныта алмайды. Себебі, әйел табиғатын ерекшелейтін де оны көкке көтеріп, құрметке бөлейтін де оның жан дүниесіндегі қайырымдылық, нәзіктік, өзгеге түсіністікпен қарау, сезімталдық және төзімділік сияқты ізгі қасиеттер деп ойлаймыз. Бұл қасиеттер әйел аналық міндетін отбасы аясында танығанда ғана айқын көрініс береді.

Ал енді табиғаты да, міндеті мен жауапкершілігі де мүлде бөлек әйел мен еркектің қайсысы басты, негізгі орынға ие деген сұраққа Ислам дүниетанымы бойынша былай жауап беруге болады: «Құран жан-жақты, толық қалыптасқан адам моделіне басымдылық береді. Бұл модельге сәйкес, толыққанды адам төзімділік, ризашылық, қанағатшылдық, қайырымдылық, қарапайымдылық,

кеңпейілділік, достық, көмек қолын созу сияқты қасиеттермен бірге иманды, құдайдан қорқатын, діни сенімі кәміл тұлға болуы тиіс. Ал енді осы қасиеттерді бойына сіңірген адам ол әйел болсын, еркек болсын, басымдылыққа ие. Яғни адамгершілігі, рухани қасиеттері жоғары адамның мәртебесі де биік.» [80, 17 б.].

Ежелгі қазақ дүниетанымында орын алған барлық діндер мен діни сенімдердің олардың ежелгі діні тәңіріліктің бір сатысы түрінде қабылданып, оның негізгі нышандарының, сонымен қатар әйелге Ілкі Ана, Ұлы Баба, Түпана (арғы тек) түрінде табынушылық пен құрметтің іргесін қайта шайқалта алмағанын байқалады. Ислам дінінде де әйелге ерекше орын берілгені «Алдымен анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкенді сыйла», «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббатпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі», «Жұмақ кілті ананың қадамы астында» т.б. хадистік қағидалардан айқын көрінеді. Бұл хадистердің мәнін діни сипаттағы прецедентті мәтіндер арқылы анықтауға болады: «Мұхаммед пайғамбар тұрғындары зұлымдықты жақтайтын қалаға қарсы қасиетті соғысқа шығуға шақырады. Сонда Елшінің сенімді серіктерінің бірі анасына келіп: «Менің заттарымды дайында. Пайғамбарымыз соғысқа дайын болуды бұйырды» дейді. Анасы баласына «мені жалғыз қалдырасың ба?» деп ренішін білдіреді. Сол кезде баласы «Мен Пайғамбардан алыс кете алмаймын» деп азар да безер болады. Сонда анасы. «егер сен кетсең, ақ сүтімді көкке сауам» деп жауап береді. Әйел Мұхаммед пайғамбарға барып, әлгі сөздерін қайталайды.

Біраз уақыттан соң қасына барған жігіттен теріс айналған Пайғамбар оған былай дейді: «Мен саған қатты ашулымын. Себебі, сен анаңның өтінішін жерге тастадың. Адам баласы анасы мен әкесіне қызмет жасап, қарызын қайтару үстінде жұмақ онымен бірге болады» [80, 20 б.].

«Енді бірде Мұхаммед пайғамбарға бір адам келіп былай деп сұрайды: «О, Алланың Елшісі! Мен анамды арқама салып ап қатты шыжыған ыстықта он алты шақырымдай арқалап жүрдім. Егер ондай аптапта жерге ет кесегін тастасам, ол бірден қуырылып шыға келетін еді. Мен осы әрекетіммен оның еңбегін өтедім деп санауға бола ма?». Бұған Пайғамбарымыз былай жауап беріпті: «Сенің бұл ісің анаңның толғақ кезінде көрген азабының азғана бөлігінің төлеміне жатады» [80, 33 б.]. Халқымызда жиі айтылатын «Анаңды үш рет арқалап Мекеге апарсаң да, парызыңнан құтылмайсың» деген мақалдың мәні осында болса керек. Мұның бәрі ана еңбегінің өлшеусіз, рөлінің, барлық уақытта жоғары, мәртебесінің қай қоғамда болсын биік болуы тиістігін танытатыны сөзсіз.

Алайда қазақ даласында түрлі миссионерлердің қыруар еңбек сіңіргеніне қарамастан, ешқандай дін түрі терең дендеп еніп, өмір сүру салтына айналған жоқ деуге болады. Мұның себебін, яғни қазақтардың аса діншіл болмауын С.Ақатай олардың өмір сүру салтымен түсіндіреді. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы берік қалыптасқан дәстүрлі рухани құндылықтары оларды қоршаған нақты өмір шындығымен, олардың қоғамдық және еңбек ету салаларымен тығыз байланысты болды. Барлық дін түрлері, оның ішінде ислам

да көшпелілердің күнделікті өмірі мен оларды толғандыратын мәселелерінен жырақ болды, қарапайым халық үшін дін қағидалары дерексіз, көшпелі тіршілікке бейімделмеген боп саналды. Сол себепті исламның имандылық, тазалыққа үндейтін өзіне жақын жақтарын ала білген қазақтар ата-бабаларының ғасырлық сын тезінен өткен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын көздің қарашығындай сақтап, ерекше қастерлеп, оларды өзге рухани және мәдени құндылықтарымен ұштастырып, кей інгілерге дәріптеп, насихаттап, ұрпақтарына тозбас, жасампаз ұлттық мұра есебінде қалдырып отырды.

Қазақ дүниетанымында адамның дүниеге деген көзқарасы ұлттық болмыстың дерексіз таңбалары мен символдары түріндегі халықтық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-рәсімдері мен табу, т.б. арқылы танылып отырды. Қазақ тұрмысы олардың түр-түріне толы болғандықтан, көршілері арасында «ырымшыл қазақ» атанды [81, 59-60 б.].

Аталған қасиеттердің бәрі, ең алдымен «әйел» концептісіне қатысты екенін көркем мәтіндегі деректер дәйектей түседі:

...Алласының осындай сыпаттарынан хабары болып көрмеген Жұбай жеңгей құдық басында сол ұлығдұрдың өзін сілейте қарғап жүр... Именер де, ығысар да емес. Даусы ащы да қатал, зілді де кекті шығады.

– Қу құдай, шұнақ құдай, саңырау құдай, құрығыр құдай!..

Бұл батылдыққа қазақтың еркегінен бұрын әйелі жетті, ерте жетіпті. Амалы қайсы, ғылымсыз да білімсіз, философиясыз, өмірдің ащы зары жеткізіпті. Сабаумен тулақты ұрып қалғанда шыққан дыбысқа сабау да ортақ. Жұбайдың ащы даусы сол тулақ дыбысы еді.

Сірідей көнбіс жанына тағы да аяусыз келіп соғылған бірдемеден Жұбай жеңгейдің қатты ышқынғаны байқалады. Қу құдайдан бастады да, құрғырдан бір-ақ шығарды. Бейнесі белгісіз ислам алласын тастан, ағаштан жасалған, қуарып қалатын, шұнайып қалатын ескі құдайларға теңеп қарғайды. Әжелердің әжесінен бері тартып келе жатқан әйел зарын естімеген, әйел азабын көрмеген, аямаған құдайды меңіреу деп, құрығыр деп қарғайды (Ғ.Мүсірепов. Оянған өлке).

Бұбира уысына ұстай кірген тұзбен немересін аластап, күбір-күбір дұға қайырған. Бүгінгі көбейіп кеткен ырым-сырым жүйкелетейін десе керек, Мырзатай шешесінің қылығын жақтырмай қалды:

– Сонша неге дегбірің қашты, қойсаңшы қайдағыны ойлап таппай.

– Қарағым-ай, дегбір қашқаннан құдай сақтасын. Тіл-көзден аман болса екен дегенім ғой. Сен сөйдегенмен, жұрт не ойларын қайдан білдің. Өзі де жайдары болғалы тұрған неме ме, күшлә жегендей ыржалаңдай қапты сол арада... Әдіре қалғыр, әлгі Ауғанбектің қатыны неткен көргенсіз: «Ойбай, мынау күледі ғой», «Ойбай, мынау шешесін таниды ғой» деп қайта-қайта ішегін тартады... Ырымшыл кемпір зекіп тастап еді, келіншектер көңіл үшін «тіфәй-тіфәй» десті (М.Сқақбай. Ұят туралы аңыз).

Қазақтың бай әдеби, рухани мұраларының үлгілерінен халқымыздың өткен өмірі, тарихы, мәдениетіне қатысты деректерді білумен қатар оның дүниетанымы, көзқарасы, болмысы мен психологиясы, қайталанбас салт-дәстүрінен мол мағлұмат алуға болады. Осымен байланысты адамзат баласы

артында қанша бай материалдық мұра қалдырғанымен, осы тектес рухани мәдени мұралардың маңызы ерекше екенін Л.Гумилевтің мына пікірі дәлелдей түседі: «Міне, осынау бай жиһаз бізге жетпеген; ағаш пен асыл терілер шіріген, алтын мен күміс қайта балқытылған, ал қару-жарақты тот басып, шаң-тозаңға айналған. Бірақ жазба деректер енді қайталанбайтын, аса бай мәдениет жөнінде сан ғасырлар қатпарынан бізге құнды мәліметтер жеткізеді, ауыз жарымайтын археологиялық олжалардан гөрі, біз оған көбірек сенім артуымыз керек» [82, 71 б.].

Қазақ әйелдері туралы сөз болғанда, әсіресе олардың сырты мен іші үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде әңгімелегенде, ең алдымен батырлар жырындағы, аңыз әңгімелердегі әйел кейіпкерлердің көз алдыңызға келері сөзсіз. Құртқа – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, Жібек – сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс, Қарашаш әйел үшін таптырмайтын қасиет – кулық пен айлакерлік, тапқырлықтың, Домалақ ене көрегенділік пен қарапайымдылықтың, ал Баян, Айша бибі – сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы.

«Қобыланды батыр» жырында Құртқаның батырдың аты Тайбурылды өзі таңдап, оны қандай ыждаһатпен бағып-қаққаны туралы баяндалады. Қобыландының досы Қараман «жауға бірге жүр» деп шақырғанда, батыр Құртқамен ақылдасып, оның тұлпардың бағуында қырық үш күн кемдігі бар деген сөзіне тоқталып отырғанын айтқанда, Қараман:

Қатынның тілін алсаңыз,

Қатынға ақыл салсаңыз, – деп оның намысына тиеді. Қобыландының ашуланғанын көріп Құртқа Тайбурылды батырға амалсыз шығарып береді. Шайқаста аттың бабының қырық үш күн кемдігінен зардап шеккен батыр Құртқаның тілін алмағанына қатты өкініп, бармағын шайнайды

Қатынның баққан атын ай!

Қатын да болса, білдің бе?

Құртқаның асыл затын-ай!

Бұл – халықтың әйелде ақыл, байыптылық, жағдайды дұрыс таразылау сияқты қасиеттердің басым екенін, оны жете бағаламау, намыс көру жөнсіз екенін мойындауы.

Әйел ақылына халықтың бас июінің айшықты көрінісі – «Айман-Шолпан» жыры. Осы жырда халықтың «Алтын басты әйелден бақыр басты еркектің артық» еместігін біржола мойындап, әйел ақылына бас ұруы, әйел сұлулығынан ақылды жоғары қоятыны байқалады. Жырда «сұлу» эпитеті Шолпанға қатысты ғана қолданылады да, Айманды:

Айманның әрбір түрлі айласы бар,

Секілді бойы көркем биік шынар, – деп бейнелейді.

Жырда Айманның даналығымен бауыры мен өз басына азаттық алғаны ұлы жоқ әкесінің малын жаудан қайтарып, елінің намысын қорғап, екі елдің арасын ушықтырмай, төрелік айтып, бітістіргені жырланады.

Айман қыз ақылменен тату қылды,

Бүйтіп ел болмас еді ұрысқанда («Айман-Шолпан» жыры).

Қыз балаға ата-ананың, жалпы қазақ қоғамының көзқарасының қаншалықты жоғары болғанын анық. Осындай көзқарастан болар, қазақ қыздары еркін, батыр боп өседі. Қазақта қыз баланың, жалпы әйел затының бойынан төменшектік, именшектік, ұялшақтықтан гөрі өжеттік, еркіндік, ақыл, парасат сияқты қасиеттерді жоғары бағалайды.

Мен көкпарға тастаған лақ емеспін. Мен Роксанамын. Байтақ патшаның еркін өскен қызымын. Александр мені өзінің теңі деп білді. Мен оны да бағаладым. Ұлы Александрмен теңмін деп шалықтамаспын. Бірақ падишаға Ұлы Даланың еркін өскен қызына шақ теңдігімді кемітпеспін. Соңымда бейбіт өмірге жеткен елім қалып барады деп өзімді жұбатармын, жаратқан ием осылай жат жұрттық етіп дүниеге әкелді екен – ендігі тілеуім Александрдың амандығы болады (Э.Төреханов. Ескендір мен Роксана).

Ар-ұят, абырой деген ұғымдарды жоғары ұстаған қазақ қыздарының именшек, шектен тыс төменшек болмағанын дәлелдейтін дәйек мысал көп. Ел қорғар батырларды дүниеге әкелетіндіктен, ұрпақ жалғастығы, ұлт тәрбиесі анаға байланысты болғандықтан қыз баланың, әйел-ананың басқаша болуға қақысы да жоқ деп ойлаймыз.

Қайсарлық, өжеттік, тәкаппарлық, көрегенділік пен даналық қазақ қыздарына ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған Тұмар, Зарина, Домалақ ене, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршындардан келгені даусыз.

Шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 570-520 жылдар арасында өмір сүрген сақ патшайымы Тұмар өз бақытынан бұрын елінің еркіндігін жоғары қойып, өзін әйел етіп, халқын билемек болған «Азия әміршісі» атанған Кир патшасының қаһарынан қаймықпай, құда түсе келгендерге:

– Мен – елімнің падишасымын. Мен иілсем – елімнің иілгені... Кир көзін маған емес, еліме салып отыр. Ал еліме бұғау салдыртпаймын, ата-баба әруағы жатқан жерді жаттың табанына таптатқызып қорлатпаймын. Соны есінде сақтасын, – деп қайыра сәлем айтты.

Сөзге тоқтамаған қанішер патшамен соғысып, қанша қиындық көріп, ұлынан айрылып, қайғы шексе де, желдей ескен еркін сақ ордасы құлдықтың қамытын кимей, еңсесі езілмей, бостандықта өмір сүруі үшін тәуекелге бел байлап, жанкешті кескілес соңында жауын жеңіп, Кир патшаға қан жұтқызды.

...Жанарынан жасы үзіліп түскен Тұмар ханым Кирдің кесілген басын қолына жиіркене ұстап тұрып:

– Издегенің қан еді, ал іш, ендеше! – деді де сабадағы қанға басын батыра малып жіберді...[83, 166-179 Б.]

Ал біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырдың аяғы мен V ғасырдың басында өмір сүрген сақ патшасы Заринаның еркіндігіне ерлігі, серілігіне сұлулығы сай керім келіншек болған көрінеді. Ол өздеріне жау елдің батыры Стриангейді кездестіріп, олардың арасында ерекше махаббат сезімі тұтанады. Қолға түскен батырды өлімнен қорғап қалған Заринаға Стриангей адал махаббаттың белгісі ретінде екі патшалықты біріктіріп, қосылуға тілек білдіреді. Алайда ойлануға бір жыл сұраған сақ патшайымы келісілген мерзім біткенде былай жауап береді:

– ...Мен сені шынымен жақсы көрем. Бірақ сен екеуіміз қосыла алмаймыз. Себебі, мен саған тұрмысқа шықсам, сен – хан, мен ханым болам. Менімен қоса елім де саған бағынышты болады. Сондықтан жеке басымның бақытын елімнің еркіндігіне айырбастай алмаймын. Махаббаттан да күшті нәрсе бар, ол – елімнің тәуелсіздігі. Қош, сүйіктім! – дегенде екеуінің де көзінен ыстық жас ыршып кетеді [84, 166-179 Б.].

Сүйгені үшін қосағын құрбандыққа қиған, бірақ халқы үшін сүйіктісінен де бас тартқан сақ қызы Заринаның қайсарлығы, халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, тәкаппарлық қасиеті ғасырлардан бізге тозбай жетіп, қазақ әйелі үшін өнегелік сипат алғаны анық.

Сақ патшалығының Қаңлы елінің батыр да батыл қызы Роксана да өз басын құрбандыққа шалып, ел-жұртын Александр Македонскийдің қырғынынан аман сақтап қалу үшін әлем билеушісі атануды мақсат тұтқан патшаның ұсынысын қабылдап, көрмеген, білмеген жырақ жат елге аттануға бел буады.

Мен көп ойландым, әке! Түнбаласы көз ілмедім. Ескендір – дәл бүгін құдайы қолдап тұрған патша. Қаңлы елі бес патшадан соң құласа, өлі мен тірінің лағнеті бізді табады. Бір емес, төрт патшалықтың арасы Ұлы Даланың, сақ баласының басын бәске тігуге дәтім шыдамады. Ескендір маған адамшылық жолымен құда түсті, алдарыңнан өтті. Оны ел-жұрт түгел біледі. Қырық мың қыршын өлгенше қаңлының бір қызы ретінде құдай ерекше жаратқан әлемнің әміршісі болам деп азуын айға білеген, некесі қиылып көрмеген жас патшамен жат жұрттығымды жасасам деп ұйғардым. Уәдемді бердім, әке. Шарт қойдым (Ә.Төреханов. Ескендір мен Роксана).

Ел аузынан жинаған аңыздардың бірінде қазақ танымындағы ұл мен қыздың орны туралы былай делінген:

Бір батыр жорыққа бармақшы болады. Оған әйелі қарсы болып мынадай уәж айтады:

«Әкем» деп жоқтар қызың жоқ,

«Атам» деп жоқтар ұлың жоқ.

...Айтқан тілді алмасаң,

Жау қолында қаларсың.

Батыр әйелінің тілін алмай, жорыққа кетеді. Ақыры жау қолында қайтыс болады. Өлер алдында ұлының емес, қызының жоқ екеніне налиды:

Жау қолында құдайым өлім бердің,

Әкекем деп шырылдар қызым да жоқ [84].

Қызды айрықша құрметтеген қазақтардың әйтсе де дүниеге қыз келгенде ұл туғандай қуанбағаны шындық. Ұрпақ жалғастығын өмірінің мәніне балайтын қазақ халқы үшін ұлдың орны ерекше. Мысалы:

Үріп ауызға салғандай төрт қыздан кейін бұларға тағы бір ұл керек екен. Жасаған ием, ұл болмаса, бәрібір мына дүниенің қызығы болмайтын секілді.

Тіпті бір ұлсыз қырық қызыңның да қадірі шамалы ма, қалай...

...Ж-жоқ, қалайда ұл, ұл... Кейінге ұрпағымды қалдырар ұл... Кейінге атымды қалдырар ұл... Ұл! (Т.Нұрмағамбетов. Айқай.)

Шешесінің осы нәрестеден соң көтерген тек сегізінші перзенті ұл боп туды. Дүниеге сол інісі келгенде, ата-анасының қалай тасып қуанғанын, тай сойып, қаладан бөшкемен сыра алдырып, бүкіл ауылды шақырып, ұлан-ғайыр той жасағанын ол кезде жасы үштен жаңадан ғана асқан, ақылы толыспаған Ұлбазарға үлкен апасы Дариға жырдай ғып айтатын еді.

– Ал біздерге ше? Қыздары дүниеге келгенде ата-анамыз біздің де әрқайсымызға дәл осылай қуанып, дәл сондай шалқып той жасады ма? – деп сұрайтын Ұлбазар.

– Сен өзінді ұлмен салыстырма, - дейтін Дариға өмірдің өзі білетін ережелерінің бір заңдылықтарын мойындап. – Ата мен ана үшін ұлдың жөні бөлек. Ұл – шаңырақ иесі.

– Біз ше?

– Қыз – жатжұрттық. Бой жеткен соң, қанаты жетілген құс баласы секілді туған ұясынан ұшып кетеді (Н.Ғабдуллин. Таңдамалы).

Қазақ жырауларының эпикалық мұраларында маңызды орын алатын бақыт ұғымының мәнін аша отырып, қазақ ойшылдары бақытты жұбайлық өмірмен байланыстырады, оны бақыттың бір бөлшегіне жатқызады. Үйдегі барлық бақыт пен игіліктің ұйытқысы ошақтың иесі, отбасының тірегі болып табылатын әйелге деген құрмет пен ізет ойшылдардың бәріне тән.

Жақсы жар мәселесінің қазақ өмірінде қаншалықты маңызды болғанын осы тақырыпқа соқпай кеткен ақын-жыраудың болмағанынан байқауға болады. Жақсы әйел мен жаман ерді қалай тануға болады? Айналып келгенде, жақсы әйелдің ең басты қасиеті ер қадірін білу болса, жаман әйелдікі, керісінше ерін сыйламау, қадіріне жетпеу екені ақын-жыраулар поэзиясында айқын көрініс табады. Осыған сәйкес «жақсы әйел» және «жаман әйел» концептісі шығармашылық танымда былай өрілген:

Мінезді болса алғаның,

Одан артық жан бар ма,

Екі жаман қосылса,

Күнде жанжал, күнде шу.

Ұяларлық ар бар ма? (Ақтамберді, бес ғасыр жырлайды, 1 т., 66 б.)

Келін жақсы болса –

Үйіңе көп кісі келеді.

Келін жаман болса –

Келген кісі кеткісі келеді.

Ас құй десең төккісі келеді,

Төкпей құй десең сөккісі келеді (Шал. Бес ғасыр жырлайды. 1-т. 141 б.)

Қайын енесі ас ішпес,

Қабағын түйген келіннен (Шортанбай. Бес ғасыр жырлайды, 1-т., 280 б.)

Бір қатын сыйлаумен қатын,

Бір қатын қынаумен қатын.

Нағыз қатын, сол қатын –

Һәр нәрсені ойлаумен қатын.

Қатының жақсы болса

Көңілді жықпас.

Ыңғайың біліп,
Сөзіңнен шықпас,
Ақмағына жолықсаң,
Өз бойына мін тақпас.

Жұмсақ сөйлесең, жеңемін деп

Мылтық жасап атсаң да бұқпас (Н.Наушабаев. Бес ғасыр жырлайды).

Қазақ: «Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын, – дейді. Осыған орай «Жақсы әйел» және «жаман әйел» концептісінің көрінісін шешендік сөздер үлгісінен де көруге болады:

«Жиренше шешен жолаушылап жүргенде әйелі Қарашаш кенеттен дүние салады. Сапардағы шешенге бұл қайғылы хабарды қалай естіртуді білмей, ел қиналысады. Сонда қой соңында жүрген бір тазша бала: «Мені апарыңдар, мен естіртемін», – депті.

13 жасар тазша баланы алып, ауылдың ақсақалдары Жиренше жатқан ауылға келеді. Биік төбенің басында, дүйім жұрттың ортасында Жиренше шешен отыр екен. Тазша бала Жиреншеге келіп:

– Ассалаумағалейкүм, ақылы елден асқан Жиренше аға! Сізді аузымен құс тістеген, аққан өзенді тоқтатқан шешен дейді. Үш сұраққа мұрсат беріңіз, – депті.

Жас баланың батылдығына риза болған шешен мойын бұрып:

– Айта ғой, – депті ықыласы түсіп.

– Бауырың өлсе не дейміз? – депті Тазша бала.

– Бауырың күйіп түсті десейші.

– Балаң өлсе не дейміз?

– Қос бүйрегінді тірідей суырып алды десейші.

– «Қатын өлсе, қамшының сабы сынды» дейміз ғой онда, аға? – депті Тазша бала.

– Жоқ, қарағым. Жарың өлсе ошағыңның күлі шашылып, 32 қабырғанды сөгіп алдым десейші!

– Ал, аға, бүкіл қабырғаңызға қалқан боламыз деп қалың ел-жұртың келіп тұр, – дегенде Жиренше секем ала:

– Әй, көбейгір, балаларымның анасы, үйімнің жарық панасы, көзімнің қарасы, Қарашашым арманда кеткен екен-ау дүниеден, – деп ботадай боздағанда сақалынан алты тарам жас ағыпты деседі (Ел аузынан, 16 б.).

«Әйелдің жақсысы қандай, жаманы қандай болады? – дейді Ыбырай, шешенге:

– Әй! – дегенде:

– Ә; – десе,

– Манағы қайда? – дегенде:

– Мә, десе – жақсы әйел сол.

– Әй! – дегенде:

– Оқ, десе,

– Манағы қайда? – дегенде:

– Жоқ десе, дау да іздеме, жау да іздеме, бәрі де өз үйінде, – депті Тұяқ шешен» («Жетісу» газеті, №117, 21 қазан, 2006 ж.).

Жалпы кез келген халықтың мәдениетінің деңгейі қоғамдағы әйелге деген қамқорлықтан көрінетін болса, оның жоғары екені қазақтардың әйелге жар, ана, қыз ретінде көзқарасынан көруге болады.

Қазақ дүниетанымында әйелдің негізгі функциясы – жаратушылық, ұрпақты жалғастырушылық, рудың қамқоршысы, т.б. Ежелгі қазақтың арғы тек, рудың қамқоршысы Ұлы Ана түрінде болған түсінігінің патриархаттыққа біржола өткен ортағасырлық қоғамда да өзгеріссіз қалғанына бүтіндей рулардың әйел есімімен аталуы, ру ұрандарының дана, батыр әйелдер есімінен болуы және кез келген шежірелерден кездескен белгілі рулардың қалыптасып, сақталуындағы әйелдің рөлі туралы мұндай прецедентті мәтіндер куә:

...Найман атаның енді шаңырақ көтергелі жатқан баласы ажал құрығына ілініп, артынша жалғыз ұлының қайғысын көтере алмай анасы да бақилық болды. Осы кезде өзінің емес, ең алдымен рудың, елдің қамын ойлап, жас та болса жағдайды ақылымен бағамдаған Ақсұлу ағайынмен ақылдаса отырып, атасына Үйсін Дәулет бидің қызын айттырады. Енесінің орнына келген оны «Қызеней» деп атап, өзі баулып тәрбиелейді. Қызенейден туған балаға «атамның белгісі» деп Белгібай деп ат қояды. Әмеңгеріміз деп сөз салатындарға Ақсұлудың берген жауабы:

– Ерге шықпайтын себебім, ағайын адамдарды таластырып, араларына жік салғым келмейді. Оның үстіне құдай қосқан қосағымды бір жыл қарадай, алты жыл ақтай, жеті жыл толғанша жоқтаймын. Сонымен қатар атамның жасы келген шағында көрген көзінің қарашығындай жалғыз ұрпағын өзім тәрбиелеп өсіріп, Қызенеме қолғабыс етсем деймін, – деп ұтымды жауап берген соң аталы сөзге тоқтайтын ағайын одан әрі сөз қозғамайтын болды. Оның ақылдылығына, ұстамдылығына риза болған ел ерекше құрметтейтін. Тағы да ұрпақ жалғастығын, ел қамын ойлаған дана, көреген әйел отыз жетіге келгенде әмеңгерлік жолмен он жетідегі Белгібай қайнысымен некелесуге бел буып, одан Келбұға, Кетбұға атты екі ұл өмірге келеді. Егде тартқан шағында Белгібайдың үрім-бұтағын көбейтуді көздеген Ақсұлу өзінің сіңлііс Токсұлуды, Түрікмен Арлауыт бидің қызы Ақбаршынды алып береді. Олардан өрбіген ұрпақ бір қауым елге айналып, Үш жүзге әйгілі болған деседі. Бір әулетке тұтқа, елге бас болған Ақсұлу анамыз Әулие ана аталады...

Жоғарыда айтылғандардың себебін философ Г.Соловьеваның пікірі де дәлелдей түседі: «Женщина в своей субстанциональности, – существо парадоксальное, противоречивое. Оно гораздо сильнее мужчины прикована к выполнению задач рода» [85, 79 б.].

Осыған сәйкес қазақ дүниетанымында берік орныққан көзқарас бойынша, әйел ана бесігімен сұлу көрінеді. «Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатады» деген мақалдың да мәні осы. Сол себепті де қазақ әйелдері Бибі Фатимаға табынып, қыздарына отбасылық бақыт, келіндеріне перзент сұраған.

Алланың Елшісі Мұхаммед пайғамбардың балалары шетіней береді де, төртінші перзенті Фатима дүниеге келгенде кәпірлер «ұрпағы жалғаспай, тегі үзілді» деп Елшіні мазаққа айналдырады. Оларға жауап ретінде «Кәусар» сүресі түседі. Аталған сүре күшқуат беретін таусылмайтын бұлақ, қайнар көзі Фатима болатынын меңзеген болатын. Фатимаға Елші ұрпағын жалғастыру сияқты

қасиетті құрмет көрсетілді. Мұхаммед пайғамбар қызы туралы: «Фатима – жұмақтағы әйелдердің бастаушысы» дегенді айтып, ерекше нәзік сезіммен, үлкен қамқорлықпен қараған [80, 34-36 б.]. Осылайша, ислам дінінің әсерімен Тәңірді Аллаға алмастырып, екеуінің қайсысы аузына бірінші түссе, соны атай бастаған қазақтар отбасы, жас нәрестенің қамқоршысы Ұмайды Бибі Фатимамен теңестіреді. Бірақ ол исламдық көзқарастың әсерінен ол Ұмайдай Тәңір серігі дәрежесіне көтерілген жоқ, Фатимаға көбінесе әйелдерді, отбасын, жас нәрестені қорғаушы рух ретінде сыйына бастады [86]. Мысалы,

Құр босқа айғайлағанша «Бибі Бәтима пірім, қолдай көр» деп сыйынбайсың ба?! – Шешесінің қатқыл даусынан өктем сыз білінеді (Ж.Шаштайұлы. Жала мен нала).

Қызды ерекше сыйлап, төріне отырғызған халқымыз оған болашақ ана, ұрпақ тәрбиелеуші ретінде қарап, оның тәрбиесіне, үйдегі, түздегі жүріс-тұрысына жауапкершілікпен қарап, іс-әрекеттерінің қызға тән әдептен озбауына, шекарадан асып кетпеуіне айрықша көңіл бөліп, қатты қадағалаған. «Қызға қырық үйден тыю, одан қалса, есіктегі қара күңнен тыю» деген мақал-мәтелдер соның айғағы. «Ұят, ар, абырой, иба, ізет, қылық, наз» сияқты қасиеттер қыздарға тән деп есептелген. Бұл қасиеттер прецедентті және көркем мәтіндермен де дәйектеледі. Мысалы,

– Бірақ сен Адам Ата ұрпағы қауым-қауым боп бөлініп жатыр дедің ғой. Солардың қайсысында ұят мол, қайсысында аз екенін қалай білуге болады? Жұрт қайсысының жүзіне үңіліп жүрмек?

– Қызына қарап білсін. Қызы инабатты қауым – ұятты қауым. Қыз бала беттің қызылына балансын.

Шарапаттың қоржынындағы Ұятқа Кесепат қос шеңгелін екі қоржынға жүгіртіп алып қалған соң, ожданның мөлшері кеміп, қалған адамға бір ұятты екіге бөліп үлестірді (М.Сқақбай. Ұят туралы аңыз).

Осы бетте жүгіріп барып, жігітті құшақтай алатындай еді, бірақ қыз ұяты сонан артыққа жібермеді; оның үстіне ауыл адамдарынан қысылып, амалы құрып, құшағындағы көк қозыны бауырына қысып, құшырлана сүйіп алды; қара көзі ұшқындана қуана күліп, Райға қозының тасасынан ұрлана қарап тұр. Көкіректегі көп сырды көзбен ұғысқысы келгендей, жігіттің бұрылғанын бағып тұрған (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер).

Қазақ қоғамында қыздың абыройы әулеттің, бүкіл елдің абыройына баланған. Мысалы, бұл көзқарас Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында былайша түйінделеді:

«...Оларға айтқызсаңыз (ел ақсақалдары – Б.А.) – жұрт болар жұрт қызыл өңешінен гөрі атабаба аруағы мен қыз баласының абыройын көбірек күйттейді; атабабаның аруағын салғыртсынғаның – жұртыңның кеше кім болғанын ұмытқаның; қыз балаңның абыройын қастерлемегенің – жұртыңның ертең кім боларын ойламағаның.

Оларға айтқызсаңыз – жұрт болар жұрт атабабаның аруағы мен қыз баланың абыройының жолында халықты ұстаған атан жілікті азаматтың алтын басын садағаға шала алады». Себебі, кез келген қоғамның тірегі, ұлттың негізі болашақ ана немесе бүгінгі ана екені дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Ал қыз абыройын қорып, сақтаушы, қорғаушы, ең алдымен қыздың жеңгесі болған. Қазақтың ақылды, парасатты жеңгелері қайынсіңлілерінің от басып, өкініп қалмауына мән беріп, сүрініп қалмауларына ерекше тілектестік білдіріп, теріс қадамнан дер кезінде сақтандырып отырған.

Осы кезде аққұба келіншек сырттан екінші аққұманды демдеп әкелді. Сыйлас қайын сіңлісі жұрт көзіне түсіп қала ма деп қысылып, есік жақтан елеусіздеу боп келді де, басқалардың көзін ала бере қайын сіңлісін шымшып алды. Жалт қараған Бөбекке:

– Еркем, шайың кесіліп қалыпты ғой, енді демдеп әкелген аққұманнан құярысың, - деп сыбырлады да, сыртқа шығып кетті (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер).

Атастырылған жеріне, болашақ жарына көңілі толмаған қыздардың теңін тауып, бақытты болуына орайын тауып, қол ұшын созатын да ақпейіл жеңгелер болғаны талай көркем дүниеге арқау болған. Сол дәйектерден «әйел» концептісінен өрбитін «жеңге» микроконцептісінің өрісі айқын аңғарылады.

Кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі – отбасы. Ал отбасындағы әйел жағдайы – отбасы мен неке тарихындағы келелі мәселелердің бірі. Қазақ әйелінің қоғам өміріндегі теңсіздігін атап көрсеткен бірқатар зерттеушілер олардың Орта Азияның өзге елдерімен салыстырғанда, барынша дербес және еркін екендігін айтады. Шын мәнінде көптеген тарихи және тілдік деректер қазақ әйелінің отбасылық мәселелерді шешуге белсенді қатысқанын, ерлеріне шаруашылыққа қатысты істерде көп көмектескенін дәлелдейді. Ал күйеуі жоқ кезде оның орнын жоқтатпай, барлық тіршілікке қатысты мәселелерді өзі шешіп, тіпті қазақы салт-дәстүрге сай қонақ күтіп, оны жөн-жоралғысымен шығарып салуға, күйеуін жаманатқа қалдырмауға міндетті болған. Ондай Айғаным, Бопай, Ұлпан, Зере, Ұлжан сияқты әйелдерді халқымыз жоғары бағалаған.

Шоқан ел кезген, жер кезген сапарында батыс түгіл, шығыс әйелдерінің ішінен мұндай мінезді, жомарт та өжет әйелдерді көп көрді. Басқаны былай қойғанда, өзі жақсы білетін Айғаным әжесі ше... Бүкіл аймақты билеп-төстеген әкесі Шыңғыс емес, әжесі Айғаным болатын. Ел адасқанда ақылды Шыңғыстан емес, Айғанымнан сұрайтын. Көзін жұмғанша Айғаным әжесі осындай боп өтті (С.Бақбергенов. Ақ боз атты ару).

Ақыл-парасаты сай әйелдер тек өз отбасында емес, бүкіл ауыл-аймаққа зор беделге ие болып, олардың жақсы атағы алысқа тарап отырған.

Қазақ отбасылары ежелден-ақ көпбалалы болып келеді. Бала, ұрпақ қазақ өмірінде айрықша мәнге ие, сондықтан әрбір қазақ отбасы ұрпағының көптігін мақтан тұтып, көпбалалы болуды мақсат еткен. Кейбір қазақтардың көп әйел алуы көбінесе әйел затына қызығудан емес, жоғарыдағы мақсаттан туындаған. Бір әйелмен шектелгендердің өзі болашақ ұрпағының жайын ойлап, әйелді текті, өсіп-өнген жерден таңдауға тырысқан. Ал баланың жоқтығы бақытсыздық, құдайдың жіберген жазасы ретінде қабылданған.

– Ақшасына бермедің-ау тіпті, ілуге сыйлайтындай қай құдаң бар еді, сен қатынның ниеті ме, сен қатынның.. Неше жерден қолыңнан өнер тамсын, маған жетпейсің. Жайқалып өскен бәйтерекпін мен, қара, эне, жапырақтарымды, ал

сен кімсің, қуарған қу бұтақсың, қандай азаматтың басын байлап (М.Қожахметова. Жантәсілім).

– Пұшпағы қанамаған, бауыры құтсыз байтал ғой.

Сыбыр сыбыр сөз, пыш пыш өсек...(С.Сматаев. Елім ай).

Ұрпақсыз қалу деген тегінді жалғастырмау, шаңырағыңды сақтап қалмау деп саналғандықтан, қоғамның кез келген мүшесі аталған бақытсыздықтан қорыққан. Қазақ тілінде осыған қатысты мақал-мәтелдер, алғыс, қарғыс мәнді фразеологизмдер өте көп. Мысалы, Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар; Отыңның басы ойнақты болсын; Тұқымың түптесін, қатының жүктесін; Үбірлі-шүбірлі бол; Күлің шашылмасын, түндігің ашылмасын; Отыңның басы ойнақты болсын; Тұқымың құрғыр; Тұқымың тастаққа жайылмасын; т.б.

Ұрпақ жалғастығы, ел болашағы үшін ер азаматының мәртебесі төмендеп, еңсесі түспеуін ойлап, жеке бақыты мен қарақан басының қызығынан безіп, еріне өзі таңдап екінші әйел әперген қазақтың бәйбішелері көп. «Күндестің күлі де күндес» деген стереотипті көзқарасты жеңіп, күндесіне туған бауырындай қараған олар ер азаматтың ғана емес, ел мақтанышы болар тұлғаларға айналғаны туралы тілдік дәйек көп.

Отауын өзі тігіп, төсегін өзі салып берді. Үйіндегі дүние жиһаздың салихалы кісілерге лайық сарала, қоңыраласын өз төрінде қалдырып, қызғалдақтай құлпырған жасқа лайық қызылды-жасылдысын соның төріне көшірді. Күндесіндей емес, ұзатар қызындай қып күлтелеп ұстап отыр (Ә. Кекілбаев. Елең-алаң).

Әсіресе Бибінің өз күндесі Ырысқанды туған сіңлісіндей мәпелеп күтетіні бұл күнде аңызға айнала бастаған. Екеуінің күні бойы әңгімесі таусылмайды. Тіпті бәсекеге түскендей бірінің көйлегін бірі тігіп, бірінің шашын бірі өріп отыратынын қайтерсің...

...Дүниеде өз еріне шын берілген әйел заты аз болмас... Ал Бибінің мінезі мүлде бөлек еді. Мүнікі ешбір қарымта тілемейтін таза құрбандықтың өзі. Онда тіпті Демежанның мерейін қайтсем үстем етем дегеннен басқа ой-арман жоқ тәрізді. Бибі күндесі Ырысқанды да осы Демежан үшін жақсы көреді. Осы шаңырақтың шырағын жандырып, отбасын базар ететін сол деп түсінеді (Қ.Жұмаділов. Тағдыр).

Қалай болғанда да, қазақ қоғамында әйелге ана ретінде қастерлеу, қыз ретінде аялау, жеңге ретінде сыйлау, жар ретінде сүйю сияқты сана сапасымен, сезімталдықпен қарау көзқарасы үстем.

2.2. Көркем мәтіндегі «әйел» концептісінің тілдік сипаттамасы

Жаңа ғасырда ерекше қарқын алған жаһандану үдерісінің жағымды, игі әсерлерімен қатар жағымсыз ықпалы жөніндегі пікірталас толастамай отырғаны мәлім. Әсіресе ұлттық болмысты табиғи қалпында сақтауға деген құлшыныс пен ұмтылысты бәсеңдетуде ізін қалдырмай кетпейтін аталған үдерістің кейбір кері әсерлерін кемітуге өзге құбылыстармен бірге халықтың тіліндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерге айрықша назар аудартатын антропоэзектік бағыт қарсы тұруда. Бұған соңғы кездердегі лингвистикалық зерттеулер дәлел.

Ер адам өзінің күш-қуатымен ерекшеленсе, әйел сұлулығымен, жанымен, рухымен құдіретті. Ғасырлар толқынымен бірге сұлулыққа деген көзқарас та өзгермелі екені заңдылық. Мәңгілік қойнауынан бізге жеткен арулар кескінін көз алдымызға елестетсек, сұлулық тәніріндей салтанатты Египет патшайымы Нефертити, мәрмәр тәнді Венера Милосская, өзіміздің тотыдайын таранған, аққудайын сыланған Қыз Жібек, Ақжүніс, Баян сұлулар келбеті кесекөлденең тұра қалары сөзсіз. Әлемде қанша ұлт, мемлекет болса, сұлулық туралы көзқарас, оның өлші де соншама. Мысалы, Перудегі майорун тайпасында денесін піскілеп бояп, маймылдың тістерінен алқа тағып, шашына, мұрнына, құлағына қауырсын, қабыршақ секілділерді неғұрлым көп іліп алған әйел әдемі деп саналады. Натчи тайпасында бас сүйегі қолдан әдейі сопайтылмаған әйелді ұсқынсызға жатқызады. Филиппиндегі палавеньо тайпасының әйелдері тістерін тегістеп егеп, қара бояумен бояп алады. Сенегалда волоф әйелдері шаштарын бірнеше бұрым етіп өріп, мүйіз секілді тікірейтіп қояды. Вьетнамдағы зярай әйелдері мойындарын ұзарту үшін алқа орнына бұрама құрсау киіп жүреді. Ежелгі махаббат құдайы Афродита (Венера) сыршыл сезімді сұлулықты меңзесе, Зевстің сүйіктісі Гера асқақтықты, билікті әйелдің қасиеті деп таныған. Ал Афина Паллада әйелдердің ақыл-парасатын бірінші орынға қойған.

Адамның белгілі бір қасиетін, мінез-құлқын, белгісін сипаттау тілдік жүйеде және жазушы мен сөйлеуші аталған тілді тұтынушылардың өмір сүру жағдайына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымы, таным-талғамына, күнделікті тұрмыс пен өмір тәжірибесінде бұрыннан қалыптасқан түрлі зат, құбылыстармен байланысты. Яғни тілден халықтың рухани және материалдық мәдениетінің іздерін байқауға болады.

Ал кез келген деңгейдегі тілдік элементтер тек қана мәтін жүйесінде эмоциялы әсер ете алады. Осындай «өзіне тән эстетикалық коммуникацияның бірліктері ретіндегі көркем мәтіннің ерекшелігі оның жалпы адамға қатысты ортақтылығы (антропоцентричность), яғни әлем тану мен оның көрінуі әдебиет шығармасында ең алдымен адамның танымына бағытталады, ал берілген көркемдік оқиғалар оның жан жақты көрінісінің тәсілдері болып есептеледі [87, 33 б.].

Осыған сәйкес қазақ тілінде әйел көркін сипаттайтын, ғаламның тілдік бейнесін танытатын концептілер төмендегіше көрініс тапқан:

«**Көз**» – тана көз, бота көз, бадана көз, айна көз, қарақаттай көз, жәудір көз, күлім көз, көген көз, қой көз, қоңырқай көз, тұнық, мөлдір көз, мойылдай көз, тұнжыр көз, нәркес көз, тостағандай жанары, елегізеген еліктің жанарындай, қос жұлдыздай қос жанары, т.б.

Аталған концептіге мәтін деңгейінде мысал келтірейік:

Дөңгелек ашық жүзінде әрлі-берлі берлі домалап жүрген жақұт моншақтай ойнақшыған қос жанары, үлбірек ерні, күлгенде сау етіп төгіле қалатындай көрінетін маржан тістері онсыз да қылықты сұлуды одан сайын жұмбақтандырып, одан сайын ынтықтыра түседі(Ә.Кекілбаев. Елең-алаң).

Үрей ұялаған қарақат көздері ботаның жанарындай мөлт-мөлт етеді (Д.Исабеков. Гауһартас).

Әйел сұлулығын тануда көзге қатысты эпитет, теңеулер әр жазушы танымында ұлттық дүние суретіне сай, алайда алуан түрлі сөз өрнегімен өріледі. Мысалы, М. Әуезов сұлулық үлгісі ретінде «шошақтау біткен үлкен қой көз, нұрлы көз, ойлы көз, шұғылалы көзді» таныса, ал Ғ.Мүсірепов танымына «үлкен қара көз, бота көз, құралай көз, айна көз» сияқты эпитеттер жақын.

«Қас, кірпік» – қалам қас, қиғаш қас, имек қас, айдай боп қиылған жіп-жіңішке қас, жаңа туған айдай иілген қас, шағаланың қанатындай қиылған қас, шолпандай алтын кірпігі, найзадай ірі кірпігі, егіншінің қол орағындай қас, доғаланып жатқан өзен нобайындай жіңішке қас, т.б.

Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей... (М.Әуезов. Абай жолы. 1-кітап).

«Мойын» – аққу мойын, алма мойын, ерекше аппақ мойын, аппақ жұмыр мойын, ақ торғындай мойын, қаз мойын, т.б.

Сұлу әйел мойнына байланысты тұрақты тіркес, теңеулердің сирек ұшырасуы халқымыздың сұлулықты сырт көзден жасырып, қымтап ұстайтынынан болса керек.

Ал қаз мойын тіркесі иілген әдемі мойынды білдіреді. Әуелде аттың сипатына байланысты, кейін сұлу қыз, көрікті әйелдің мойнына қатысты айтылатын тұрақты тіркеске айналған. Қаз бен аққудың кейбір ұқсастығы негізінде «кербездік», «сұлулық» концептісін бейнелейтін жағымды коннотация туған. Қазақ халқында «қаз» құсы жағымды ассоциация тудырса, орыс халқының танымында оның баламасы «гусь» жағымсыз мәнге ие (гусиная походка).

Аққудай иілген мойны, жаңа туған айдай иіле біткен жіңішке қасы, жазық маңдайынан тура түскен әсем мұрны, ителгінің тамағындай аппақ, жұмыр иегі мен қымсынғанда қызыл арай теуіп тұратын нұрлы жүзі, бәрі-бәрі қолдан ойылып жасағандай (Қ.Жұмаділов. Тағдыр)

«Шашы» – жібектей майда шаш, сүмбіледей қара шаш, қолаң жібек шаш, толқынды қою қара шаш, білектей-білектей қос бұрым, тізесіне төгілген білектей бұрым, жылтырап өрілген жуан бұрым, көмірдей шаш, т.б.

Көркем шығармада кездесетін мысалдардағы тілдік тұлғаның қазақ әйелінің сұлулығына қатысты сөздік қолданысы да халқымыздың мәдениетіне, ұлттық болмысына сәйкес келетінін байқатады.

Менің шашым, адыра қалғыр, айғырдың ту құйрығындай қалың, жуғанда болмаса құрғақ күйінде тарай алмаймын (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан).

Қос уыс бұрым арқада

Қос жылан болып жүреді (М.Мақатаев. Соғады жүрек).

«Белі» – қыпша бел, бұраң бел, қынай бел, құмырсқа бел, қылдырықтай бел, қылдай жіңішке бел, гүл жібектей бұралған бел, тал шыбықтай бұралған бел, белі нәзік талып тұр, т.б.

Сазды жерге шыққан талшыбықтай солқылдаған тал бойындағы қылдырықтай жіп-жіңішке, аш белі_жеңсізбен қынағанда бір-ақ уыс боп үзіліп кеткелі тұр (С.Сматаев. Елім-ай).

«Мұрны» – пісте мұрын, қыр мұрын, кесек мұрын, бауырсақ мұрын, ұзындау келген мұрын, азырақ келтелеу келген қыр мұрын, т.б.

«**Ерні, аузы**» – қып-қызыл ерін, шиедей ерін, қаймақтай ерін, жұқалан қызыл ерін, оймақтай ауыз, т.б.

Әсем басың әп-әдемі мүсініңе шақ қана,

Шиедейін еріндерің қызарып тұр шоқтана (М.Мақатаев.Соғады жүрек).

«**Тісі**» – кірсіз тіс, маржан тіс, әдемі ақ тіс, мінсіз аппақ тістер, күріштей аппақ тіс, самаладай тістері, меруерттей тізілген тістер, қолмен қойғандай аппақ, майда тістер, жүгерідей тізілген т.б.

Бақытты күлкі ойнаған әсем еріндерінің ар жағынан көрінген аппақ әсем тістері төгіле кететін ақ маржан секілді тізіле қалған (Д.Исабеков. Гауһартас).

«**Беті, жүзі**» – бүйрек бет, алма бет, аққұба, бидай өңді, қызыл шырайлы, торғылт, қара сұр, үлбіреген қызыл бет, бәйшешек бетті, толған айдай, піскен алмадай, ашаң да ашық жүзді, қауызын жарып келе жатқан гүлдей, жаз дидарлы, иман жүзді, бұр ашқан қызыл қызғалдақтай, наурыздың ақша қарындай, аршыған жұмыртқадай,аршыған жауқазындай, зерен жүзді, т.б.

Сонымен бірге авторлық қолданыста «әйел» концептіне қатысты оның бет-жүзін суреттеуде төмендегідей мысалдарды кездестірдік:

Есенейдің табақтай жалпақ қара шұбар беті қыздың аққудың жұмыртқасындай аппақ бетіне жақындай берді (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан).

Аққу - сирек кездесетін, қазақ ұғымында құс патшасы саналатын, оны атқандар киесіне ұшырайтын қасиетті құс. Ондай киелі, ерекше ардақталатын құстың жұмыртқасы да айрықша болатыны белгілі.

Салтанаттың жүзі бал-бұл жанып, таңғы құлқайыр гүліндей құлпырып кетіпті (Д.Исабеков. Гауһартас).

«Құлқайыр» сөзіне «жапырағы шоқтанып орналасқан, гүлі ақ, алқызыл, қоңыр қызыл, сары түсті көпжылдық өсімдік» деген түсінік берілген [88, 461 б.]. Кең далада өсіп, оның шүйгін шөбіне мал жайып, таза, саф ауасымен тыныстаған қазақ баласы құлқайырдың жусан, мыңбас, бетеге сияқты шөптермен бірге қой үшін жұғымды, жағымды болып табылатынын біледі. Сондай-ақ өзі күнде көріп жүрген сансыз шөп пен гүлдің ішінен дөп басып танып, ажырата алады. Аталған өсімдіктің гүл ашқан таңғы сәтіндегі сан бояумен құлпырып-құбылған түрін көз алдына келтіру қиындық туғызбайды.

«**Сымбат, мүсіні, денесі**» – талдырмаш, сұңғақ бойлы, кер маралдай керілген, сымға тартқан күмістей, өзеннің құба талындай, құмға шыққан құба тал, талшыбықтай майысқан, шынардай, теректей, Сырдың құба талындай, Жайықтың боз талындай, қамыстай тұлғасы, т.б.

Толықсыған тұла бойың шыбық па екен, тал ма екен... (М.Мақатаев. Соғады жүрек).

Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,

Екі алма кеудесінде қисаймайды.

Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,

Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды (Абай. 1-т).

Сұлулықтың бір шарты – әдемі жүріс-тұрысы. Көріктіге балаған әйел ербең- ербең етсе, қойқаң-қойқаң ойқастаса, оны сұлулардың қатарына қосу қиын. Ақылына көркі сай, көздері нұрлы, денесі сымбатты, жүрісі ұнасымды әйел кімді де болса, табындырады.

Қимыл-қозғалысы, жүрісі» – салалы қою кірпігін қағып, анда-санда көз астымен қарауы, көз қиығын серпе тастау, балдай шұбатылып, жібектей ширатылған, күлтеленіп жүреді, аяңшыл бедеудей аяғын кербездене басу, селт еткен маралдай, т.б.

Қамыс басының сыбдырын аңдыған елік лағындай, аяғын тықырсыз басып, елең қағып, ауыз қораның қақпасына жақындады. Тас бедерін шымшып басқан елік баласындай, бар денесінде сергек те ширақ сұлулық бар екен (Ғ.Мүсірепов. Оянған өлке).

Жылдам басқанда дүрия көйлектің қос етегі дөңгелеп дірілдеп, жылтыр кебісінің кішкене іздерінен күреңсе белге өрнек салып кетіп барады (С.Сматаев. Елім-ай).

«Күлкісі, дауысы, лебізі» – ерке күлкі, сыңғырлаған күлкі, сылқ-сылқ күлкі, мөлдір су бұлағындай күлкі, мөлдір суға маржан сепкендей күміс күлкі, күмістей сыңғырлаған үн, жас ботаның даусындай, күміс қоңыраудай, сиқырлы дауыс, періштедей сүйкімді дауыс, әнтек күрмеліп, шіңгірлеген құлыншақтың әлде түн ішінде көл жүзінде сыңқылдаған аққудың даусы, т.б.

– Келдім ғой, әрең шықтым, - деген қыз, үнін сыбызғыдай сызылтты (С.Сматаев. Елім-ай).

«Мінезі» – ерке мінезді, сәби сезімді, уыздай таза, балға ашытқан қымыздай тәтті, жібектей сызылған, бұлтсыз күндей ашық, жаздай жайдары, нәзік жүректі, асқан парасатты, сөзге өткір, мінезге бай, жайдары, жарқын, т.б.

«Сұлулық» адамзат баласына ортақ категория болғанымен, оның эталоны әр халықта әр түрлі. Еуропада, әлемдік деңгейде өткізілетін сұлулық байқауларында қатысушы арулардың сыртқы келбеті мен сыр-сымбатына мән беріледі. Ал қызға, әйелге ең алдымен дүниеге ұрпақ әкелуші болашақ ана ретінде қарайтын халқымыз қыздардың бойынан парасатты ана болуға лайықты ғажайып мінез-құлық сұлулығын іздейді, сондай ізгі қасиеттерді дәріптейді.

Осы көзқарасқа қатысты мысалдарды түрлі сипаттағы мәтіндерден кездестіруге болады:

Әйелді естілік жеңсе сұлулығы да арта түседі. Сұлулығы жеңсе естілігі де, сұлулығы да солғындай түседі (Ғ.Мүсірепов. Ой-сезім сәттері).

Тән сұлулығы – сыртқы көз арбар көрініс,

Жан сұлулығы – бұл әйелдің ішкі дүниесі, сезім шынайылығы, мінез байлығы, пейіл кедігі, ар алдында адалдығы.

Тән сұлулығы – теңіз бетіндегі көпіршік. Жан сұлулығы – бұл тереңдегі ағын (Д.Матайқызы. Ұрпаққа ұлағат).

Әйел жақсы болмайды көркіменен,

Мінезіне көз жетпей, көңіл берме! (Абай).

Сұлулығын қояйын, мінезі артық,

Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда (Сонда).

Қазақ әйелінің бағасы мен сипатын, қадір-қасиетін дәл тауып, оны өзінің даналық сөздері, мақал-мәтелдері арқылы өрнектеп, ұрпақтарына мирас етуші халқымыздың бітім-болмысы, тұрмыс-тіршілігі, асылы мен жасығы туралы көзқарасы аталған теңдессіз мұраларында айқын көрініс тапқан. Мысалы, «Әйелдің әйелден артықшылығы – мінезінде», «Көріп алған көріктіден –

Көрмей алған текті артық», «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін», «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады, жаман әйел жақсы еркекті надан қылады», «Жақсы әйел өміріңді ұзартады, жаман әйел үстіңе тұз артады» дейді халық даналығы.

Байқап отырғанымыздай, қазақ әйелінің «сұлулық» концептін құрайтын сөздер, тұрақты сөз тіркестері, теңеулерге тірек сөз ретінде халқымыз үшін, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне, таным-талғамы мен пайым-парасатына қатысты, тілді тұтынушылар үшін түсінікті, ортақ мағыналар алынған. Ғасырлар бойы негізгі тіршілігінің өзегі мал шаруашылығы боп танылған ат-бабаларымыз төрт түлік малды ерекше қастерлеп алғашқы орынға қойған. Сонымен бірге аңшылық, саятшылық, құсбегілік өнерді қасиетті санаған. Табиғатпен астас өмір сүрген көшпенді ата-бабаларымыз сұлулық пен әсемдікке тән белгі-сипаттарды табиғаттың төл перзенттері мен оның таңғажайып туындыларын (өсімдіктер мен жануарлар әлемі, т.б.) ерекше сезімталдықпен көре білген. Өзге тіл, мәдениет өкілдері үшін күлкілі, миға сыймайтын, бастапқыда қисынсыз көрінетін «бота көз, тана көз, көген көз, қой көз, т.б.» тіркестері қазақ үшін етене жақын, аса ыстық, үйреншікті ассоциация тудырып, әрі сұлулық, әдемі-әсемдікті сипаттаудағы дәл, анық және баршаға түсінікті бейнелер болып табылады.

2.3. С.Дөнентаевтың шығармашылық түсінігіндегі «әйел» концептісі

Мәңгілік тақырыптардың бірі – әйел мәселесі қоғамдық ғылымдардың ішінде, негізінен, қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты зерттеулерде кездеседі. Қазіргі кезде «әйел» концептісіне арналған зерттеулер когнитивік лингвистикада жеткіліксіз зер салынады. Осыған орай мақалада Сәбит Дөнентаев өлеңдеріндегі «әйел» концептісін тілдік тұрғыдан тұңғыш рет зерттеліп отыр.

Адам дамуының әр кезеңінде әйелге тән қасиеттердің мәнін, «әйел» концептісін түсіну бір жақты болған жоқ. Дәстүрлі, ескі салттарға лайықты әйелге тән қасиеттер сыртқы сымбаттылығымен, жуастылығымен, тәуелділікпен, тіл алғыштығымен байланысты болып келеді. Әйел, бір жағынан, әлсіз еріксіз жан, өз бетінше шешім қабылдай алмайтын, нәзік пен сүйкімді ретінде көрінсе, екінші жағынан, әйел – болмысынан сезімтал, сұлулыққа сергек, әсемдік иесі болып табылады. Көркем туындыларда әйел бейнесін мүсіндеп, әйел сипатын бейнелегенде ұлттық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптық ерекшеліктерімен бірге рухани дүниенің сырлары, эстетикалық сезімдері, ұлттық таным, болмыс, тәлім-тәрбие ерекше орын алады. Қазақ әйелінің бағасы мен сипатын, қадір-қасиетін дәл тауып, оны өзінің даналық сөздері, мақал-мәтелдері арқылы өрнектеп, ұрпақтарына мирас етуші халқымыздың бітім-болмысы, тұрмыс-тіршілігі, асылы мен жасығы туралы көзқарасы аталған теңдессіз мұраларында айқын көрініс тапқан. Мысалы, *«Әйелдің әйелден артықшылығы – мінезінде», «Көріп алған көріктіден – Көрмей алған текті артық», «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін», «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады, жаман әйел жақсы еркекті надан қылады», «Жақсы әйел өміріңді ұзартады, жаман әйел үстіңе тұз артады»* дейді халық

даналығы. Сол сияқты С.Дөнентаев өлеңдерінде де «әйел» концептісін білдіретін бірліктердің ұлттық дүниетанымға сай берілгені аңғарылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «әйел» сөзінің 2 анықтамасы көрсетілген:

1. Адам баласының ұрғашы жыныстылары;
2. Жұбай, зайып [88, 592 б.].

Ана тілімізде «әйел» сөзінің сөздікте көрсетілген екінші мағынасына сәйкес келетін жар, нақ сүйер, сүйіктісі, алғаны, қосағы деген сөздердің қолданылатыны белгілі. «Алғаны» сөзінің қолданылуы ақын-жыраулар шығармасы мен XVI-XVIII ғасырлардағы оқиғаларды бейнелейтін тарихи романдар тілінде байқалады. Мысалы: *Алғаның жақсы болса қара жердей, Жақсыменен сырлассаң, шыққан өрдей* (Шал ақын. Бес ғасыр жырлайды);

– *Алғанымай! Бізді кімге қалдырып кеттің! Сабағыңнан үзді ау! Сорлатты ау! Сормаңдай боп қалдым ау!* (С. Сматаев. Елім-ай).

Сонымен қатар өткен ғасыр басындағы алғашқы қазақ романдарында «жамағат» сөзінің «әйел, зайып» мағынасында жұмсалғанын М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романынан кездестіруге болады: *Бірақ мал жазынан көңілі қош болса да, Сәрсенбайдың жамағаты Қалампыр ғұмырында бала көтермей, бұл екеуі балаға мұқтаж еді.*

Абайдың реалистік дәстүрін берік ұстанған, өз дәуірінің өзекті мәселелеріне үн қосқан С.Дөнентаевтың өлеңдерінде қазақ әйелінің сыртқы сыр-сымбаты мен ішкі рухани әлемінің бір үйлесімділікте болғаны жиі жұмсалғаны байқалады. «Сымбаттылық» концептісі Сәбит Дөнентаевтың суреттеуінде былай көрінеді [89]:

Нұрлы жүз, көркем мінез қарындасқа,

Арнап сөз лайық емес жазылмасқа.

«Сымбаттылық, сұлулық» адамзат баласына ортақ категория болғанымен, оның эталоны әр халықта әр түрлі. Еуропада, әлемдік деңгейде өткізілетін сұлулық байқауларында қатысушы арулардың сыртқы келбеті мен сыр-сымбатына мән беріледі. Сәбит Дөнентаев өлеңдерінде кездесетін мысалдардағы тілдік тұлғаның қазақ әйелінің сұлулығына қатысты сөздік қолданысы да халқымыздың мәдениетіне, ұлттық болмысына сәйкес келетінін байқатады [89]:

Қыз бала *елдің көркі, жұрт зейнеті*

Болғанда ілтипатқа алынбас па?

Жақсылық киім мен мал, көрікте деп,

Өлшемей ой мен сырды жаза баспа. («Көркем қызға»)

Кем шығар Нағимадай *келбетті* әйел: («Нағиманың өкпесі»)

Нешелер *келте шапты, құмырсқа бел.* («Нағиманың өкпесі»)

Жас жүрегім, жанып, күйіп барасың,

Қара көзім, кімге қарап таласың?

Құтқарушым, айғайым бар, қалың жоқ,

Мен зынданда, қашан арқан саласың? («Мен зынданда»)

«Қырыңдап қызды ауылды» дегендейін.

Зор атақ – *шашбаулыға* жақын жүрсек. («Жастықта»)

Сәбит Дөнентаев өлеңдерінде қазақ әйелінің қараңғылық тұмшалаған ескілік кезден теңдік алған ерікті күндеріне дейінгі эволюциясы айқын көрінеді. Соған орай, әйел бейнесін жасаудағы ақындық шеберлік те сезіледі: алғашқы «Көркем қызға», «Жәмила қыз» – әйелі өлген шалға мал үшін құрбан болып, ұзатылған қыз зарына толы өлең болса, «Әйелдер мейрамына» – қазақ әйелінің кешегі қараңғылық құрсауындағы тірлігі мен одан кейін бостандыққа қол жеткен күнін салыстыра жырлаған мадақ іспетті шығарма. Әлеуметтік теңсіздіктің түйінді бір мәселесі – әйел теңсіздігін ақын осылайша өз шығармашылығының үзілмес тақырыбына айналдырды.

«Әйел теңдігі» концептісі, тезаурусы, концептілік құрылымы.

Әйел теңдігі концептісі бұрын қазақ тілінде ғашықтар өмірі, мұңы, сүйген адамдардың суреттеген лирикалық шығармаларынан көрінетін. Мәселен, Қыз Жібек, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу т.б. С.Дөнентаевтың шығармашылығында екі тақырыпта байқалады:

1) Поэзиясында. (өлеңдері); 2) Прозасында. Әйел теңдігі мәселесін көтерген адам – С.Дөнентаев, сондықтан бұл концептінің тезаурусын көптеген тірек сөздер құрайды [89]:

*Қатыны өліп Бәкіштің,
Қызы бар деп Төкіштің
Іздеп келді алыстан,
Бұрыннан да емес жат,
Құдаңдалы қат-қабат,
Талай сүйек алысқан,
Жасы қырық-отыз арасы,
Бар жыйырма, отыз қарасы.
«Қыз бермеймін кәрі» деп
«Қатыны өлген әрі» деп
Беттетпеді Төкіш бай. («Жәмила қыз»);*

... байы өлген соң; баласы үшін бір жақын әмеңгеріне тиіп, орнын күтіп отырып қалып еді. («Көркемтай»);

Әйел теңдігі концептісінің когнитивтік моделі.

1) Әйел – ошақ иесі. Әйел еңбекқор, шаруаға бейім [89]:

*Тезек теріп,
Сиыр сауып, от жақтың,
Ас пісірдің,
Зыр жүгірдің, -
Ерте тұрдың, кеш жаттың. («Ерікті Айша»)*

2) Қыз –күн [89]:

*Онда едің кім?
Әрине күң,
Қазір кімсің қарашы!
Шалың қайда,
Зарың қайда,
Есептеші, санашы.*

3) Қыз – әлсіз [89]:

*Құттықтаймыз қуанышты күніңде,
Мейрамыңды январьдің бірінде.
Жол қауіпсіз болғанмен, сен әлсіз,
Қорғанбай бас, байғұс әйел, сүрінбе! («Әйелдер мейрамына»)*

4) Әйел – қорғаушы, тәрбие беруші [89]:

Көркемтайды шешесі жақсы тәрбиелеп қатарынан кем қылмай өсірді.
(«Көркемтай»);

Шешесінің арқасында жетімдіктің не екені білген жоқ. («Көркемтай»);

Ұрысса да, таласса да, әйтеуір баласын жақтап қорғаумен болды.
(«Көркемтай»);

Баласы үшін әлденеше рет таяқ жеп, басы жарылған күндер де болды.
(«Көркемтай»).

«Әйел теңдігі» концептісінің концептілік құрылымы.

1.Малына қызығады – фрейм. Әйел құрбандық, тауар құндылығы ғана [89]:

*Келе тиді екен сорлыға?
Жақтырмаған апасы,
«Түк білмейсің, шатасын!»
Деп әкесі болды ма?*

2. Көз жасы – ойсурет. Малға сатылған қыздың бейнесі «аянышты» коннотекасына ие [89]:

*Жәмиласы зарлап жүр,
Көздеп жасы парлап жүр... («Жәмила қыз»)
Ұранды естіп,
Жылап, өксіп
Қайғыңды аштың, құтылдың... («Ерікті Айша»)*

3. Тоқал алу – фрейм. Санада әбден бекіген дәстүр. Мысалы, *Тоқал құмар бір шалға.*

4. Сор соғу – сценарий. Теңсіздіктен туған, қалыптасқан ұғым. Мысалы, *Уағда қылды қол соқты, Әлдекімді сор соқты.*

5. Қалың мал – фрейм. Стереотипті жүйе: қыз - қалың мал – сор соғу. Мысалы, *Шайтан алсын, шал алсын, Төкең байғұс мал алсын..*

Сонымен, тақырыбына қарай барша әйел теңсіздік мәселесіне арналған. «Көркем қызға» – табиғат сұлулығы мен қоғам әділетсіздігін қарсы қоя суреттейтін өлең, «Жәмила қыз» – қатыны өлген Бәкіш шалға мал құрбаны болып ұзатылған қыз зары, «Әйелдер мейрамына» – қазақ әйелінің кешегі қараңғы тірлігі мен бүгінгі жарық күнін салыстыра жырлайтын ода.

Сәбит Дөнентаев шығармашылығындағы «әйел теңдігі» концептісі бұрынғы келе жатқан кертартпа салтқа қарсылық жүйесінен тұрады. Бұл концепт те – бұрын қазақта болмаған тың ой жүйесі. Осыған орай, Ш.М.Елемесова өзінің зерттеуінде: «Ұлттық мәдениетіміздің тұрақты этнобелгілерінің тілдік көріністері (релеванттары) көркем мәтіннің өн бойында ерекше стильдік қызмет атқарады» [90] дей келе, көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік бейнеленуіне нақты тоқталады. Сәбит Дөнентаев өлеңдеріндегі да тілдік көріністер, яғни релеванттар ерекше стильдік қызмет

атқара отырып, автордың тұтастай алғандағы ұлттық таным идеясының концептілік дүниесін құрайды.

2.4. «Әйел» концептісінің ұлттық ерекшеліктерін тану құралы ретінде ассоциативтік эксперимент

Ассоциация латынның «associatio – біріктіру» деген сөзін білдіреді. Ассоциация – екі түрлі танымның өзара байланысы (сезіну, түсіну, ойлау, елестету қабілеттері арқылы жүзеге асады.). Бұл ұғым Платон мен Аристотель заманында пайда болғанмен, ассоциация деген ғылыми атауды XVII ғасырда Дж. Локк енгізген болатын. Ассоциация – жеке субъективті тәжірибеге негізделген белгілі объективті немесе құбылыс арасындағы байланыс. Ассоциативтік тәжірибеден субъектінің нәр алған мәдениеті мен өмірлік тәжірибесі байқалады. Ассоциация ұғымымен тығыз байланысты ғылымда ассоциативтік өріс ұғымы да бар. Ассоциативтік өріс – «тілдік бірліктердің жиынтығы, мазмұн ортақтығына қарай біріккен белгілеуші құбылыстардың ұғымдық, заттық және функционалдық ұқсастығы. Ол ассоциациялы сөздердің, тірек-сөздердің төңірегінде берілуі ретінде түсініледі» [91, 183 б.].

Кез келген лексикалық бірліктің ассоциативтік өрісі әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты. Сол себепті ассоциативтік өріс құрамын талдау ұлттардың дүние-танымынан, психологиясынан, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен мол ақпарат алуға жол ашады. Сөздер арасындағы ассоциативтік қатынас психолингвистикалық эксперименттер барысында анықталады. Эксперимент тірек-сөзге байланысты ойға түскен барлық сөздерді жазып алуға негізделеді. Нәтижесінде алынған сөздер тобы ассоциативтік өріс деп аталады. Оның құрамы, экспериментке түсушілердің анықтауы бойынша тірек-сөзге қатысты ассоциативтік өріс құрайтын ортақ байланыстылық деңгейін анықтайды. Ассоциативтік мағына ұғым адамда сөз бен ой арқылы түзілетін байланыстар мен қатынастардың терең үлгілерін, арнайы ішкі құрылымын табу барысында, адамзаттың сан қырлы тәжірибесінің танымдық тұрғыдан ұйымдастырылуы негізінде қалыптасады. Сондықтан ассоциативтік мағына сөздің ассоциативтік байланыстарын талдау арқылы анықталады.

Ассоциативтік эксперимент – XX ғ. басында К.Г.Юнг және онымен бірге М. Вертгеймер мен Д. Кляйн ұсынған тұлға мотивациясын зерттеудің айрықша проективтік әдісін білдіру үшін психологияда бекітілген термин. Эксперименттің қарапайым түрі: тәжірибеден өтетін адам белгілі бір ақиқат дүниені таныту үшін қолданған тірек-сөздердің жинағын, бір типті ассоциациялардың жиілігін, ақиқат дүниеге деген адамның реакциясы мен құлқын білу. Рецепиент тірек-сөздердің белгілі бір жиынтығына неғұрлым тез ойына келген сөзбен жауап беруі тиіс. Сөйтіп, туындаған ассоциациялар олардың типі, бірыңғай ассоциациялардың жиілігі бойынша, тірек-сөз бен респондент арасындағы уақытпен белгіленіп, мінез-құлық және физиологиялық реакция тіркеледі. Бұл деректердің негізінде жасырын респонденттердің әуестігі мен «аффективтік комплекстері» туралы қорытынды жасалады. Бұл әдістеме ары қарай А.Р.Лурияның зерттеулерінде дамыды, ол «түйіндес

моторлық әдістемені» ұсынды, онда респондент ауызша жауаппен бірге екі қолымен белгілі бір қимылдар жасауы керек. Сонда қозғалыс координациясын талдау тәжірибеден өтуші адамның аффективтік реакциялары диагностикасының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. Ассоциативтік эксперименттің еркін, бағытталған, тізбекті түрлері бар.

Ассоциативтік эксперимент жауаптарын талдауда ең алдымен синтагматикалық және парадигматикалық ассоциациялар айқындалады. Ассоциативтік эксперимент психолингвистикада, психологияда, әлеуметтануда, психиатрияда кеңінен қолданылады.

«Словарь лингвистических терминов» сөздігінде ассоциацияны «Тілдік бірліктерді формалды және қисындық-мағыналық белгілері бойынша біріктіру (топтау)» деп анықтайды [92, 58 б.]. Сөздің ассоциативтік байланысы ассоциативтік эксперимент негізінде анықталады. Ал ассоциативтік эксперимент – сөздің психологиялық мағынасын зерттейтін, жеке тұлғаның тәжірибесі негізінде жинақталған ассоциацияларды анықтауға бағытталған тәсіл.

Еркін ассоциативтік экспериментке ешқандай шектеулер болмайды, ол жауап берушінің тірек-сөзді естігенде ойына түскен сөздердің бәрін тізіп жазып беруіне негізделеді, сөздің сыртқы, мазмұндық ерекшеліктері шектелмейді. Ал бағытты ассоциативтік экспериментте эксперимент жүргізуші жауап берушіге белгілі бір мақсатқа қатысты шеек қояды. Мысалы, тек зат есімдермен ғана жауап беру және т.с.с. Сөздің ассоциативтік байланысын зерттеу сөздің ассоциативтік өрісі оның коммуникативтік әлеуетін бейнелейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сөздің коммуникативтік әлеуетіне тілдесім барысында айтылым элементі ретінде белгілі аялық білімге ие болып, қолданылу аясының ауқымды болуы, оның басқа мағына түрлерімен (лексикалық, грамматикалық, сөзжасамдық, уәждік, стилистикалық, прагматикалық) байланыстылығы жатады. Сөз адам жадында сөз ретінде емес, белгілердің жиынтығы ретінде сақталады. Сөздер қолданылған мезетте жады арқылы шығарылмайды, керісінше осы сөздерді құрайтын белгілерден құрастырылады. Сөздің психологиялық мазмұны, ең алдымен, сөйлеу әрекетінде сөздердің бір-бірімен әртүрлі қарым-қатынас негізінде берілетін мағынаның ажыратушы белгілерінің семантикалық бөліктерінің жүйесі. Олар дерексіз лингвистикалық ұғым ретінде емес, қарым-қатынас кезінде, әрекет үстінде, яғни сөз қолданысының лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайлары толығымен ескеріле отырып қарастырылады. Басқаша айтқанда, мағынаның психологиялық құрылымы сөздік құрамның бірлігі ретінде қатар қою, сыбайластыру жүйесі арқылы анықталады. Ал сыбайластық пен қарама-қарсылық жүйесі дегеніміз – сөздердің ассоциативтік байланыстар жүйесі, ал сөздің психологиялық құрылымы – бұл оның ассоциативтік құрылымы.

Сөз – ақпарат тасушы, оның бұл қасиеті сөйлеу әрекетінде жүзеге асады. Сөздің қолданылуы сөйлесу кезіндегі жағдаятқа байланысты. Алайда мағына психологиялық құбылыс ретінде қолданылу жағдайынан тыс керек сәтте жоғарыға шығады. Ассоциативтік мағына белгілі бір тірек-сөзге тірек-сөздің мағынасымен байланысты мазмұнды көрсетеді, яғни ассоциация – олардың

астарындағы қарым-қатынас негізінде қалыптасқан байланыс. Ассоциативтік эксперимент белгілі бір топ арасында жүргіледі. Тірек-сөз бен әрекет-сөздің арасындағы байланыс әртүрлі болуы мүмкін.

Мәдени концептінің психологиялық мағынасы ассоциация арқылы ашылады. Ассоциациялық өрісті талдау тілдік бірліктердің семантикалық сипатын анықтауға көмектеседі, мәдени-тілдік сема туралы ақпараттың маңызды көзіне айналады. Бұл ассоциация мен ұғымдардың ассоциациялануын түсіндіру барысында жүзеге асады. Семантикалық доминанты айқындап, жаңа коннотаттық мағынаны білдіретін ассоциативтік кешенге талдау жасау концептіні анықтаудың міндеті болып табылады.

Сөздің ассоциативтік байланысы жеке тұлғаның, ұлттың дүниетанымымен, психологиясымен, тәжірибесімен тығыз байланысты.

Психоллингвистикадағы ассоциацияның тіл біліміндегі тәжірибесіне келсек, Л.В.Щербаның тұжырымдарын негіз етуге болады [93]. 1931 жылы Л.В.Щерба жағымды және жағымсыз түрді анықтау үшін ассоциативті тәжірибе жасаған болатын. Жағымды тәжірибеде белгілі бір сөздің қандай да бір мағынасын болжау, белгілі бір форма жайлы, сөз жасаудың немесе форма жасаудың ережесін қолдана отырып, әртүрлі фразалар тізбегі айтылатыны байқалған. Және бұл фразалар тізбегі дұрыс құрылған. Жағымсыз тәжірибеде дұрыс емес айтылымдар арнайы беріледі. Информант дұрыс емесін тауып, түзеуі керек. Вербалды ассоциацияны анықтау барысында ассоциативті тәжірибе жүргізіледі. Бұл тәжірибе ойға оралатын алғашқы сөзбен жауап берудің нұсқаулық қағидасы арқылы жүзеге асады. Зерттеу барысында адам не айтамын, қалай жауап беремін деп ойланбайтын нәтижелер мен реакциялары бақылауға негіз болады. Психоллингвистикадағы ассоциативті эксперименттің басты мақсаты – ақиқат дүниені танытуда қолданылатын тіл бірліктері мен тіркестерін орынды мазмұнға сәйкес таңдай ала ма, белгілі бір стилистикалық және жалпы нормативтік жүйеге сай реттеп жеткізе ала ма, жоқ па деген мәселені шешу. Психоллингвистикада ассоциацияны анықтау үшін адамға тірек ретінде әртүрлі сөздер, суреттер, түстерді беріп, жауап ретінде олардың интерпретациясын бақылайды, яғни реакциясын байқайды. Демек, ассоциативті эксперимент «тірек-реакцияның» жүйесі бойынша жүргізіледі.

Орыстың психоллингвист ғалымы В.В.Волков бес түрлі ассоциативтік байланыс (тірек-реакция) типтерін ұсынған болатын: парадигматикалық, синтагматикалық, тақырыптық, фонетикалық, деривациялық [94].

А.Вежбицкаяның зерттеуіне сүйенсек, сөйлеу формасының ассоциациялық таңдау еркі идиоэтникалық әлемді қабылдаумен пара-пар. Мәдени талдау синтаксисінің мәселесі экстралингвистикалық факторға тәуелді болып келеді, яғни ұлттық, халықтық пресуппозиция жүйесімен, менталитетпен байланысты. Әрбір ұлттық тілде халықтың әлемдік көзқарасы және оның әлемдік түсінігі мәдени дәстүр контексті арқылы меңгеріледі [95].

П.П. Якубинский, «тіл – адамның өзін-өзі ұстау қалпының түрі. Адамның өзін-өзі ұстауы психологиялық факт, адам организмінің пайда болуы әлеуметтік факт болып табылады» дейді [96]. Тілдік сананың жүйеленуі қоршаған ортадағы қарым-қатынасқа байланысты. Тіл ұлттық менталитетті білдіреді. Тіл

арқылы ғасырдан ғасырға біздің мәдениаралық байланысымыз, мәдениетіміз сақталып ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Тілдің мазмұндық жағын тану жолдарының арасында соңғы жылдары психолінгвистикалық әдістерге жүгіну зерттеушілердің назарын аудартып отыр. Линвомәдениеттану мен психолінгвистиканың тығыз байланысы бүгінде еш күмән тудырмайды. Тілдік құбылыстардың табиғатын тану әдістерінің бірі ассоциативтік эксперимент әдісі болып табылады. Психолінгвистикалық проблематикада лексика-семантикалық зерттеудің белгілі бір орны бар, онда сөздің сөйлеу әрекетіндегі орны айқындалады, ақпаратты тану мен жеткізуде лексикалық жүйелердің фрагменттерін кешенді талдау жүргізіледі, әртүрлі тілдердің лексикасы мен семантикасына эксперименталдық талдау және т.б. жүргізіледі (А.Р.Лурия, А.А.Леонтьев, А.А.Брудный, В.В.Левицкий, А.П.Клименко, А.А.Залевская және т.б.). Лексика мен семантиканы психолінгвистикалық зерттеудің теориялық секілді тілдерді оқыту үшін қолданбалы да маңызы бар.

Вербалдық ассоциацияларға негізделген ассоциативтік эксперимент әдісі зерттеліп отырған құбылысқа респонденттердің көзқарасы туралы мәлімет жинауға, коммуникативтік орта қалайша адамның ассоциативтік базасын қалыптастыратындығын, оның дүниені қабылдауына қалай әсер ететіндігін түсінуге, зерттеліп отырған концептіні қабылдаудың этномәдени ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді. А.А.Леонтьевтің мына пікірі көпшілікке мәлім: «егер сөздік бірліктердің «мәдени» ерекшелігін, қандай да бір сөздің тікелей релевантты емес жанама семантикалық байланыстарын, оның семантикалық «орамдарын» жинақтау үшін неғұрлым объективтілікпен ашуға мүмкіндік беретін әдісті табу керек болса, сөзсіз бұл әдіс ассоциативтік эксперимент әдісі болып табылады...» [97, 14-15 Б.].

Тілдік және мәдени семантика арасындағы біріктіруші бөлік психолінгвистикалық эксперимент болып есептеле алады, онда ассоциативтік байланыстар, концептаялық өрістер, сонымен қатар талданып отырған ұғымның жиілігі мен тіркесімділігі айқындалады. Оның үстіне ассоциативтік эксперименттің мәдениетаралық зерттеулер үшін бай материал беретіндігі, еркін ассоциациялардың жалпыадамзаттық сипаты секілді әртүрлі мәдениеттер жағдайында сөздер арасындағы байланыс ерекшелігін айқындауға да мүмкіндік береді.

Қарым-қатынастың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің сөзді қабылдаудағы сәйкестендіру үдерісіне ықпалын эксперименталдық зерттеудің мүмкін әдістерінің бірі ассоциативтік эксперимент болып табылады, себебі дәл осы ассоциативтік эксперимент қандай да бір социумға тән байланыстардың белгілі бір жүйесіне тірек-сөзді қосуға, жатқызуға өз ықпалын тигізетін мінез-құлықтың дәстүрлі модельдерін ашуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде «әйел» концептісіне арналған көптеген зерттеу жұмыстар жазылғанымен, оны зерттеу барысында когнитивтік лингвистикада өте тиімді болып танылған психолінгвистикалық әдістерге жеткіліксіз зер салынады. Соңғы жылдары қазақтардың тілдік санасындағы «әйел» концептісінің еркін ассоциативтік эксперимент материалы негізінде жасалған диссертациялық

зерттеулер пайда болды [75], алайда көрсетілген зерттеулерде эксперименттік әдістеменің негізгілерінің барлығы да толық қарастырылмаған. Аталған концепті бойынша зерттеуімізді басқа психолінгвистикалық эксперименттің материалы (бағытты ассоциативтік эксперименттің /БАЭ/ түрлері, симиляр мен оппозииттерді іріктеу) негізінде жалғастырдық. Эксперименттің жүргізу мерзімі – 2013-2014 жж. Эксперименттер топтық түрде де, жекелік түрде де жүзеге асырылды. Топтық эксперименттер бір мезгілде 15-30 сынға алынғандармен өткізілді. Линвокогнитивтік талдау жүргізу үшін сынға алынғандардың барлық жауаптарымен қоса, жекелік реакциялар да есепке алынды. Когнитивтік интерпретация әдісімен алынған ассоциациялар негізінде қазақтардың тілдік санасындағы «әйел» концептісінің мазмұнын жасайтын когнитивтік белгілер тұжырымдалды. Әр белгі үшін айқындық индексі – АИ (эксперимент қатысушыларының санына қарай экспериментте берілген когнитивтік белгілердің шындық санының байланысы) есептеп шығарылды, осыған сәйкес анықталған белгілер сараланды.

Негізгі болып таңдалған бағытты ассоциативтік эксперименттің екі түрі қолданды (/әйел – ол.../ мәтіндік фразаны аяқтау, /әйел – қандай?/ анықтауыш таңдау. Экспериментке үш түрлі жас санатындағы Павлодар қаласының тұрғындары мен Павлодар облысының ауыл адамдары: 14-17 жастағы жасөспірімдер /40 адам/, 18-25 жастағы жастар /40 адам/ және 35 жастан үлкен ересектер /40 адам/ қатысты. Бағытты эксперименттің әрбір екі түрінен 120 адам сауалнамадан өтіп, барлығы 240 жауап алынды. Концептінің аймақтық, гендерлік ерекшеліктерін әрі қарай анықтау үшін тұрғылықты жерін ескере отырып, мәдениет пен білім деңгейі, әлеуметтік жағдайы әр түрлі барлық жастар топтарындағы саны бірдей әйел мен ер жынысы тұлғалары /20 адам/ /қалалық пен ауылдық жерлерден 10 кісіден/, сауалнамадан өтті.

Мәтіндік фразаны аяқтау әдістемесі. Әйел – ол...

120 ақпарат берушіден 294 реакция алынып, сауалнама негізінде 14 когнитивтік белгі анықталды, оның ішінде ең көрнектілері: *ана 0,22; әсемдік 0,20; адам 0,18; жақсы, жұмыс істейді 0,13; сүйкімді, әдепті 0,11; әдемі, жар, бала тәрбиелейді 0,10; сүйікті, гүл 0,09; өмір 0,6 және т.б.* 12 когнитивтік белгі 0,01 және одан да төмен АИ-не ие, яғни өткізілген эксперимент нәтижесі бойынша бұл белгілер 1-ден 9-ға дейін ассоциациямен көрсетілген. Осындай белгілерді мысалға келтірсек, *қызым болып табылады, еңбекқор, іскер, идеал т.б.*

Тірек-сөзге (Әйел – қандай?) анықтауыштар іріктеу.

120 экспериментке қатысушының сауалнамасын өңдеу арқылы 346 реакция алынып, соның негізінде когнитивтік интерпретация әдісімен 17 когнитивтік белгі тұжырымдалды. Ең көрнекілерін атасақ: *әдемі 0,68; ақылды, ардақты 0,52; ұрпақ әкелетін, адал 0,31; мейірімді, сезімтал, көрікті 0,26; нәзік, сүйкімді 0,14; биязы, қамқоршы, жылулық себетін 0,12; шаруаға бейім 0,09; сымбатты, сұлу 0,07 және т.б.* Ең аз айқындық мынадай белгілерде: *керемет, гажайып, қолынан бәрі келеді, ашық, ақ көңілді, әлсіз және т.б.*

Симиляр іріктеу.

Эксперимент қатысушыларына келесі тапсырманы орындау керектігі жайында өтініш берілді: «Психолінгвистикалық экспериментке қатысуды сұраймыз. Әйел сөзінің мағынасына жақын сөз не сөздер тобын теріп жазыңыз. Өзіңіз туралы мәлімет беріңіз (жынысы, жасы, білімі, жұмыс/оқу орны, тұрғылықты жеріңіз) Рахмет!». Бұл экспериментке 100 кісі қатысты. Осындай сапалық айырмашылық (БАЭ-ке қатысушыларына қарағанда) индекстік сипаттауды қолданғандықтан, зерттеу нәтижесіне елеулі ықпал ете алмайды деп ойлаймыз. «Орыс ассоциативтік сөздігі» мәліметтерін талдау барысында алынған Г.А.Черкасованың деректеріне сүйенсек, 100 информантта да кездесетін реакциялардың салыстырмалы жиілігі тұрақтанады, сондықтан шынайы ғылыми нәтиже алу үшін ассоциативтік эксперимент кезінде 100 адам жеткілікті сан болып табылады [98, 227-244 Б.]

Симиляр іріктеу қорытындысы бойынша 95 реакция /5-еуі бас тартты/ алынып, 11 когнитивтік белгі анықталды. Осылардың ішінен ең жоғарғы АИ-не ана 0,48 когнитивтік белгісі ие болды, ал басқа белгілерде АИ анағұрлым аз: *отбасы ұйтқысы 0,15; өмір тірегі 0,11; жар 0,08 және т.б.* Жеке-дара реакциялар *махаббат, жаным, қолынан бәрі келеді, үйлесімділік, таңғажайып 0,01* сынды белгілер болып анықталды.

Оппозит іріктеу.

Сауалнамадан өткендерге «Психолінгвистикалық экспериментке қатысуды сұраймыз. Әйел сөзінің мағынасына қарама-қарсы сөз не сөздер тобын теріп жазыңызшы. Өзіңіз туралы мәлімет беруіңізді ұмытпаңыз (жынысы, жасы, білімі, жұмыс/оқу орны, тұрғылықты жеріңіз) Рахмет!» атты нұсқаулық берілді. Экспериментке 100 кісі қатысты. Сынға алынғандардың барлығы да бір-ақ жауаптан берді, қорытындысында 100 реакция шықты, соның негізінде үш когнитивтік белгі: *ер адамға қарама-қарсы 0,94; жаман әйел 0,05; ер тұлғалы 0,02; өлім 0,01; ақымақ 0,01* анықталды.

Өткізілген барлық екі эксперименттің нәтижесінен алынған деректер бойынша когнитивтік белгілер кестесі құрылды. Бұл кесте материалдары талданып, барлық эксперименттік сипаттамаларда айтарлықтай ең жоғары АИ-не (әрі қарай когнитивтік белгілер тізімінде ең жоғарғы АИ деп көрсетіледі) ие болған екі белгі: *ана 0,94; ер адамға қарама-қарсы 0,48.*

Үш эксперименттің деректері негізінде /мәтіндік фразаны аяқтау, тірек-сөзге анықтауыш іріктеу, симиляр іріктеу/ 4 бірдей белгі: *ана 0,68; әдемі 0,26; өмір тірегі 0,11; сүйкімді 0,02* анықталды. Сонымен қатар екі эксперимент нәтижесі бойынша анықталған кейбір белгілер бірдей болып келеді, ең көп біркелкілік /26 когнитивтік белгі/ БАЭ түрлері материалының тізімінен /әйел – ол...; әйел – қандай?/: *ақылды 0,06; әдемі 0,05; жанашыр 0,04; қамқор 0,04; білімді 0,04; сабырлы 0,02; ардақты 0,02 және т.б.* байқалады.

Бір ғана эксперимент нәтижесінен алынған когнитивтік белгілер де бар. Мәтіндік фразаны аяқтау әдістемесі /БАЭ/ осындай белгілерді *ана 0,22; отбасы ұйтқысы 0,13; әсемдік 0,02, өмір 0,02, күйеуінің сүйіктісі 0,02 және т.б.* анықтауға мүмкіндік берді. Тек анықтауышты іріктеу материалы бойынша /БАЭ/ келесі белгілер: *ақылды, ардақты сымбатты 0,03; әдепті 0,02; ұрпақ*

әкелетін, адал 0,01; мейірімді, сезімтал 0,01; биязы 0,01; сүйкімді 0,01 және басқалары тұжырымдалды.

Парадигматикалық эксперимент (симиляр мен оппози́т іріктеп алу) нәтижесі бойынша анықталған когнитивтік белгілер көп емес, көбіне БАЭ материалы бойынша айқындалған белгілермен (тек жекелік реакция болып табылатын дүлей белгісін қоспағанда) сәйкес келеді, бірақ кейбіреулері айтарлықтай ең жоғары айқындық индексіне ие, алуан түрлі белгілерді анықтауда қолданатын осы эксперимент түрінің тиімділігі дәлелдегендей болып, барлық эксперименттердің қорытындыларын жүйелеу кезінде ескеретін болады [99, 28 б.].

Сонымен «әйел» концептісінің психолингвистикалық зерттеуі кезінде жиналған деректері бойынша ең ақпараттық эксперимент бағытты ассоциативтік эксперимент болып шықты. Дегенмен, ескере кететін жайт, концептіні сипаттау кезінде әр түрлі ассоциативтік экспериментке жүгінгені маңызды болып табылады. Әрқайсысынан басқа эксперименттердің нәтижесінен шығара алмайтын когнитивтік белгілерді табуға болады, ал алынған деректерді салыстыру арқылы белгілердің ең жоғарғы айқындық индексін анықтауға мүмкіндік берілді. Қазақтардың тілдік санасындағы «әйел» концептісінің макроқұрылымы:

Бейнелі компонент: естілім бейнесі, көру бейнесі – ең айқын топ белгілер сыртқы келбетін білдіреді: әдемі, сұлу, сүйкімді, таза және басқалары.

Дыбыстық бейне: бесік жырын айтады, әлдилейді.

Дәм сезу бейнесі: тәтті, алмадай, бал татыған. Когнитивтік бейнелер анықталмаған.

Энциклопедиялық мазмұны:

Дифференциалды аймақ: шаруаға бейім, ошақ иесі, бала тәрбиелейді, күйеуіне қамқоршы, ақылшы, бала табады және басқалары;

Сипаттама аймақ: мейірімді, ақылды, білімді, әдепті, инабатты, тәрбиелі, елгезек, білім алады, парасатты, сабырлы, байсалды, адал, қайырымды, аялы алақан, қонақжай, іскер, қолынан бәрі келеді, өзін күтеді, ашық жарқын және басқалары;

Сәйкестендірме аймақ: сүйікті, жар, жанымның жартысы, шеше;

Мифологиялық аймақ: ер адамдармен тең.

Интерпретациялық өріс:

Бағалаушы аймақ: әдемі, ақылды, мейірімді, жақсы, долы, жаман;

Тәжірибелік аймақ: үй шаруасымен айналысады, отбасын қарайды, ошақ иесі, күйеуін қамын ойлайды және басқалары;

«Әйел» концептісінің макроқұрылымында келесі когнитивтік қабаттар көрінеді:

Тарихи қабат: бағынышты, құрбандық, тауар;

Қазіргі когнитивтік қабат.

Бағаламаушы қабат: үй шаруасымен айналысады, отбасының қамын жейді, күйеуін ойлайды, көп жұмыс істейді, үйренеді, сыртқы келбетіне қарайды, жас, егіншілікпен айналысады, би билейді, ән айтады және басқалары;

Бағалаушы қабат:

– жағымды бағалаушы белгілер: әдемі, ару, әсем, сымбатты, көрікті, инабатты, ақылды, мейірімді, жақсы, қамқор, сезгіш, білімді, байсалды, табанды, салмақты, қонақжай, адал, іскер, ашық жарқын және басқалары;

– жағымсыз бағалаушы белгілер: қылымсыған, өсекші, долы, сөзқұмар, сараң, қатыгез, қыңқылдақ, салақ, жаман, ұрысқақ және басқалары;

Амбивалентті-бағалаушы белгілер: өжет, пысық, тіл алғыш, зерек, ақ пейілді, епті;

«Әйел» концептісінің категориялық құрылымы 20 когнитивтік классификацияланған белгілермен көрсетіледі:

Сипаттау әрекеті:

1) Сипаттау қызметі мен әуесқойлығы: үйренеді, хат жазады, оқиды, тамақ ішеді, демалады, теледидар көреді, телефонмен сөйлеседі және басқалары;

2) өнермен айналысады: би билейді, ән айтады, әншіл, сурет салады;

3) қолөнермен айналысады: тоқиды, киім тігеді, қолы шебер;

4) үй шаруасына байланысты: үй шаруасымен айналысады, егіншілікпен айналысады;

5) отбасына қарауы: отбасына қарайды, отбасы бюджетін иелік етеді;

Мінезі мен темпераменті: қамқор, көңілшек, мейірімді, жақсы, табанды, епті және т.б.;

Кәсіби қызметі: мұғалім болып жұмыс істейді, мемлекеттік мекемеде жұмыс істейді, дәрігер және т.б.;

Бет-әлпеті:

1) Сыртқы келбеті: әдемі, сүйсімсіз, таза және т.б.;

2) фигура: толық, арық, ірі денелі;

3) бойы: талдырмаш, ұзын бойлы;

4) шашы: қара шашты;

Қарым-қатынас жасау тәртібі: мылжың, өсекші, қыңқылдақ, ұрыспайды, өсектемейді және т.б.;

Әлеуметтік тәртібі: өзін әдепті ұстайды, қонақжай, сыпайы, ризашылығы бар, қатыгез және т.б.

Барлық эксперименттердің қорытынды нәтижесі бойынша кең көлемдегі когнитивтік белгілердің (81) тізімін алдық, ал осы тізім негізінде зерттелген концептінің өрістік моделі жасалды.


1. Өзек (2 белгі): ана 0,94; әдемі 0,68.

2. Бергі периферия (5 белгі): ерлерге қарама-қарсы 0,52; ақылды 0,48, мейірімді 0,39, сүйкімді 0,33, отбасы тірегі 0,28.

3. Алыс периферия (24 белгі): сымбатты 0,18; адам 0,16; өмір тірегі 0,14; қамқор 0,13; жар 0,12, сүйікті 0,12; көрікті 0,11; шаруаға бейім 0,10; сезімтал 0,10; парасатты 0,09; ардақты 0,09, жанашыр 0,09; гүл 0,08; нәзік 0,08; төзімді 0,07; өмір негізі 0,07; сенімді 0,05; әсерленгіш 0,05; ашық мінезді 0,05; биязы 0,05; инабатты 0,05; әдепті 0,05; білімді 0,05; жақсы 0,05.

4. Шеткі периферия (40 белгі): махаббат иесі 0,01; дана 0,01; дербес 0,01; қу 0,01; батыл 0,01; күйеуінің сүйіктісі 0,01; әже 0,01; бала тәрбиелейтін

0,01; керемет 0,01; тамаша 0,01; күш иесі 0,01; жұмбақ 0,01; белсенді 0,01; үйлесімді 0,01; үлкен 0,01; тәкаппар 0,01; қызықты 0,01; тіршілік иесі 0,01; шабыт беретін 0,01; жұмыскер 0,01; әлсіз 0,01; әр түрлі 0,01; романтикалық 0,01; қыз 0,01; қатын 0,01; қарапайым 0,01; құрбы 0,01; ана 0,01; береке себуші 0,01; қоғамның бір бөлігі 0,01; шынайы 0,01; тәуелсіз 0,01; арсыз 0,01; раушан гүл 0,01; көңілің 0,01; сыпайы 0,01, еңбекқор 0,01; күнәһар 0,01; табыс әкелуші 0,01; қатыгез 0,01 және т.б. (АИ 0,01-ден төмен).



Кесте №1: Концептінің өрістік моделі

Сонымен, «әйел» концептісі ерекше бағалаушы, когнитивтік белгілері басым болады. Өрістік құрылымда периферия аймақ арасында үлкен алшақтық байқалмайды. Концептінің іргелі өрісі мен шеткі периферия аймағы қазақ халқының күнделікті өміріндегі әйел туралы қалыптасқан, айқын көрсетілген үйреншікті түсінігін көрсетеді. Осындай периферия аймаққа кірген белгілер біздің мәдени ортамыздағы әйелдің антропологиялық ерекшелігін, типтік мінсіз мінездемесін айқындайды. Сонымен қатар, алыс пен шеткі периферия аймақтың кең көлемділігі жекелек адамдардың тілдік санасында болатын әйел бейнесінің әр алуандығын дәлелдеп көрсетеді.

Қазақ халқымызда әйел заты – отбасының ұйытқысы, ұрпақтың жан және тән саулығының сақтаушысы, ұлттың өнуі мен өсуінің өрісі, ел татулығының дәнекері, қазір, сонымен қоса, іскер кәсіпкер, білікті мемлекеттік қызметші, білімді ғалым, талантты мәдениет, өнер, қоғам қайраткері. Әйелдер – қоғам тірегі, игі бастамалардың жақтаушылары, іскерлік пен ізеттілікті бір бойларына жинаған ардақты жандар. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға

айрықша маңыз беріледі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қоғамның даму барысын өмірде – нәзік, көңілде – биік, ал істе – мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес» деген болатын.

2.5. «Әйел» концептісінің қазіргі моделі

«Әйел» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Әйел атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «әйел» концептісінің туыстық қатынастар аясына қыз, келін, ана, жеңге, абысын, ене лексемалары енсе, қоғамдағы әлеуметтік орнына орай бәйбіше, тоқал, жесір лексемалары қолданылады. Ал жас ерекшелігіне орай қыз (бойжеткен, қалыңдық, келін, келіншек), әйел (жұбай, жары, қосағы), бәйбіше (тоқал, жесір), кемпір (әже, кейуана) ұғымдарын жатқызамыз.

Мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттер ғалымның тілдік бейнесіндегі ана образын сипаттайды. **«Әйел – ана»** когнитивтік моделі аясына: *Ана болған дана болады; Ананың алақаны – балаға айдынды қоныс; Мылқаудың тілін анасы біледі. Ананың сүйген жері отқа күймейді, оқ та тимейді; Ана жақсылығын ауырсаң білерсің; Ақ жаулығы ананың – ақ көрпесі баланың; Ананың басқан жерінде пейіш бар; Ана баласын арыстанның аузынан алады; Анасыз үй – панасыз; Ағайынның алтын сарайынан, Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, Қарызынан да құтыла алмайсың; Ананың жыртық лашығы артық; Алты жеңге бірігіп ана болмас; Ағайын – алтау, Ана – біреу; Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды; Анаңа ауыр сөз айтпа, атыңа ауыр жүк артпа* т.б. нақылдар енеді.

«Әйел – үйдің берекесі» когнитивтік моделі. Ғаламның тілдік бейнесінде «жақсы әйел» ер адамның жақсы қасиеттерін асырып, жаман қасиеттерін жасырып, отбасының түтінін түтетіп, үйдің берекесін, ырысын молайтатын жан екені сипатталады. *Әйел – үйдің көркі, Еркек – түздің көркі; Әйел – үйдің ажары; Үйді қырық еркек толтыра алмайды, Бір әйел толтырады; Әйел – үйдің ұйытқысы; Әйел – үйдің қазығы. Әйел өлсе, үйің кетеді, басыңнан күйің кетеді; Еркек үйдің иманы, әйел үйдің жиганы; Жақсы әйел – үй дәулеті, Жақсы шапан – той дәулеті.*

«Әйел – адал жар» когнитивтік моделі. Дүниенің тілдік бейнесінде әйелге отбасы ұйтқысы ретінде жиі кездеседі. Ер адамды ер етіп, ел ішінде атағын асқақтатып, оның отбасының түтінін түтетіп, жақсысын асырып, жаманын жасыратын да әйел екені сипатталады. Төменде келтірілген мақал-мәтелдер «әйел» концептісіне жағымды коннотация үстейтін ұғымдар әртүрлі тілдік қолданыстар арқылы суреттелгенін көрсетеді. *Жақсы әйел басындағы бағың, астындағы тағың; Ер жолдасы – қатыны, Ақ жаулығы болмаса; Жақсы әйел – теңі жоқ жолдас, Түбі жоқ сырлас.*

«Әйел – үлгі» когнитивтік моделі. *Жақсы әйел жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар; Жақсы әйел – үй дәулеті, Жақсы шапан – той дәулеті;*

Дүниенің көркем бейнесінде әйел бейнесін сипаттайтын жақсы-жаман қасиеттер қатар қолданылып, «әйел» концептісі төңірегінде жүйеленген ассоциативтік өрісін көруге мүмкіндік береді: *Жақсы әйел – зейнет, жаман – әйел бейнет; Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді; Атың жақсы болса – пырағың, Қатының жақсы болса – шырағың; Жақсы әйел жаныңды марқайтады, Жаман әйел ерте қартайтады; Жақсы әйел жаман еркектің басын хан қылады, Жаман әйел жақсы еркектің басын даң қылады; Денің сау болса – бір бақыт, әйелің жақсы болса – мың бақыт; Жақсы әйел – жігітке біткен бақ, Жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ; Жақсы әйел өміріңді ұзартады, Жаман әйел үстіңе тұз артады; Алған жарың жақсы болса, ат үстінен дүбір ет, Алған жарың жаман болса, шиге кіріп сыбыр ет; Жаман қатын төсегінен белгілі, Жаман жігіт есебінен белгілі; Жақсы әйелдің қолы ұзын, Жаман әйелдің тілі ұзын.*

«Жаман әйел» когнитивтік моделі. Ғаламның тілдік бейнесінде «Жаман әйел» стереотиптік үлгісін беретін нақылдар «әйелі жаман болса еркектің қадірі кетіп, ел алдындағы абыройы түседі» деген ой тұжырымдайды: *Қатының жаман – ер азар, Қарашасы жаман – хан азар; Қатының жаман болса, кісі алдында тіл қатпа; Атың жаман болса, сатып құтыларсың, Қатының жаман болса, қайтып құтыларсың?; Ер жігітті қартайтатын үш нәрсе бар: шабан ат, жаман қатын, өтпес пышақ; Қатының жаман болса, Арманың кетер. Қапа-қасіретпенен заманың кетер!*

«Жаман әйел» стереотиптік үлгісін танытуда мынадай қасиеттер айрықша сипатталады:

еріншектік: *Еріншек қатынның етегі жыртық, Ерке қатынның еріні тыртық; Еріншек әйел она жағады, Ерінбес әйел еңбек табады;*

салақтық: *Салақ қатын тұтқышқа жарымас; Салақ қатынның үйінен сабақты ине табылмас; Салақ қатынның етін құрт жейді, Терісін ит жейді; Тазалығы қатынның тарағынан белгілі;*

олақтық: *Олақ қатын оймақшыл, салақ қатын сауықшыл; Олақ қатынның пісірген сүті іріп кетер, илеген терісі шіріп кетер; Үш күндігін ойламаған әйелден без; Жанбаса – отын жаман, Жаға алмаса – қатын жаман;*

ұрысқақтық, жеңіл ауыздық: *Жақсы әйелдің қолы ұзын, Жаман әйелдің тілі ұзын; Қатының шайпау болса, кісі алдында тіл қатпа;*

айлакерлік: *Әйелдің күші аз, айласы көп; Бұлт шығып жаңбыр жаумай елді алдайды, Әйелдің айлакері ерді алдайды; Бір қу байтал, екі айғырды аш қалдырады; Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк болған; Хан жарлығынан қатын жарлығы күшті;*

ұятсыздық: *Ұятсыз әйел – тұзсыз ас; Шыққан даудың себебін әйелден ізде;*

арсыздық: *Арсыз әйел зәрін шашады, Бәрін сатады. Абыройын ашады;*

жеңіл жүріске салынуды: *Опасыз қатыннан опалы ит артық; Күйеуі өлген әйел келіншек болады, Күйі кеткен жігіт еріншек болады; Баусыз оймақ қолда тұрмас, Байсыз қатын үйде тұрмас.*

Қазақ дүниетанымында әйелдерді еркектерден бір саты төмен санаған. Осыған орай шөпжелкен, шүйкебас, салпы етек, төмен етек сияқты лексемалар да қалыптасқан.

«Әйел» концептісін қалыптастыратын тіркестер «Әйел-ана», «Әйел-шеше», «Әйел-қыз», «Әйел-келін», «Әйел-тоқал», «Әйел-жесір», «Әйел-қатын» образдарын топтай келіп, олардың әрқайсысына тән гендерлік белгілерді жинақтап көрсетеді.

«**Әйел-жесір**» когнитивтік моделі. Көптеген нақылдарда жесір әйелдің гендерлік бейнесін сипаттайды. Қазақ халқы жесірін жылатпаған, басқа руға, жерге көшуіне рұқсат бермеген. Осыдан келіп, *Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді; Жесір қатын – жел буаз; Әйелдің ақылын жесірінде көр, баланың ақылын жетімінде көр* деген сияқты нақылдар бар.

«Әйел» концептісінің өзегін әйел – ана тілі және әйел – ана қарым-қатынасының түсінігі құрайды. Тіл туралы Занда айдан анық айқындалғанымен, қазақ тілі мемлекеттік басқару тіліне де, заң шығару тіліне де айнала алмай келеді. Біздіңше, соның бір ұшы ұлт мәдениетінде, өзінің отаналық, отбасының берекесі мен құтын ұйытушы, сақтаушы, ана сүтімен, қазақы мінез бен ана тілін үйрететін, бесік жырымен ұрпағын тәрбиелейтін қазақ әйелінің әлеуметтік қызметінің әлсіреуімен, өзгеруімен байланысты сияқты. Жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбайұлы ана тілі мен әйелана қарым-қатынасын осылайша сабақтастырады: «Есесі кетіп келген тілімізді мұратына жеткізу үшін, бәрінен бұрын, қай-қайсымыздың да қолымыздан келуге тиісті дұрыс ана, дұрыс ата, дұрыс ұстаз, дұрыс азамат бола білуге көбірек көңіл бөлгеніміз дұрыс сияқты». Әбіш Кекілбайұлы дұрыс ана бола білуді алдымен атап, бірінші жазып отырса, бұл, әрине, тегіннен-тегін емес. Ана тіліміздің тағдыр-талайында аналардың атқарар рөлі айрықша екендігі аян. Әуелгі «әлдиді» айтатын да, бесік жыры арқылы ұлттық тілдің уызын сіңіретін де – ана.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуіміз «әйел» концептісінің қазақтардың тілдік санасына релевантты болып табылады, көлемді когнитивтік құрылым мен кең лексикалық объективизацияға ие.

Лингвокогнитивтік жолмен жүргізілген зерттеуімізде Сәбит Дөнентаев шығармаларының көркем мәтіні негізінде, ассоциативтік эксперимент нәтижесі бойынша «әйел» концептісін анықтап, сипаттау және берілген концептіні қазақтардың тілдік санасында әр жақтан ерекшеліктерін айқындау мақсат етілді.

Зерттеу тілді ұлт мәдениеті мен танымын шектеулі бірлікте қарастыратын қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағыты тұрғысынан зерттеледі. Тіл ұлттық дүниетаным мен ерекшеліктерін түсінудің нышан нұсқауы және ұлттың ең анық сәйкестендіргіш сипатын қарастырады. Қазіргі ғылымда «концепт» терминімен белгіленетін ұлттық таным бірліктерін зерттеу мұндай жолмен байланысты. «Концепт» ұғымының мазмұнын анықтауда біз өз жұмысымызда келесі теориялық жорамаладарға сүйенеміз:

Концепт – бұл ұлттық тілдің лексикалық жүйесінде вербализацияланатын тілдің айнасы болатын концептосфераның күрделі бөлігі ретінде қарастырылатын ментальді мазмұн (З.Д.Попова, И.А.Стерин);

Концепт әлемді тану үрдісі мен адамның барлық әрекетінің жемісі болып табылады және өз ішінде әлем туралы ақпаратты сақтайтын білімнің бір «квантын» қамтиды (Е.С.Кубрякова);

Концепт – адамның ментальді әлеміндегі мәдениеттің негізгі ұясы. Ю.С.Степанов

Концепт адамның этникалық дүниетанымын бейнелейді, әлемнің этникалық тілдік бейнесін таңбалайды (М.Хайдеггер).

Жұмыс, біріншіден, концепті нақты іске асып, қазақ көркем әдебиеті авторының мәтіндеріне, өлеңдеріне негізделеді, сол жерде автор ұлт танымын таратушы және сипаттаушы болып табылуымен қатар, көп жағдайда ұлт дүниетанымын қалыптастырады.

Теориялық база негізінде түсіндірме сөздік негізінде «әйел» концептісінің ғылыми түсінігі, оның тілдік кеңістігі анықталды. **Сонымен қатар ассоциативтік эксперимент негізінде қазақтардың тілдік санасындағы «әйел» концептісіне сипаттама жасалып, қазіргі «әйел»**

«Әйел» концептісі Сәбит Дөнентаев өлеңдерінде әйел теңсіздігі мәселесі қозғауда қолданылады. Оның «Көркем қызға», «Жәмилә қыз», «Әйелдер мейрамына», «Мен зынданда», «Ерікті Айша», «Әйелдердің он жылдық тойына» деп аталатын өлеңдерінде әлеуметтік мәселе бірде диалог, бірде монолог, бірде қыз мұңы түрінде беріледі. Концептіні автор кейіпкер мінездерін ашуда, портрет жасауда қолданады.

Қазақ қыздарының қалың малға сатылуы, күшпен сүймеген адамға ұзатылуы, «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деп кемітуге жол бермеуді мақсат тұтқан ақын, өлеңдерінде ескіліктің шырмауын бұзатын жол іздейді.

Қазақ қызына байланысты айтылған: бота көзі мөлдіреп, аққудың көгілдіріндей, ақмаралдай керілген, қызыл жүз, иісі – гүл аңқыған, нұры – күн шалқыған, ақша жүз, алқызыл бет сияқты толып жатқан тіркестер де сұлулық ұғымынан туындаса керек. Ел арасында: «Қыз емес, қыздың аты-қызыл алтын, Көрінер туған Айдай-жүзі жарқын», деген де ұлы сөз бар. Қыздың сұлулығы мен сырт пішінін бейнелейтін маржан сөздер әр ақын жазушының шығармаларында, ғашықтық жырларында орын тапқан. Көне көз қариялардың сөзіне құлақ түрер болсақ, қыз сұңғақ бойлы, сыңғырлаған дауысты келеді. Оймақ ауыз, күлім көзді, жайдары мінезді болған. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында «Мінсіз аппақ тістері қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы, асығып күткен қызыл арай таң сәріндей» десе, Сәбит Мұқанов «Мөлдір махаббат» романында «...шынында да үлде мен бүлдеге оранған, асыл тастармен, алтын бұйымдармен безенген, талдырмаш сұңғақ бойлы, сұлу кескінді қыз!» деп тамсана отырып жазады. Бұдан ақылына көркі сай, көздері нұрлы, денесі сымбатты, жүрісі ұнасымды қыз кімді болса да тамсандыратынына көз жеткіземіз. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырындағы «Ай мен күндей екеуін толықсытып», «Қыпша бел, алма мойын сұлу Баян» деген тармақтардағы сөз маржаны да соның айғағы болса керек. Сол сияқты Сәбит Дөнентаевтың «Әйел» концептісінің когнитивтік моделі әйел – ошақ иесі, еңбекқор, шаруаға бейім, күң, әлсіз, құрбандық, тауар құндылығы, еріксіз, аянышты, қалың мал, сор соғу.

«Әйел» концептісі макрокомпонентті, категориялық және өрістік құрылысынан жасалатын күрделі құрылымдық құрам болып табылады. Макрокомпоненттік құрылымы концептінің бейнелі, ақпараттық-ұғымдық, энциклопедиялық компоненттері мен интерпретациялық өрісінен тұрады.

Когнитивтік интерпретация нәтижесі арқылы зерттелген концептінің моделін жасауға көмектеседі. Өрістік аймақ концепт денотаты жайында ең ақпаратты мәлімет беретін белгілерден тұрады, перифериялық аймақ көбінесе топтық сипат білдіреді, не болмаса жекелік сипатта көрінеді. Сонымен қатар «әйел» концептісі ерекше бағалаушы, когнитивтік белгілері басым болады. Өрістік құрылымда перифериялық аймақ арасында үлкен алшақтық байқалмайды. Концептінің іргелі өрісі мен шеткі перифериялық аймағы қазақ халқының күнделікті өміріндегі әйел туралы қалыптасқан, айқын көрсетілген үйреншікті түсінігін көрсетеді. Осындай перифериялық аймаққа кірген белгілер біздің мәдени ортамыздағы әйелдің антропологиялық ерекшелігін, типтік мінсіз мінездемесін айқындайды. Сонымен қатар, алыс пен шеткі периферия аймақтың кең көлемділігі жекелік адамдардың тілдік санасында болатын әйел бейнесінің әр алуандығын дәлелдеп көрсетеді.

Зерттеу мазмұнында талданған ассоциациялар, бағалау мен коннотациялар қазақ әйелінің сезімдік, әлеуметтік, психологиялық, мәдени т.б. дәйегі, ұлттық сананың кілтін ашатын тілдік құралдар болып табылады.

Концепт мазмұны мен құрылымын зерттеу мақсатымен концептінің тілде жүзеге асырылуының амал-тәсілдерін қарастыру жөн болар еді. Зерттеуді С.Дөнентаев поэзиясымен қатар, прозасы негізінде «әйел» концептісін толықтай жан-жақты зерттеу жұмыстың кейінгі қадамы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка / А.П. Бабушкин. – Воронеж: ВГУ, 1996. – 104 б.
2. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику / В.А. Маслова. – М.: Флинта, 2006. – 396 б.
3. Попова З.Д. Очерки по когнитивной лингвистике / З.Д. Попова, И.А. Стернин. – Воронеж: Истоки, 2001. – 191 б.
4. Пименова М.В. Концептуализация и объективация истины и правды // М.В. Пименова // Язык. История. Культура: К 50-летию Кемеровского государственного университета и 25-летию юбилею кафедры исторического языкознания и славянских языков КемГУ. – Кемерово: Графика, 2003. – 25-35 Б.
5. Попова З.Д. Основные черты семантико-когнитивного подхода к языку / З.Д. Попова, И.А. Стернин // Антология концептов. – Волгоград: Парадигма, 2005. – Т. 1. – 7-10 Б.
6. Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика – психология – когнитивная наука / Е.С. Кубрякова // Вопр. языкозн. – 1994. – №4. – 26-34 Б.
7. Жиренов С.А. Когнитивтік лингвистика. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 110 б.
8. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2007. – 312 б.
9. Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике –Алма-Ата., 1989. –160 б.
10. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. –Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
11. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. — Алматы, 2001. № 4. – 39-43 Б.
12. Сергеев В.М. Когнитивные методы в социальных исследованиях // Языки и моделирование социального взаимодействия –Москва: Прогресс , 1987. – 464 б.
13. Тұманова А.Б. О соотношений «картина мира», «языковая картина мира» и «концептуальная картина мира»// ҚазҰУ хабаршысы №9., 2004. – 12-16 Б.
14. Серебrenиков Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И., и др. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – Москва: Наука, 1988. – 242 б.
15. Аитова Н.Н. Ғалам бейнесі және ғаламның тілдік бейнесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №7., 2004. – 35-40 Б.
16. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. Москва: Русские словари, 1996. – 111 б.

17. Стернин И.А. Лексическое значение слова в речи. – Воронеж, 1985. – 138 б.
18. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос, 2002. – 183 б.
19. Брутян Г.А. Языковая картина мира и ее роль в познании// Методологические проблемы анализа языка. – Ереван: Издательство Ереванского университета, 1976. – 54-67 Б.
20. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (Семантикалық аспект). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
21. Гадамер Х.Г. Истина и метод: Основы филос. герменевтики: Пер. с нем. / Общ.ред. и вступ. ст. Б.Н. Бессонова. – Москва: Прогресс, 1988. – 704 б.
22. Апресян Ю.Д. Избранные труды. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1995. – 767 б.
23. Гумбольд В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. – 396 б.
24. Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Лео Вайсгербер в когнитивной перспективе // СЛЯ. Том 49. №5., 1990. – 69-78 Б.
25. Гиздатов Г.Г. Когнитивные модели в речевой деятельности – Алматы: Ғылым, 1997. – 175 б.
26. Беляевская Е.Г. Семантическая структура слова в номинативном и коммуникативном аспектах // Когнитивные основания формирования и функционирования семантической структуры слова // Автореф. дисс. д-р ф.н. – Москва, 1992. – 25 б.
27. Телия В.Н. Русская фразеология. – Москва: Языки русской культуры, 1996. – 288 б.
28. Дворецкий И.Х. Латинско-русский словарь. – Москва: Русский язык, 1976. – 1069 б.
29. Телия В.Н. Номинация // Языкознание. Большой энциклопедический словарь. М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 336-337 Б.
30. Языковая номинация: виды наименований. – Под ред. Б.А. Серебренникова. – Москва: Наука, 1977. – 359 б.
31. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. –110 б.
32. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 178 б.
33. Диброва Е.И. Коммуникативно-когнитивная модель текстопорождения // Семантика языковых единиц / Доклады V межд.конф. т 2. – Москва, 1996. – 56-65 Б.
34. Никитина М.В. Лексическое значение в слове и словосочетании. – Владимир: Владимирский государственный институт, 1974. – 222 б.
35. Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / С.А. Аскольдов. – М.: Academia, 1997. – 267-279 Б.
36. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры / Ю.С. Степанов. – М.: Языки русской культуры, 1997. – 824 б.

37. Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов / Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. / Под общей ред. Е.С. Кубряковой. – М.: МГУ, 1996. – 245 б.
38. Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становления антропоцентрической парадигмы в языкознании / С.Г. Воркачев // Филологические науки. – 2001. – 42–72 Б.
39. Неретина С.С. Концепт и концептология // Тропы и концепты // <http://www.Krotov.info/index.htm>
40. Грузберг Л.А. Концепт как культурно-ментально-языковое образование. Пермский университет // <http://language.psu.ru>
41. Воркачев С.Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты / С.Г. Воркачев // Известия РАН. Серия литературы и языка. – 2001. – Т. 60, № 6. – 47–58 Б.
42. Лихачёв Д.С. Концептосфера русского языка / Д.С. Лихачёв // Известия АН СССР. – Серия литературы и языка. – 1993. – Т. 52. – Вып. 1. – № 1. – 3–9 Б.
43. Хамитова Г.А. Культурная концептосфера в языке и принципы ее вычленения // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2004. №2 – 6-11 Б.
44. Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1999. – 780 б.
45. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В.И. Карасик. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 б.
46. Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты и метаконцепты: монография / Г.Г. Слышкин. – Волгоград: Перемена, 2004. – 328 б.
47. Воркачев С. Счастье как лингвокультурный концепт / С. Воркачев – М.: Гносис. – 2004. – 237 б.
48. Стернин И.А. Язык и мышление / И.А. Стернин. – Воронеж: Рико, 2004. – 25 б.
49. Алексеенко, Е. А. «Земля» и «земное» в мифологической традиции кетов / Е. А. Алексеенко, Н. М. Гришина // Шаман и Вселенная в культуре народов мира. СПб. : МАЭ РАН, 1997. – 43-50 Б.
50. Шоқым Г. Тіл біліміндегі гендер мәселелері // ҚР ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. № 6. – 23-26 Б.
51. Гусейнова И.А., Томская. М.В. Гендерный аспект в текстах современной рекламы // Филологические науки . – 2000. №3, 81-91 Б.
52. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581б.
53. Смайлов А. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты. Филол.ғыл,канд.дисс.автореф. – Алматы, 2008. – 25 б.
54. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 / Байғұтова Ақлима Мархабатқызы. – Алматы, 2008. – 138 б.

55. Әлімжанова А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2008. – 31 б.
56. Шишигина О.Ю. Объективация концепта «женщина» в английской фразеологии. Дис. ... канд. филол. наук /О.Ю. Шишигина. – Кемерово, 2003. – 190 б.
57. Аквинский Ф. Сумма теологии. – Киев: Эльга, Ника-Центр, Элькор-МК, Экслибрис, 2012. – 1472 б.
58. Хайдар Баш. Права женщины в исламе. – Москва: Исламский научно-просветительский центр, 2001. – 487 б.
59. Ақатай С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Алматы, 2001. – 363 б.
60. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 460 б.
61. Жұртбаев Т. Дулыға. Алматы: Жалын, 1994. – 368 б.
62. Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. – Алматы: Мектеп, 2002. – 224 б.
63. Соловьева Г. Современная западная философия. Алматы: 2002. – 465 б.
64. Адаева Г. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі: Философия ғыл. кан... дисс. – Алматы, 2007. – 129 б.
65. Әзімжанова Г. Көркем проза прагматикасы. Алматы: Санат, 2005. – 300 б.
66. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Жалпы ред. басқарған Ысқақов А.Ы. – Алматы: Ғылым, 1974. – 1-том. – 695 б.
67. Дөнентаев С. Рухнама. Павлодар: «ЭКО», 2003. – 128 б.
68. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі мәдениеттің тілдік релеванттары: Филол.ғыл. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 2003. – 28 б.
69. Кубрякова Е.С. Язык и знание. – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 560 б.
70. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М: Советская энциклопедия, 1968. – 608 б.
71. Волков В.В. Введение в психолингвистику. – Ужгород: Ужгородский государственный университет, 1994. – 202 б.
72. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М: Русские словари, 1996. – 416 б.
73. Якубинский Л.П. Избранные работы: Язык и функционирование. – Москва: Наука, 1986. – 205 б.
74. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М: Смысл. Академия, 1999. – 288 б.
75. Черкасова Г.А. Квантитативные исследования ассоциативных словарей / Г.А.Черкасова // Общение. Языковое сознание. Межкультурная коммуникация. Сб. статей. – Калуга, 2005. – 227-244 Б.
76. Стернин И.А. Некоторые актуальные проблемы современной концептологии / И.А. Стернин // Лингвоконцептология. Вып. 2. – Воронеж: Истоки, 2009. – 25-39 Б.